

В. ҚОШҚАРОВ, О. МАХМУДОВ, З. ЗАМОНОВ

РУХАНИЯТ НЕГІЗДЕРІ

*Орта білім беру мекемелерінің
10-11-сыныптары үшін оқулық*

1-басылымы

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі
тарапынан бекітілген*

Ташкент
«Yangiyo‘l Poligraf Servis»
2017

УО'К: 17=512.133(075.2)

КВК: 71.04

Вахобиддин, Қошқаров.

Q 97 Руханият негіздері 10-11-сынып: Орта білім беру мекемелерінің 10-11-сыныптары үшін оқулық / В. Қошқаров, О. Махмудов, З. Замонов. — Бірінші басылым. — Ташкент.: «Yangiyo'l poligraf servis», 2017. - 144 б.

ISBN978-9943-4936-1-2

УО'К:17=512.133(075.2)

КВК:71.04ya721

Жауапты редактор:

А. Холбеков — социология ғылымдарының докторы, профессор.

Әдіскер:

Н. Исматова — Республика Білім орталығы, Әлеуметтік пәндер бөлімінің бастығы.

Пікір жазғандар:

Ш. Тораев — Республика Ұлттық идея мен идеология ғылыми-практикалық орталығы директорының орынбасары, пәлсапа ғылымдарының кандидаты;

Д. Бозоров — ӨзҮУ «Пәлсапа және логика» кафедрасы доценті;

А. Холов — Өзбекстан Республикасы Президент құзырындағы Мемлекет басқару академиясының аға ғылыми қызметкери;

М. Холикова — Ташкент қаласы ПМКДТАИ кафедрасы менгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты;

Д. Эргашева — Ташкент қаласы Сіргелі ауданы 8-санды жалпы орта білім беретін мектептің «Руханият негіздері» пәні оқытушысы.

Республика білім орталығының «Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздері» пәні бойынша ғылыми-әдістемелік кеңесі тарапынан баспаға ұсынылған.

Республика мақсатты кітап қоры қаржылары есебінен басылды.

© В. Қошқаров, О. Махмудов, З. Замонов. 2017.

ISBN 978-9943-4936-1-2

© «Yangiyo'l poligraf servis», 2017.

Kириспе

Қадірлі окушы! Дүниеде әрбір нәрсенің өзегі, маңызы болады. Адамзат маңызын оның жаратушылығы, берік жігері, діні мен сенімі, басқаларға көмекке келуі, басына қайғы-мұң түскенде көңіл айтуы, қуанышына серік болуы, мейір-шапағаты, бірер сөзбен айтқанда әдемі рухани әлемді құрайды.

Солай екен руханият адамның құлқы мен әдебінде қандай көрініс табады? Міне, мәселен, Сен өзіңнен үлken жастағыларға бірінші болып сәлем бересің, өйткені ата-анаң солай тәрбие берген. Үлгілі бағаларға оқуға ұмтыласың, өйткені ұстаздардан сондай білім алғансың. Оку орнында, қоғамдық жерлерде, жалпы ұятты, дөрекі сөздерді істептейсің, себебі бұған ішкі мәдениетің жол бермейді. Отанды сатпайсың, себебі ол ар-ожданды, өздігін сатқанмен тең! Бұлардың баршасы әдемі мінез-құлқың, көnlіліңнің рухани сұлулығы, ізгі сеніміңнің беріктігінің арқасында болады. Демек, руханият адамзат ішкі әлемінің әсем және құнды байлығы болып, адамдарды үлken жетістіктерге қарай жетелейді. Ал руханияты жоғары адамдардың көбеюі құшті азаматтық қоғамның дамуына себеп болады.

Тәуелсіздікке қол жеткізген Өзбекстан халқы мен мемлекеті тарапынан жузеге асырылған экономикалық реформалар адамзаттық кеңпейілділік қасиеттері және жоғары ағарту сезімдерімен сәйкестікте алып барылды. Әсіресе, көне ескерткіштеріміз түптен қайта жөнделді, көне шығармалар, жазулар баспадан шығарылып, кең бұкараға ұсынылды, әдет-ғұрыптар, құндылықтарымыз қайта тіктелді. Мемлекетімізде жасап жатқан әр түрлі ұлт пен ұлыстардың ұлттық құндылықтары мен дәстүрлеріне жоғары ізет пен құрмет көрсетілді және т. б.

Бүгін мемлекетімізде ұлтаралық тыныштық, татулық және тұрақты ынтамақтастық нығаюда. Шындығында, Өзбекстан мемлекеті оның аумағында жасайтын барша халық, ұлт пен ұлыстардың мұдделерін бірдей қорғайды, бірдей қолдан-қуаттайды.

Рухани тұрғыдан даму, ұлттық өздігін тану тарихи сана мен тарихи ескертсіз дамымайды, берік қалыптаса алмайды.

«Жоғары руханият — жеңілмес құш» шығармасында, «...қазіргі күнде руханиятымызды сактау үшін не істеу қажет және оған қауіп төндіретін шабуылдарға нені қарсы қою керек, деп сұраса, мен алдымен осы елде жасап жатқан әрбір адамзат өздігін тануы, көне тарихымыз берін бай мәдениетіміз, ұлы бағаларымыздың мұрасын тереңірек менгеруді, бүгінгі жылдам өзгеріп жатқан

өмірдің болмысына саналы түрде қарап, еркін пікірлеуі және өлкеміздегі барша өзгерістерге қатыстылық сезімімен жасауы қажет», деп айтылған.

Міне, не үшін өлкемізде Еске алу және қастерлеу күні атап өтіледі, ұлы бабаларымыздың рухына жоғары құрмет көрсетіледі. Сол мағынада өлкемізде жаңа оқу жылының бірінші күні, яғни 2-қыркүйек санасы — Тәуелсіз Өзбекстан мемлекеттілігінің негізін салушы Ислам Каримовтың жарқын жадына арналуы да бекер емес.

Мақсатты жасап өтілген өмір мазмұнды және берекелі болады. Дәл сол сияқты өз алдына ұлы мақсаттар қойып жасап жатқан мемлекет те тарих беттерінде өшпес із қалдырады. Бүгін Өзбекстаннымыздың өркендеуін одан әрі жетілдіру жолында қабылданған Әрекеттер Стратегиясының негізгі мақсаты да халық мұдделерін қамтамасыз етуге, тыныш және жасампаз тұрмыс кешуіне қажет болған факторларды жаратуға қаратылғанымен мәнді.

Өзбек халқындағы бір-біріне деген мейір-шапағат, адалдық, үлкендерге құрмет, әсіресе, ата-ананы қадірлеу және олар қартайғанда қамқорлық жасау көптеген дүние халықтары үшін өнеге болып саналады. Біздің бұл құндылықтарымыз дәл жанұяда қалыптасып, соң қоғамның рухани дамуына үлес болып қосылады.

Президентіміз Шавкат Мирзиёев те рухани жетілудің нәтижесін жаңа басқышқа көтеру туралы тоқталғанда, «...біз үшін қасиетті болған жанұя негіздерін одан әрі бекемдеу, жанұяларда тыныштық-жайbaraқаттық, ынтымақ пен өзара құрмет ортасын жарату, рухани-агарту жұмыстарын анық мазмұнмен толтырудан құралуы қажет», деп ұқтырады.

Атальыш оқуышы-жастардың көңілінде ұлттық идея мен салауатты дүниеге көзқарас негіздерін сіндіру, оларды рухани шабуылдарға қарсы табанды тұрып беруге сенімді болған ер жүрек, патриот, отансүйгіш адамдар етіп тәрбиелеу мақсатында руханияттың негізгі маңызына кіріп баруға әрекет жасалды. Әрбір тақырыптың басында белсенді болу үшін сұрақ пен тапсырмалар берілген. Кейбір жайттарда және мысалдар Сен және құрдастарының өмірінен келтірілген. Бұлар сениң төменгі сыныптарда алған білімдерінді жатқа алуда өзіне тән емтихан міндетін өтейді.

Бұдан тыс, әрбір тақырыптың соында «Сабактың нәтижесі» және «Чистон-жұмбак» берілген. Оларды көңіл бөліп оқы, «Чистон-жұмбактардың» жауабын жанұя мүшелерінмен бірге талқыла. Олар дүниеге көзқарасың, пікірлеуіңің одан әрі кеңеюіне қызмет етеді, деп сенеміз.

Қадірлі оқушы! Авторлар ұжымы «Руханият негіздері» пәнін мұқият және терең менгеруде сәттіліктер тілейді.

1-§

Руханият— шексіз күш



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРАТЫН СҮРАҚ ПЕН ТАПСЫРМАЛАР :

1. Бұл суреттер негізінде руханиятқа сипаттама жаса және руханиятқа әсер ететін факторларды түсіндір.
2. Руханият қашан жеңілмес күшке айналады?
3. Тарихи киелі жерлерге барғанында көнілінде нелерді сезесін? Қандай рухани қуат алдың? Не үшін мұндай жағдайдың болуын ойлап көрдің бе?

P

Руханият — адамзаттың санасына әсер ететін, оның дүниеге көзқарасы, ойлау тәрізін белгілі бағытқа салатын шексіз күш.

Руханияттың негізін қоғам, ұлтқа тән рухани, мәдени және материалдық негіздер, дәстүрлер, құндылықтар, тұрмыс тіршілікті, идеялар мен көзқарастарды топтастыратын ұғымдар құрайды.

Адамзат руханиятының қалыптасуында тарихи ескерткіш жеке мәнге ие. Таңертең ұйқыдан оянған адам кездейсоқ өзінің кім екендігін, аты-жөнін ұмытып қойса, айналасындағы жақын адамдарын танымай қалса, бұл жағдай сол адамға, оның жанұясы үшін ұлken трагедия.

Егер ұлт өзінің кім екендігін ұмытса, бұл сол ұлт үшін ұлken апат болып есептеледі.

Дүниедегі зорлықшыл және жауызды құштер қайсы бір халық немесе мемлекетті өзіне бағынышты етіп, бойсұндыруы, оның байлықтарына иелік етпек болса, алдымен оны қарусыздандыруға, яғни ең ұлы байлығы болған ұлттық құндылықтары мен, тарихын және руха-



ниятынан айыруға ұрынады. Ал өздігін жоғалтқан ұлт, әрдайым құлдыққа салынады.

Өз халқы мен елінің тарихын терең білу, оны тыныссыз үйрену, бабаларының сауапты жұмыстарын талапқа сай етіп жалғастырған тәрізде бай мұрасын сақтап қалу, өткеннен қорытынды шығару, тарихта болып өткен оқиғаларды дұрыс бағалау, олардың салдарын дұрыс түсіну кемеліне келген адам өмірінің мазмұны болып табылады.

Адам өзінің тарихи жадына ие болмай тұрып өмірінде болып жатқан әлеуметтік өзгерістердің маңызын түсініп жете алмайды, болашағын дұрыс көз алдына келтіре алмайды. Сол үшін де қоғамның әрбір мүшесі



ТАЛҚЫЛАУ ҮШІН

1. Аталмыш хикаяны оқың: «Отан — жанұя — әulet» аталмыш үш ұғымының маңызын түсіндір.
2. Еш ойлап көрдің бе? Не үшін дәл қария жастағылармен сұхбаттасқанымызда «кімнің перзентісің, ата-анаң кім, шежіренді, үлкен бабаларыңды білесің бе?» — деп сұрайды?

ӘУЛЕТТЕРДІҢ ДАМУЫ

Халқымызда «Отан табалдырықтан басталады», дейді. Табалдырық бұл — үй, жанұя, дегені. Ал белгілі бір жанұялардың үрпақтары әulet есептеді. Қайсыбір, әulet мүшелері ел-жүрг мұддесі жолында қызмет етіп, халық арасында абырой бедел тапқан, бұл жол қалғандар үшін өнеге болады. Бірақ әр қандай жанұя, әulet те өз-өзінен міне сондай беделге ие болуы қиын. Мұның үшін, бұл әuletке тиісті болғандар оның өркендеуі үшін алғаш рет «жол ашады», ал басқа бір мүшесі бұл дәстүрді мазмұнды түрде кеңейтіреді.

Мәселенің қажетті тарапы — әuletтер абыройын сақтап, бұл абыройлы жұмысты жалғасыратын үрім-бұтақтарын көмелетке жеткізуден тұрады...



Руханият—адамды рухани тазалану, шын көңілмен ұлғаюға шарлайтын, адамның ішкі дүниесі, жігерін берік, наным-сенімін бүтін ететін, ар-ожданын оятатын шексіз күш, оның барша көзқарастарының өлшемі болып табылады.

Сі өзінің өткенін жақсы білсе, мұндай адамдар әр түрлі нағымдардың әсеріне түсіп қалмайды. Тарих сабактары адамды қырағылыққа үйретеді, жігерін бекемдейді.

Руханияттың негізі мен мағына-мазмұнын белгілейтін негізгі ерекшеліктері — адамның жан тазалығы және шын көңілден ұлғаюы болып табылады.

Өмірімізде адаптация таза жасау сияқты кеңпейіл қасиеттерден бүтіндей алыста жасайтын, өмірдің мән-мазмұнын өзінше талдау жасайтындар да бар. Олар өздерін басқалардан жан-жақты жоғары қойып, бақыт құсы басына қонғандай сезінеді. Мұндай жағдайларды бақыласаң көңілінде ешқандай екілену және күмән пайда болмасын. Өйткені, киелі кітаптарымыз бен құндылықтарымыз, ұлы ойшыл бабаларымыз мұрасы бізді әрдайым адаптациян жасауға, ержүрек-тілік, жомарттық пен сыйрайтылғыққа шақырады.

Тура сөздік, ададық, тырысқақтық, үміткерлік, үнемділік, еңбексүгіштік, жеке үлгі сияқты жақсы қасиеттері мен ерекшеліктерге ие болу, оларға әрдайым мән беріп жасау — кемел адамның рухани байлығын белгілеп беретін негізгі мөлшерлер болып саналады.

Бүгінгі жылдам заманда шынайы руханиятты және білімді адам ғана өзінің ұлттық құндылықтарын жетілдіру арқылы ұлттық өздігін терең тануы, еркін және азат Өзбекстанның дүние ынтымақтастығында өзіне тән орын илелеуі үшін ұлтжандылық көрсете алуы мүмкін. Мемлекетімізде адаптация таза жасауды өзі үшін өмірлік сенім, жоғары мақсат деп білетін отандастарымыз көпшілікті құрайды. Дәл сондай адамдар және олардың ізгі жұмыстары нәтижесінде




БІЛІП ҚОЙ

Тарихи есткерткіштің жауапкершілігін терең сезіну, қоғам алдындағы тиістілік, ұрпақтар алдында өз борышын орындау міндеттін қалыптастыратын тәрбие, «Кеше кім едік, бүгін кім болдық», деген бағыт.

«Адамдар!
Ең алдымен игі әдепке ие болуға әрекет жаса, әдеп заңын негізі». **Пифагор**



1



2



3



4

бұл жарық әлемде руханият әрдайым тұрақты болып келуде.

Адамзат тарихи руханиятсыз адамда ешқашан адамлық, мейір-шапағат сияқты қасиеттер болмайтындығын дәлелдейді.

Руханиятты түсіну, тану үшін алдымен адамзатты түсіну, тану керек. Руханият адамның санасына, жылдар барысында ананың сүті, жануя тәрбиесі, ба-балардың өсіеті, Отан сезімі, өмірдің кейде ащы, кейде қуанышты сабактарымен бірізділікпен болып сіңіп барады. Әсіреле, табиғатқа, адамдарға жақындық, әрдайым жақсылықты ойлап жасау, адал еңбек ету, дүниенің теңсіз жемісі мен сұлулықтарынан сүйсіну руханиятқа рухани азық береді, оны одан әрі қүшеттіреді.



ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Руханият қалайша адамның ішкі дүниесі мен жігерін мықты, наным-сенімін бүтін етуде көрініс табады? Пікірінді 1-, 2-, 3-суреттермен байланыстырып негіздел бер.
2. 4-суретте берілген көрініс сенде қандай пікір оятты? Мұндай жағдайдың алдын алу мүмкін бе еді?
3. Бүгінгі күнде руханиятқа қандай қауіп-қатерлер бар?
4. Мәтінді оқы және ондағы әлеуметтік, экономикалық, мәдени көзқарастар, түсініктер туралы пікір білдір.

Руханият — адамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени көзқарастарын белгілеп беретін қажетті құрал.

Руханиятты қалыптастырыатын негізгі факторлар рухани мұра, мәдени байлықтар, көне тарихи ескерткіштер болып табылады. Соның қатарында дін әдебі, ғылымның өркендеуі және оның адам руханиятын қалыптастырудагы орны қажетті болып есептеледі. Кемел перзент тәрбиесін махалла, жсануя, тәлім-тәрбиенің үйлесмділігінсіз елестете алмайсын. Дәл солар адам руханиятын қалыптастыруда негізгі өлшемдер болып табылады.

Біздің көне және сұлу өлкеміз тек қана Шығыс емес, бәлкім дүние цивилизациясы бесіктерінің бірі болып табылады. Себебі ұл киелі өлкемізде қанша-қанша ұлы адамдар, ғалым-ғұламалар, сайыпқыран қолбасшылар шыққан.

Олар жалпы адамдық цивилизация мен мәдениеттің үздіксіз бөлігіне айналып кеткен, дүниелік, әсіресе діни білімдерді тарихи түрғыдан ең жоғары басқышқа көтерген.

Сабактың нәтижесі. Жігері мықты, иманы бүтін, ізгі сенімі берік, ожданы оянған, рухани таза болған адам қоғамымыздың рухани әлемінің гүлі, қасиетті адамдардың көшбасшысы саналады.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШИН СҰРАҚТАР

1. «Халықтың ең ұлы байлығы» дегенде нелер на- зарда тұтылады?
2. Ислам Каримовтың «Жоғары руханият — жеңілмес күш» кітабынан руханиятқа тән түсініктерді оқып тақырыппен байланыстыр.
3. Адам руханиятының өлшемі неде деп ойлай- сың?



ЧИСТОН-ЖҰМБАҚ

Баршаға бірдей жағады. Ол кім?

Рухани өмірде де практикалық өмірдегідей, кімде-кім білімге сүйенсе ғана кемелдік табады және табыстарға жете береді.

«Тафаккур гулшани»



2-§

Адам руханияты және өздігін тану



1



2



3



4



5



6



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТЫРАТЫН СУРАҚ ПЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Абдулла Авлонидің төменде берілген пікірін оқы: Аталмыш пікірді өздігін тану, адам бақыты, кемелдік сияқты түсініктемен байланыстырып түсіндір.
«Адамның жауғары икемді, егер жақсы тәрбие алып, бұзық қылықтардан сақтанаип, әдемі қылықтарға әдеттеніп үлгайса, әркімнің алдында сүйкімді, бақытты бір адам болып шығар».
2. «Адам өздігін танығандығы тәрізді оның руханияты да жетіліп барады» дегенде нені түсінсің?
3. Адам қоғамда жасаудан қандай рухани мұдделі? Оның барша ізгі қасиеттерін өлшеудің, шектеудің мүмкіндігі бар ма? Пікірінді дәлелдеп бер.
4. 2-,3-және 5-суреттер негізінде «адамзатты ізгілікке жетелейтін ғажайып зат» анықтамасына сипаттама жасап көр.
5. 1-,2-,4-,6-суреттердегі жігіт пен қыздарымыз мысалында «өздігін тану» анықтамасына сипаттама бер.



адамзат бұл жарық дүниеде, негізінен, бес нәрсеге, яғни «біз кімбіз», «қай жерден келдік», «қандай жұмыспен айналыстық», «не таптық», «қай жерге кетеміз» сияқты өмірлік сұрақтарға әр түрлі жауап табуға әрекет жасайды. Адамзат өздігін

танып барған сайын бұл сұрақтардың жауабын тауып бара береді.

Өздігін тану, бұл әдет-ғұрып, дәстүр мен құндылықтар арқылы жан тараптағылар, әлеуметтік-саяси процестерге болған қатынасын түсіну, тану дегені. Өздігін тану үш дәрежеде болады:

- **біріншісі,** жанұяда және оның ортасында индивидтің тұлға дәрежесі сияқты қалыптасып баруы;
- **екіншісі,** мектеп пен белгілі бір қоғамдарда окуы әрі қызмет алғып баруы арқылы басқалармен қатынаста болуы;
- **үшіншісі,** өзгелер тарапынан тұлғаның бағлануы, бақылануы және басқалар тарапынан қадірсізденуінде күзетіледі.

Сонымен қатар өздігін тану ұлттық сана мен ойлаудың жиынтығы, ұрпақтар арасындағы рухани агартуышылқы байланыстылық тіл арқылы көрініс табады.

Адамның адамилығын белгілейтін қажетті қасиеттердің бірі мәдени-рухани сапаларға ие болу.

Адамзат қоғамның гүлі. Ол қоғамды аbat етуі немесе керінше бұзыу мүмкін. Адамның еңбегі ол өзі жасап жатқан табиғи ортаны өзгерттіреді, материалды және рухани байлықтар жаратады, өз-өзін жетілдіріп барады.

Адамзат тірі екен, ниеті тек қана ұлы ізгі жұмыстарға бағытталған болса, мұнда ең бірінші кезекте оның жанұясына және жақын адамдарына мұdde же-



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Төмендегі мәтінді оқы: «Отансүйгіштік» түсінігін өз өміріңмен байланыстырып түсіндір.

Отансүйгіштік — адамзаттың кемістіктерін жасасырып, өмірдің жетіспеуішілігі және күрделі кездерінде жауапкершілікті мойынға алдыратын әрі ержүректілікке жетелейтін құдіретті күши.

«Адамзат өздігін тануы, нәсілін тереңірек білген сайын жүргегінде Отанға деген махабbat сезімі тамыр жайып, ұлғая бастайды. Бұл тамыр қанша-лықты терең болса, туылып өскен өлкеге махабbat та соншалықты жоғары болады».

Ислам Каримов

«Әрбір ұлттың дүниеде болмысын көрсететін айналы өмірі тіл мен әдебиеті. Ұлттық тілді жоғалту ұлттың рухын жоғалту дегені».

Абдулла Авлони

Адамдарға қаранды оларды біріктіруші бастауыш негіз адамилық, соның үшін де адамдар адамзат қатарына кіргендігі үшін өзара тыныштықта жасауы қажет.

ӘбуНасыр Фараби

«Бұл дүниеде адамдардың дертері мен тәшпіштерін ойлап жасау — адамилықтың ең жоғары өлшемі».

Шавкат Мирзиёев



ТАЛҚЫЛАУ ҮШІН

1. Адамзаттың өздігін тануында ғылымның орны неден тұрады?
2. Төмендегі мәтінді оқы: Гегельдің білу және өздігін тану туралы пікірін тақырыппен байланыстырып түсіндір.

Білудің шындығы өзін тануда, өзін тани білудің негізі, өйткені басқа предметті әр қандай білудің бар екендігі өзін тануда болып табылады.

Мен білемін, яғни предмет менікі (ол менің көзқарасым), сол ушін оны білгенімде өзімді танимын».

теді, ал өзі рухани жетіліп, кемелдік дәрежесіне жетіп бара береді. Негізінде, кемел адамның ақыл-обы тек қана жасампаздық пен кеңпейілділікке қызмет етеді, көзі тек жақсылықтарды көреді, құлағы тек гибратты сөздерді есітуге икемді болады.

Адамның өздігін тануы қоғамда бар болған объектив жағдайлар мен субъектив факторлар негізінде қалыптасады. Бұл процесс қоғам мүшелерінің өзара қатынастары, олардың өмірлік тәжірибелері барысында жетіліп, өркенде жатқан құндылықтар тізімі ретінде күнделікті өмірде қажетті орын тұтады.

Білім — тәлім-тәрбиенің басы, бақытты, шаттықта жасау негізі. Адамилықты ұлықтаушы құндылық, сырлар тұңғығындағы дүние маңызынан бас тартушы құнды қазына болып табылады. Әрбір адам әдеп үйренуі, барша қажетті өнер мен білімдерді иелеп, дарынын жетілдіріп баруы қажет. Өмір деп аталағын өмір жолында ұшырайтын әр түрлі сынақ, қыншылық, проблемаларды жоюда менгерілген білім, дағды мен тәжірибелері оған әрдайым қажет болады.

Демек, адам неге әрекет жасаса — жақсылық болсын, жамандық болсын, алдымен, оны өзінің мұддесі үшін жасайды. Білім алу, пайдалы кәсіп үйренуден басқаның қамы болмаған елпілдек жастық кездерін, дарынды қабілет пен өткір зейінін қажетсіз және пайдасыз

жұмыстарға жұмсау — әрбір адам үшін өзін-өзі кешіре алмайтын қателердің бірі.

Ілімсіздік сондай ішмерездік батпағы, яғни ол адамның көnlіндегі үмітсіздік, ертеңгі күнге сенімсіздікті келтіріп шығарады. Ал ішмерездік батпағына батқан адам өздігін жоғалтады.

Сабактың нәтижесі. Адам — дүние маңызының маржаны, мағыналар мазмұны, таза көnlіл және нәзік мінез иесі, аққөnlіл иесі, адамзат баласын иглікке жетелейтін ғажайып зат. Бұл қайталанbastай жасау біr уақыттың өзінде бүкіл болмысты баққа айналдыру, жасампаз тұрмыс сапасын құру және сонымен қатар, жер шарын қырғындар майданына айналдыру құdретіне ие. Адамзаттың болмысы мен бітімі де міне сонда?



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШИН СҰРАҚТАР

1. Өздігін тануда тарихи естелік, ғылымның орны қандай маңызға ие?
2. Адам не үшін өздігін тануы қажет?
3. Өздігін тану және адамзат руханиятының арасында қандай байланыстылық бар?
4. Төмендегі хикметтерді оқы, оларды мазмұн маңызын өздігін тану ұфымымен байланыстырып көр:
 - a) «*Өзінді мәжбүрлемесең ешнәрсеге қол жеткізбейсің*»; б) «*Китап откеннен де болашақтан да хабар береді*»; в) «*Біреуді талқылау оңай, батыл болсаң, өзіңді-өзің талқыла*».



ЧИСТОН-ЖҰМБАҚ

Әркімнің де қолынан келмейді. Олар нелер?



ТАРИХҚА НАЗАР

«5 жасында сауаты шыққан, 10 жасында арифметика, алгебра, логиканы үйренген ұлы ойшыл Эбу Эли ибн Сина өзі туралы мынадай мәліметтерді қалдыրған. «Ертегі-кеш мен ғылымнан басқа жұмыспен айналысадым. Түнде алдымға шам қойып оқитын едім, жазатын едім.

Қатты үйқы басып, қалғып кеткенімде де күндіз бас қатырған мәселелерді ойлайтынмын. Көптеген мәселелерді мен үйқыда шештім. Барша пәндерді терең менгергенше сондай тәрізде өмір кештім».

Хамдам Садиқов.
«Суреттерде тарихи сюжеттер»



3-§

Жанұя руханияты



БЕЛСЕНДІЛКТІ АРТТЫРАТЫН СҮРАҚ ПЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Суреттерден пайдаланған тәрізде жанұя руханияты туралы өз түсінігінді айт.
2. Жанұяның қасиеттілігі немен өлшенеді ?
3. Жанұяға анықтама берілгенде, «Жанұя—Отан ішіндегі отан», делінеді. Сен бұл пікірге қосыласың ба, жауабыңды дәлелдеп бер.
4. Абдулла Қадыридің «Өткен күндер» романында жанұялық құндылықтар берілген қандай мәтіндерді оқығансың?



Жанұя — Отан символы. Себебі, жанұя мен отан ұғымдары тығыз байланысты. Отан сезімі жанұядан, ананың бауырынан басталады. Ал жанұя қоғамның әлеуметтік-рухани буыны болы есептеледі.

Жанұядагы орта адамның өзіне тән руханияты, дүниеге көзқарасы, елестету және сенімінің қалыптасуында, жетілудінде қажетті фактор. Адамның көңілі мен санасындағы ең таза, пәк сезімдері, алғаш өмірлік ұғым және елестетулері, дәл жанұя бауырында қалыптасады.

Халқымызда адамның қандай екендігі, оның өзін ұстауы, тәрбиесі, мінез-құлқы жанұясына болған қатынаспен бағаланады. Ал бұл оның қоғамда өз орнын табуында қажетті болады.

Жанұяда жазылмаған сондай заң-ережелер бар, яғни оларды неше ғасырлар барысында ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, ажарланып келе береді. Үлкендерді құрметтей, кішілерге қарағанда іззетте болу, болашақ ұрпақ туралы қамқорлық жасау әрдайым жанұяның негізгі

ережелері болып келген.

Бұл қасиетті жерде тек қана перзент дүниеге келеді, бәлкім мағына жағынан және әдептілік түрғыдан жақсы тәрбие иесі болған адам кемелге жетеді. Жанұя сондай мекен, яғни онда ұрпактар кемелденеді. Бабаларымыз ежелден жанұя бекемдігі, салауатты ұрпактың жарапуы жолында әрдайым назарда болған. Мұндай идеялар ұрпактар көнілі мен жан дүниесіне сіндіріп барылған.

Жанұя мүшелері арасында өзара құрмет, мейір-шапағат және қайырымдылық факторлары салауатты ортаны жаратады. Дегенмен, салауатты тәрбие ретінде жанұя мүшелері арасында өзара жекелік, пікірлер сәйкестігі, мақсаттардың бірегейлігі жүзеге келеді.

Перзент тәрбиесі! Каншалықты айқын, құбылысқа толы, адамзаттық мәміле қатынастары жиынтықталған бұл ғибратты сөзде. Жақсы перзент — ата-ананың құнды мүлкі, көңіл гауһары, бақытты қупиясы және үлкен өнер табысы. Оның кемелінен ата-ананың көңілі нұрлы болады, өмірі сүйсінушілікке толады. Бұл абырайға ие



ТАРИХҚА НАЗАР

Темури шахзадалардың тәрбиесі негізінен олардың аналарының жауапкершілігінде болған.

Сараймұлханым Шохрух Мырза, сүйікті неберелері Мұхаммедсұлтан Мырза, Халил-сұлтан Мырза және Ұлықбек Мырзалардың тәрбиесімен шұғылданған.



ТАЛҚЫЛАУ ҮШІН

1. Берілген мәтінді оқы. Мәтіндегі «береке, үлгі, тәрбие, молшылық, шаттылық» ұғымдарына өз қатынасынды білдір.
2. «Перзент әдемі тәрбие мұрагері» дегенде нені түсіндін? Сен мұнда қандай мұраға иесін?

ТАТУ ЖАНҰЯ — ҚОҒАМ ТИРЕГІ



Жанұядада ата — береке, үлгі символы, анының — мейір-шапағаты, тәрбие ошағы, ал перзент, әдемі тәрбие мұрагері. Дәл сондай үйде молшылық, шаттылық, өзара құрмет пен татулық жиналған. Мұндай ортада кемелге жеткен перзенттен барша мұдде табады. Мұндай жанұялар кемелі нәтижеде қоғам жасам-паздығына сай үлес қосады.



болғандар күрмет пен іззет тәжін киеді, дұниеде да-нышпандарға айналады. Керісінше, тіл алмайтын пер-зенттің орынсыз әрекетінде ата-ананың денесі бүгіледі, ділі өкпелейді, тәрбиеде жіберген қатесі нәтижесінде өкіну дертіне душар болады.

Шынында, адамның бақытсыздығы, оның тәрбиесіздігінде. Тәрбиесіз адамда рухани жетілу болмайды,



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Берілген суреттерде жанұяларға тән болған қандай құндылықтар көрсетілген?
2. Сенің жанұянда бұл құндылықтардың қайсы бірі бар?
3. Бұл хикаяда қандай құндылықтарымыз тілге алынады? Бұл құндылықтардың қалыптасуы мекені қай жерде?

«ГИРГИТТОН ӘЖЕНИҢ ЖАПОН НЕБЕРЕСІ»

«... Хай-хай, гиргиттон, тиме, тиме, жаңғаққа! — Солай деп тез жүріп келді де, қолымдағы жаңғақтарды алып, тәмен қабырғадан асып алысқа лактыра бастады.

Кейін газон арасында жатқан басқа жаңғақтарды да еңкейіп теріп, қабырғаның артына таставады. Әженің мұндай «қызғаншақтығына» таң қалып тұрып қалдым. Сөйтіп төгілген жаңғақтар қалмағанына сенім білдіргеннен кейін, қолымнан жетеледі. «Жүр, гиргиттон, саған басқа жаңғақ беремін!» Солай деп тәмендеу бастырмаға алып кірді де, себette үйіліп тұрган жаңғақтардан қуыстап алып, тақиямды толтырып берді...»

**Откір Хашимов,
«Дафтар хошиясидаги битиклар»**

пікірлеу дәрежесі дамымайды. Онда отанға, жанұяға сатқындықта бейімділік сезімі қалыптасып барады. Мұндай адам негізінен «жалаңаш» болып, дәл әдемі әдеп, ғибратты әдепке негізделген тәлім-тәрбие оны «киінтіреді», көрік береді, жетілдіреді, рухани қемелетке жетелейді.

Қай жерде жанұя тәуелсіздігі қүшті тәртіп және тәрбиеге таянса, мемлекет пен ұлт та соншалықты қүшті және тұрақты болады. Дүниеде болатын әр қандай өзгерістер, ол экономикада болсын, рухани-саяси салаларда болсын, өз әсерін алдымен жанұя ортасында көрсетеді.

Әрбір ұлттың бақыты мен көркеюі, әлбетте, сол халықтың ішкі тәртібі әрі татулығына тікелей байланысты. Тыныштық, татулық, сол ұлт жанұяларының тәртібіне сүйенеді.

Өзбекстанда жанұя мемлекет қорғаудында. Дегенмен, жанұяға қамқорлық жасау, оған жан-жақты материалды және рухани қомек беру адамилық демократиялық құқықтық мемлекеттің қажетті міндеттерінің бірі болып саналады.

Өзбекстан Республикасы Конституциясының «Жанұя» деп аталған XIV-тараудың 63, 64, 65, 66-баптарында жанұя қоғамның негізгі буыны, екендігі, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі, ата-ана қартайғаннан кейін, оларға материалдық және рухани жақтан қамқорлық жасау әрбір перзенттің борышы екендігі кепілденіп қойылған.

Сабактың нәтижесі. Ата-ана мен перзент қатынастарындағы негізгі мақсат төмендегідей болуы қажет: ата-ананың беделі— перзенттің кәміл адамзат ретінде қалыптасуына, қоғамда өзіне сай орын табуына қызмет етеді. Перзенттің қоғамда тұтқан орны — ата-анасының абыройының одан әрі жетілдіруіне себеп болады. Сол үшін де ата-ана ғибрат ұлгісі делінеді.



БІЛІК ҚОЙ

Дүниеде әр жылы 15-мамыр «Халықаралық жанұя күні» ретінде атап өтіледі. Мемлекетімізде 1998-жыл — «Жанұя жылы» деп аталған. 2012-жыл «Берік жанұя жылы» деп жарияланды.

«Егер бір мемлекеттің тұрғыны әдепсіздік және жауыздықпен жанұялық қатынастарды әлсіретіп жіберсе және тәртіпсіздікке жол берсе, сонда бұл ұлттың бақыты мен өмірі шүбә астында қалады».

**Абдурауф
Фитрат**



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШИН СУРАҚТАР

Күндердің бірінде мен жақын досымның үйіне қонақша бардым. Досыммен дастархан үстінде хал жағдай сұрасып үлгерместен, бірден жаңбыр жауып кетті. Науага жапырақ тығызып қалған ба яки басқа себептен бе, үйдің шатырына түскен жаңбыр шашырап барлық жерді су қылышпен жиберген еді. Бұл жағдайды көрген досым дереге баласын шақырып, науаны жөндең қою керектігін бұйырды. Бірақ досымның баласы атасының сөзін есітіп, үйіне қарай қайтып кіріп кетті. Бұл жағдайды көрген досым, маган жүріңіз біраз сыртқа шығайық деді. Біз аулага шыққан едік, досымның баласы дереге шатырга шығып науаны жөндең түсті.

1. Бұл хикаядан қандай қорытынды жасауга болады? Үй иесінің баласы атасының сөзін орындауды ма? Мұның үшін онда қандай негіз бар еді? Хикаяны «Атасы бар үйдің шатырына шықпайды», деген мақалмен байланыстырып түсіндір.
2. «Бүгінгі күнде дүниенің кейбір аймақтарында ұлттың ғасырлық құндылықтары, ұлттық идеясы мен тұрмыс салтын ізден шығарып жатқандығы, әдеп, жануя және қоғам өмірі қауіп астында қалып жатқандығын бақылауга болады», деген пікірге қатынасынды білдір.
3. Саналылық дегенде нені түсінесін? Жануяда ата-ана, аға-іні, әпке-сіnlі қатынастары қалай қалыптасады?
4. Жануяның мемлекет қорғауында екендігі көрсетілген заңдар мен зандық құжаттарын тап және пікір білдір.
5. Төменде қалдырып кеткен жерлерді қажетті сөздермен толтыр.
Жануя мүшелері арасында өзара .., мейір-шапағат және .. факторларды салауатты ортаны жаратады.



ЧИСТОН-ЖҰМБАҚ

Дәрі, бірақ пайдасыз. Ол кім?



4-§

Қоғам руханиятының қалыптасуында махалланың орны



БЕЛСЕНДІЛКТІ АРТТЫРАТЫН СҮРАҚ ПЕН ТАПСЫРМАЛАР :

- Көрші аулада жиын болып қалды. Көршілер дереу шығып көшелерді, аулаларды тазалап адамдар келуі үшін орын дайындаі бастады. Біреулер үйінен көрпелер алғып шықты, біреулер үстел-орындықтарды тасумен әуре еді. Алдыннан дайындалған дәстүр сияқты барша өздері біліп жұмыстарын істеуде еді.
 - Көрші қызға сауши келді. Қыздың анасы үйде болмағаны үшін көрші мұнан хабардар болып дереу шығып, дастархан жазды және жарық жүзben саушыларды күтіп алды.
 - Махалла ақсақалдары жиынынан қайтып жатқан қариялар көше басындағы науайханадан төрт әдемі піскен нанды алғып, бірнеше аптадан бері сырқаттығынан үйінен шыға алмаған Самиридин атандың халінен хабар алу үшін үйіне барды.
1. Аталмыш этьюдтарда қандай құндылықтарымыз тілге алынған? Бұл құндылықтарды кім ойлад тапқан?
 2. Сенің де махалланда сондай дәстүрлер бар ма? Берілген суреттер арқылы пікірінді дәлелдеп бер.
 3. Сен де махалладагы асарларда қатысасың ба, бұған сені не мәжбүр етеді?
 4. Не себептен махаллаға «құндылықтар бесігі» деп баға бергендігі туралы өз пікірінді айт.





ындаған жылдар барысында Орталық Азия аймағы әр түрлі діндер, мәдениеттер және тұрмыс салты тұтасқан түрлі ұлт, ұлыстар тыныш-тату жасаған мекен болып келді. Бұл дәуірде адамдар арасындағы қатынастар нәтижесінде сабыр, бауырмалдық, мейір-шапағат, адалдық пен күн кешіру сияқты құндылықтар қалыптасты.

Отанымыз тарихы қуәлік береді, яғни өзбек халқы үшін қоғам болып жасаудың сыналған жүйесі махалла болып табылады. Махалла аудандар ішіндегі кіші аймақтық бірлік болып, өткеннен мұра болып келуде.

Белгілі бір махаллада жасайтын адамдар тек көршілік қатынастарымен гана емес, бәлкім ішкі тәртіп-ереже, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, жалпы мұddeлдер мен міндеттемелермен де байланысты. Махалла өмірінің қоғам болып жасауы қоғамдық негізінде қызмет жүргізетін өзін-өзі басқару тізімін келтіріп шығарды. Махаллаға оның аумағында жасайтын тұрғындар тарапынан сайлап қойылатын ақсақал басшылық еткен.

Махалла рухани құндылықтардың тағы бір құдіретті деректемесі дәстүрлі жанұя және туыстық қатынастары әдебі қалыптасқан мекен. Бұгінгі күнде



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Өзбекстан Республикасының Конституциясынан махалламен байланысты баптарды тап. Махалланың өміріміздегі орнын түсіндіріп бер.
2. Өзінді махалладан сыртта көз алдына елестете аласың ба? Пікірінді дәлелдей бер.

Әнuar мектептен қайтып жатқан еді. Қошесінің басына жеткенде оның мұрнына газдың ісі келді. Газдың ісінен бірден басы айналды. Лезде сол жерден өтіп кетті де, үйіне барып бабасына бұл туралы айтып берді. Ал бабасы қане, қай жерден мұнданай іс келуде, деп Әнuarды қөшениң басына бастап кетті. Олар оқиғаның жеріне жетіп келді. Бабасы лезде 104 нөміріне телефон соғып, оқиға туралы хабар берді. Шындығында да газдың құбыры өткен жерде газ шығып жатқан екен. Мамандар лезде құбырды жөндейді.

3. Газ құбыры олардың үйінің алдынан емес, бәлкім көшениң арғы бетінен өткен және оларға зияны жоқ еді той. Әнuarдың бабасы не үшін бейма-заланды? Бұл оқиғаны Әнuar мен оның бабасына қандай тиісті жері бар?
4. Махалланың тұрғындарын не бірлестіреді?

дүние ынтымақтастыры тарапынан біздегі махалла басқару тізімі азаматтық қоғамының қажетті институты ретінде танылуда.

Махалладағы ынтымақтастық, тұрмыс салты, бір-біріне шын көңілден көмек беру, сондай-ақ көршісінің тағдырына тиістілік сезімі соншалықты халқымыздың санасына сіңіп кеткен, олар өнер, әдебиет, шығармашылық туындыларымыздан да бекем орын алған. Міне мәселен: «Махаллада ду-ду әңгіме», «Сүйінші» кинофильмдеріндегі эпизодтар мұнда махалладағы құндылықтардың айқын көріне түскенін көреміз.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары — тікелей азаматтар тарапынан сайланатын органдар. Азаматтар жиынының төрағасы (ақсақалы) және оның кенесшілері сайлауы мемлекетіміздің әлеуметтік-саяси өмірінде қажетті орын тұтады. Бұл сайлау демократизм, жариялышық және тән сайлау құқы негізінде өткізіледі.

Біздің махаллаларда бағушысын жоғалтқан қария яки сырқат болып жатқан адамның қараусыз қалуы мүмкін еместігі де жоғары адамилық құндылықтардың бірі. Бұл мысалдар қоғамымыздағы көп қырлы не-



ТАРИХҚА НАЗАР

Тарихшы ғалым Наршахи «Бұхара тарихы» шығармасында мұнан 1100 жыл ілгері махалла халықтың басқару әдісі екендігін жазған еді. Ежелде махалла тек қана әлеуметтік, бәлкім әкімшілік-территориялық құрылым тәрізінде де тән алынған. Әлішер Науайдың «Хайратул-аббор» («Жақсы адамдардың таң қалуы») шығармасында төмендегі байт ұшырайды:

*«Shaharlar otini mahalot etib,
Bo 'ldi chu yuz shahar Hiri ot etib».*

Махалланың «қала ішіндегі қалашық» деген мазмұны жоғарыдағы тасбектен көрініп тұрышты, яғни орта ғасырларда, Нири деп аталған Герат қаласы жүз шағын «қалашық»—махаллалардан құрылған екен.



БІЛШЕҚОЙ

«Махалла» арабша сөзден алынған болып, «қала ішіндегі қала» мағынасын білдіреді.

2017 жыл 13 шілдеде Өзбекстан Республикасы Президенті Қаулысымен «Махалла ифтихори» тес белгісі енгізілді.

гізге ие болған зандылық болып, оған сай адамдар асар ұйымдастырады, махалладағы бұқаралық рәсімдер бірге алып барылады. Ең қажетті әлеуметтік оқиғалардың бірі болған жерлеу рәсімінің талқысы арқылы адамдардың өзара қатынастарына анық баға беру мүмкін. Мұндай кезде махалла соншалықты бірігеді, әрбір жұмыс қоғам мүшелері тарапынан кемеліне жеткен тәрізде орындалады.

Шындығында махалла — халқымыздың тұрмыс салты, рухани қажеттілігінен келіп шығып, идеологиялық санасты мен ойлауы, адамдардың өзара байланыстары, жанұялық қатынастарын қалыптастыратын, көршілік, құдашылық сияқты мәселелерді шешуші беймемлекеттік ұйым болып та есептеледі.

Сабактың нәтижесі. Махалла бүгінгі күнде рухани-тәрбиелік мекен ретінде, қоғам және мемлекеттің демократиялық дамуына өзінің елеулі үлесін қосуда.

Өзбектің той-жындары ұлт таңдамайды. Мереке шараларында әр түрлі ұлт өкілдері желкеме-желке тұрып бір-біріне көмек қолын созу да. Жақсы және жаман күндерінде бірге болады. Махаллаға күшті әсерге ие болған қоғамдық пікірі махалла жұртының құлқы, өзара қатынастарын әділет және рухани өлшемдер негізінде тәртіпке салады.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШІН СҰРАҚТАР

1. «Жанұя, махалла, білім мекемесінің ынтымақтастығы» концепцияда не үшін махаллаға жеке мән берілген деп ойлайсың?
2. Эскери кәсіп иесі болуды қалаған адамдарға құжат тапсыру үшін не себептен махалладан мінездеме алу талап етіледі? Пікірінді негізден беруге әрекет жаса.
3. Не үшін үйленуден алдын қыз яки жігіттің құлқы махалладан сүрістірледі?
4. «Өз үйінді өзің асыра», «Махалла — отан ішіндегі отан» ұранының қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі орны қандай?



ЧИСТОН-ЖҰМБАҚ

Сен туралы, сенсіз сөйлеседі. Олар нелер?

5-§

Адам және қоғам



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРАТЫН СҮРАҚ ПЕН ТАПСЫРМАЛАР :

1. Сен «адам», «қоғам» дегенде нені түсінесің? Өзінді қоғам мүшесі деп есептейсің бе?
2. Суреттердегі барша тұлғаларды біріктіріп, «қоғам» деген сөзге сипаттама жаса.
3. Қоғам қашан пайда болған деп ойлайсың? Қоғам тарихымен қызыққансың ба?



дам (араб. ұмыту) — әлемдегі басқа биологиялық барлықтардан ажыралып тұратын қажетті ерекшеліктерге, яғни ақыл, руханият, мәдениет, әдеп, ойлау, тіл және басқа өзгешеліктерге ие болған әлеуметтік құнелту.

Адамның өзіне тән болған негізгі қасиеттері, бұл — оның тәртіп-әдебі, тәлім-тәрбиесі, еліне деген махаббаты, оның тыныштығы мен өркендеу жолындағы жеке жауапкершілігі.

Адамзат нәсіліне тән болған ерекшелік — оның саналылығы, ойлай білуі, ақылақтық нормаларын ақылмен және физикалық тұрғыдан орындар алу. Басқа жанды пәрмендерден ешбіреуі адамдай өз қызметін тәртіпке сала алмайды. Шындығында, тек қана адамға бұйырылған жасампаздық, жаратушылық қасиеттері оны қоғам гүлтәжісіне айналдырады.

Қоғам адамдардың өзара қатынастары, байланыстарап жүзеге асырылатын топтар жиынтығы және қоғамы болады.





Эр қандай ұжым да қоғам бола бермейді. Бірақ кез келген қоғам ұжым есептеді. Адамзат қоғам мүшесі екен, сол әлеуметтік жағдайы ортасында жасайды. Демек, адамзат пен қоғам бір-бірімен тығыз байланысты: Адамзат қоғамнан тыс өзінің шынайы маңызын жоғалтады.

Қоғамдағы қатынастар қаншалықты бай, әр түрлі болса, оның рухани-мәдени сапалары да соншалықты берік болады. Қоғам жайлап дамып, азаматтық қоғамына айналады.

Адамдардың бұл қоғамда жасаудан мақсаты — берекетті тұрмыс кешіруден тұрады. Отанымыздан шыққан энциклопедист ғұламалар Әбу Насыр Фараби, Әбу Райхан Беруни, Әбу Әли ибн Сина, Әлішер Науай сияқты ұлы ойшылдар қоғамның пайда болуы, маңызы және болашағы туралы ілгерінді ғылыми көзқарастарды ілгері сүрген. Әсіресе, Әлішер Науай шығармашылығында дүниедегі ең үлкен байлық қазірет адамделінген.



ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Аталмыш суреттерде көрсетілген азаматтардың қоғаммен қандай байланыстылығы бар? Қоғамның белсенді мүшесі болу үшін қандай сапаларға ие болу керек?
2. Сен большакта қандай кәсіпті иелемекшісің? Сен иелемек болған кәсіп сені қоғамның толыққанды мүшесі болуына қаншалықты байланыстылығы бар?
3. Белсенді азамат деп қандай адамдарды атайдыз?

Оның пікірінше, бұқіл барлық, болмыс адам үшін, оның бақыты үшін қызмет етуі қажет. Бабамыздың бұл пікірлері қазірде де өзекті саналады.

Өзбекстанда қоғам өркендеудің негізгі міндеттерінің бірі, бұл азаматтардың, әсіресе, жас үрпақтың рухани дүниесін қалыптастыру және байыту, оларды ұлттық идея негізінде тәрбиелеу, халқымыздың мәдени және рухани мұрасы мен құндылықтарын иелеуі үшін қажетті жағдайлар жарату есептеледі.



«Адам өз жеке талаптары тұрғысынан басқалардан ажыраған тәрізде жасай алмайды, өйткені ол адамзаттың басқа өкілдерімен қатынаста ғана оларды қанағаттандыра алуы мүмкін. Қоғам мүшелерінің баршасы үшін мәжбүрлі-құқықтық зандар қажет болады. Қоғамның барша мүшелері еңбекпен шұғылдануы қажет».

Әбу Әли ибн Сина



ТАЛҚЫЛАУ ҮШІН

Атасы мейірден сұрапты:

— Сіз бір уақыттары Сасанилер мемлекетінің дана уәзірі болғансыз. Қазір де сізден шынышыл және дана адамды тауып болмайды. Айтыңшы, сасанилер мемлекеті не себептен күйреуге ұшырады?

— Мұның себептері: біріншіден, патшалар өз атырапынан дана және ақылды адамдарды алыстатып, мемлекет жұмыстарын сауатсыз және қабілетсіз адамдардың қолына тапсырып қойды. Екіншіден, патшалар өз кемелдігін халықтың әл-ауқатынан үстем қояды. Халықты ойламады, әділетсіздіктерге жсол қойды. Мұның нәтижесінде халық патшаны қолдамады, бас болған мемлекет дүшиптан тарапынан оңай ғана басып алынды.

«Хикметтер қазынасы»

1. Ақылды адамдар, дегендеге кімдерді түсінесін?
2. Мемлекет пен қоғамның бекемдігі үшін қандай факторлар қажет деп есептейсін?
3. Ғылымның дамуы қоғам жақсаруына қандай әсер етеді?



БІЛПІК КОЙ

Қоғам — белгілі территорияда жасаушы, өз қажеттілігі және мұдделеріне сәйкес бірлес-кен адамдардан құралған қоғам.

«Достықтың шынайы дәуірі тенденция; достық ешқашан ортаға мансабын ара-ластырмайды, барша уақыт тенденкті талап етеді.

**Этьен
де ла Боэси**

Сабактың нәтижесі. Адамдар бір-біріне қарағанда мейір-шапағатты, мәмілелі, ынтымақты, ілтиппатты болуынан тұрмыс жақсарады. Жанұя, махаллада өзара татулық жүзеге асады. Солай екен, қоғамның дамуы, өз кезегінде, адамдардың тек ізгі мақсаттар жолында жасауларына тікелей байланысты.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШИН СҰРАҚТАР

1. Алғашқы палеолит дәуірінде адамдар топ-топ болып үнгірлерде жасаған, табиғаттағы дайын нәрселерді — ағаштардың жемістерін, өсімдік тамырларын қазып жеп, тіршілік еткен. Соңғы палеолит ақырында болып өткен түп өзгеріс алғашқы топтың орнына алғашқы қоғам-ұрықшылық құрылымының жүзеге келуіне себеп болды. Туыстық анатомияның ұрығы шенберінде дайындалды, ол тарихта матриархат деп аталды. Бір әулеттен тараған адамдар қоғамы үлкен бір үнгірде яки бірнеше лашықтан тұратын жерде бірге жасап, бірге еңбек етіп, шағын бір мүлікке иелік еткен. Назар аудар. Бұл адамдарды не бірлестірген? Мұндай бірге жасауды азаматтық қоғамы, деп атау мүмкін бе? Пікірінді негіздел бер.
2. Не үшін азаматтық қоғамы адам өркендеуінің жемісі есептеледі?



ЧИСТОН-ЖҮМБАҚ

Гажайыпты ғажап. Ол кім?



6-§

Азаматтық қоғамында адам ойлауы



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРАТЫН СҮРАҚ ПЕН ТАПСЫРМАЛАР :

1. «Ойлау» дегенде нені түсінесін?
2. Өзінді жақсы пікірлейтін адам ретінде бағалайсын ба?
3. Қоғам дамуында адам ойлауының орны қандай? Пікір жүргіз.
4. Бұл суреттермен азаматтық қоғамы үғымы арасында қандай байланыстылық бар?



дамның ойлауы, тұрмыс салты, рухани көзқарастары өз-өзінен, бос жерде қалыптасып қалмайды. Олардың жүзеге асуы мен дамуында анық тарихи, табиғи және әлеуметтік факторлар негіз болады.

Ойлау процесі тек адамның санасымен емес, бәлкім көңіл-күйімен де тығыз байланыстылықта кешеді. Пікірлеушінің ішкі дүниесі қаншалықты бай болса, оның пікірлеу деңгейі де, әрекеті де соған жараса болады. Ондағы пікір-талқыда тіл арқылы баяндалады. Басқалар тікелей қабылдай алатын, сезінетін пішінге кіреді және адамдардың өзара пікір алмасу құралына айналады. Энциклопедиялық ойшылдар адам ойлау арқылы тәлім-тәрбиені дамытуы, өзін көмілдікке жетектеуін айттып өткен. Дегенмен, ойлау және руханият өзара байланысты, әрі бірін-бірі толтырады.

Әбу Насыр Фараби («Ақылды адамдар қаласы»), Әбу Әли ибн Сина («Медицина зандары»), Газзоли («Химия бақыты»), Әлішер Науай («Mahbub ul-qulub»)



«Қандай жұмысты қылмасын адамзат, ойлауменен қылар адамзат».

Әлішер Науан

Ойлау — араб. «пікір» сөзінен келіп шыққан болып, ойлау, талқылау, талдау және пікір жүргізу мағыналарын білдіреді.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Мектептен қайтып жатқан Баҳромжон, сым агашта электр сымы тізіліп жатқанын көріп қалды. Айналып өтіп кетпекші болды. Бірақ бұл жерден өтуи мүмкін болған жасас балалар мен қариялар көз алдына келді де, қол телефонымен 1050 — авария қызметіне телефон соғып проблеманы айтты. Проблема лезде шешілді.

1. Баҳромжон зейінсіз болғанында, оның салдары не болар еді?
2. Сен бұл жағдайда қандай жол ұстанған болар едің?
3. Ойлап көр, бұл оқиғамен азаматтық қофамы мен адам ойлауына қандай байланыстылық жағы бар?



ТАЛҚЫЛАУ ҮШИН

Мәтіндегі басқару мерзімі, ізгі жұмыстар, мемлекетті басқару сияқты ұғымдарды бүгінгі күндегі халық әкімшілігімен қандай ұқсастық жақтары бар?



«Алыс батыстағы қалалардың бірінде тұрғындары туралы нақыл етіледі, яғни ақсүйектер мен жер иелері аталмыш қаланы кезекпен-кезек басқарар еken. Ол жерде өлкені басқару ақсүйектер мен жер иелері арасында кезекпеп-кезек бір-біріне өтіп тұrap еken, кімге кезек келсе, сол үш ай үкім жүргізер еken. Мерзім аяқталуымен әрқайсы әмірші өзінен-өзі өлкені басқару амалынан түсіп, ризашылық үшін садақа береді және өз жұртының арасына қайтады. Ол кісеннен босағандай қуанады және өз жұмысымен айналысатын еді. Бұл соның үшін де мемлекетті басқару ләззаттан айырылу, деген сөз. Мұнда ол сол жердегі езушілерді езушілерге әділетті етемін, деп қалжырату дегені. Бұл өзін және қол астындағыларды қорғау үшін шара дайындау барысында өз жанын қинау болып табылады».

Әбу Райхан Беруни, «Минеорология»

Әмір тәрізі жолға қойылады. Адамның ойлауы — адамзат руханиятының құрамдық бөлігі, деп аталуы да бекер емес. Ой-өрісі жоғары адамзат қоғамның гүлтәжі, берік таянышы бола алады.

Азаматтық қоғамын дамытудың қажетті шарты да адамзаттар санасын, руханиятын өзгертуірү және дамыту — ойлауды жетілдіруден тұрады.

Адамзат бар, ол пікір жүрізу қабілетіне ие.

Адамзат пікірінің терендігі, тынықтылығы, логикалығы, еркіндігі, тәуелсіздігі, көркемдігі, шығармашылдығы ойлаудың сапа мен өлшемдері есептеледі. Адамзат ойлаудың дәл сол қалыптары арқылы дүниені таниды, оны өзіне тән тәрізде суреттейді, қорытынды шығарады. Ойлау салтының өзгеруі азаматтық қоғамын өркендетуге жол ашады. Сондай-ақ, қоғамның



БІЛІП КОЙ

Азаматтық қоғамы — кемел азаматтардан, яғни табиғи байланыстылықта болған әрі рухани-ақылақтық, құқықтық және саяси мәдениетке ие адамдардан тұратын қоғам..

«Ниетінді ол барша жұмыстар әркімнің ниеті дұрыс болса, оның амалдары да ниеті дұрым болса, оның амалдары да дұрыс болады».

**Әбу Тураб
Наршахи**



Жайыз және міндетсіз, адал дос. Ол не?



ОҚУ УШИН

Бір адам суға қармақ тастап түрған екен. Жанынан өтіп бара жатқан адам сұрапты: «Ей, аға! Балық аулап жатырсың ба?» «Мен тек балық аулап жатқан жоқпын, бәлкім бір уақыттың өзінде өткен өмірімді есептеп отырмын, күннің жарқыраған нұрларынан рақаттанып отырмын, судың ағуынан ләззаттанып жатырмын, осы уақытта сенімен әңгімелесіп жатырмын. Қысқасы, бір сөзben айтқанда, ойлаумен жасап жатырмын», деп жауап берген екен, ол данышпан...

экономикалық, саяси, мәдени, рухани өмірінде шығармашылық өзгерістер жасайды.

Демек, сол қоғамның белсенді азаматы болған әрбір адам өз ойлау салтын жетілдіру қажет. Бұл арқылы ол тек қана өзін, бәлкім ұлтты, мемлекетті дүниеге таңтып, теңдердің ішінде тең болып бора береді.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ УШИН СҮРАҚТАР

1. Азаматтың қоғамында адамзат руханияты қандай болады?
2. Әдебиет сабағында алған білімдеріңе таянып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.
 - Әлішер Науайдың қайсы шығармаларын оқығансың?
 - Әлішер Науай шығармаларында мемлекеттің тыныштығы, жасампаздығымен байланысты азаматтың қоғамына сай қандай идеялар ілгері сүрілген?
 - Әлішер Науайдың «Қоғамның негізін ағартушылық құрайды», деген пікірлеріне қатынас білдір.
3. Не үшін мемлекетімізде руханиятқа үлкен мән берілуде? Қоғам өмірін, рухани жаңаурын анық өмірлік мысалдармен негіздел бер.

«Перзентнаме»

7-§

Материалды және рухани өмір адамзат зейнеті



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРАТЫН СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Материалды және рухани өмір дегенде нені түсінесің? Аталмыш суреттер арқылы пікірінді дәлелдеп бер.
2. «Рухани өмір», «материалды азық», «адал адам» түсініктемелерін салыстырып ұқсас ерекшеліктерін айт.
3. Бүгінгі күнде мемлекетімізде материалды және рухани өмірді бірдей алып бару үшін қандай жұмыстар жүзеге асырылуда.
4. Не деп ойлайсың, материалды өмірдің өзімен жасап болады ма?



дамның күнделікті өмірі мен қызметінде материалды және рухани негіздер бір-біріне қарағанда қандай орын тұтуы, олардың қайсы бірі үстемдік етуі туралы әр түрлі, ал кейде кескілескен пікір және көзқарастар бар. Антикалық дәуір ойшылдары болған Сократ пен Аристотель, Эпикур мен Демокрит, қытай ойшылы Конфуций және басқа ғұламалардың кейбіреулері бұл жөніндегі теориялық көзқарастарында діни әлемді бірінші деп білсе, басқалары материалды әлемді негізгі орынға қояды. Бұл ежелгі дүние, біз жасап жатқан өмір жалғыз, жеке бір болмыс. Адамзаттың ішкі дүниесі, оған бұйырылған қасиет пен ерекшеліктерін соңына дейін тану, түсінудің өзі өте күрделі мәселе болса да, оны танып білуге әрекет жасап көреміз.



Біз әр күні үш немесе төрт рет тамактанамыз. Жыл мезгілдеріне қарап өзімізге сай болған киімдерді киеміз. Сондай-ақ, өзімізге қызықты болған фильмдерді, көрсетулерді тамашалаймыз және музыкаларды тыңдаймыз. Тағы бір нәрсе бар, яғни үйде болсын, мектеп кітапханасында болсын өзімізге қызық болған, бірер көркем шығарманы оқуды бастасақ, кітап кейіпкерлері жан-дүниесіне кіреміз. Егер де оқигалар ішіне қиялмен түсіп қалсақ, оны қолымыздан қоймаймыз. Қажет болса, қарнымыз ашқаны да есімізден шығып кетеді, аш қалғанымызды сезсек те, уақытты қызғанып кітаптан басымызды көтермейміз. Оқигалардың жеделдеуін және оның соңы немен аяқталуын білуге асығамыз.

Бұл жайтта материалды және рухани процестер өзара тоғыса келуде. Бұл екеуі де адам үшін керек. Адамзат бұл өмірде жасар екен, әрі материалды, әрі рухани қасиет пен белгілерін өзінде іске асырады. Адамзат жасауы және қызмет көрсетуі үшін ішіп-жеу, киіну сияқты материалды және мазмұнды өмір сүруі үшін рухани қажеттіліктерге мұқтаж болады. Сол үшін, әр екі ерекшелікке бірдей мән беру керек.



1



2



3



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

- 1 және 3-суреттер негізінде материалды өмірдің рухани ерекшеліктері неден тұрады деген сұраққа жауап беріп көр.
2. Қоғамды күйреуге алып келуі мүмкін болған жайттар түрғысынан негізделген мысалдар келтір

Гулноза махалла гүлзарындағы дүкенге кіріп, оны-мұны сатып алды, бірақ естілік жасап, алған өнімдерінің чекін сұрамады.

3. Гулноза азаматтық қағидаларына назар аударды ма?
4. Оның бұл әрекеті қандай проблемаларға себеп болуы мүмкін?
5. Сен дүкеннен сатып алғаныңда алған өнімдердің чекін сұрайсың ба не үшін? Пікірінді дәлелде.

Материалды және рухани өмірдің сәйкестігі — адам мен қогам өмірінде материалды әрі рухани негіздердің бір-біріне қарағанда сай екендігі, өзара байланыстылығы мен тәуелділігін көрсетеді. Материалды және рухани өмір бірін-бірі мойында майды. Олар өзара байланып, бірін-бірі толтырады. Адамзат бар екен, өз үміт мұдделерін жүзеге асыру, бақытты жасау үшін өмірін сол екі мөлшерге байланыстырады.

Мемлекетімізде адамдардың жақсы жасауы, қоғамның белсенді мүшесі болуы үшін материалды және рухани өмір мәселелеріне үлкен мән берілген. Себебі, қоғамның материалды және рухани өмірі адамдардың материалды және рухани қажеттіліктерімен табиғи байланысты түрде жүзеге асқан.

Қоғам өмірі материалды және рухани көрініске ие. Солай екен, қоғамның экономикалық дамуына қол жеткізуде руханиятқа, әсіресе, адамзаттың құқықтарына құрметпен қарau қажет. Бұл руханияттың істеп шығару, экономикалық дамумен табиғи байланыстылығын көрсетеді. Көрініше, қоғамда рухани-ақылақтық қатынастар құлдырауға ұшырайды, адамзаттың абыройы, қадірі мен құрметі жоғалады.

Тарихтан дәлел, өзінің жеке мүлкіне ие болған тұлға және мұндай тұлғалардан құралған қоғам өзін және жанұясын бағуга, сонымен қатар арттырған пайдасы есебінен өз туыстары мен мұқтаж адамдарға риясыз көмек беру, елі мен ұлтының тыныштығын сақтау және қорғауда жайбаракат жан күйдіріп еңбек етеді. Көрініп тұрғандай, яғни материалды және рухани өмір бірін-бірі толтырады, ортак адамдардың иғі қасиеттерді жүзеге асыруға үндейді.

Бүгін мемлекетімізде материалды және рухани өмірдің сәйкес түрде дамып баруына жеке мән берілуде. Әсіресе, экономикалық және рухани процестердің өзара сай тәрізде өркендетуге қол жеткізіп жатқандығы мемлекетімізде үстемдік құрып жатқан саяси-әлеуметтік, мәдени-ағарту жасампаздықтың дәлелі. Руханият пен материалды өмір бірін-бірі мойында мағандығы, бәлкім бірін-бірі қолдан келе жатқаны үшін де бүгін азаматтардың санасы өзгеріп, қоғам дамуда.

Баршамызға жақсы белгілі, отансүйгіштік әрбір мемлекет өмірінің негізі есептеледі және қоғамды жан-жақты дамыту барысында ең қажетті жұмылдыратын күш ретінде көрініс табады.

Шавкат Мирзиёев

Қоғам	
Материалды өмір	Рухани өмір
Адамдардың жасауы, тұлға ретінде кемелденуі үшін қажет болған экономикалық жағдайлар; азық-түлік, киім-кешек, мекен-жай, жанармай, коммуникация құралдары; материалды игіліктер істеп шығару, бөлу, алмастыру және пайдалану; материалды байлықтар, табиғи қорлар және т.б.	Әлемді түсіну, қоғам және адам туралы көзқарастар, білімдер, идеялар, ой, сана қалыптары, тәлім-тәрбие, ақпарат құралдары, мәдениет, ғылым. Көне тарихи ескерткіштер, сирек шығармалар, бейматериалды мәдени мұра және т.б.

Сабактың нәтижесі: Адамзат қызметінде екі қажетті фактор— материалды және рухани әлем өзара сәйкестеніп, қос қанатқа айналған жағдайда адам, мемлекет және қоғам өмірінде өсу-өзгеру, жетілу процестері пайда болады.

«Ақша игілікті тудырмайды, керісінше, игілік арқылы адамдар жеке өмірде де, қоғамда да ақша мен басқа байлықтарға ие болады».

Сократ



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШІН СҰРАҚТАР

- Егер адам бай болса, білімі, пайдалы кәсібі болмаса, жинаған үлкен байлығы қаншаға жетуі мүмкін?
- Руханиятты адамның тапқан байлығынан кімдер мүдделі болады?
- Бір адам әрі бай, әрі ақылды, әрі дана, әрі жомарт бола алады ма?

Байлық пен кедейлік ет пен тырнақ сияқты... Тек олар уақыт-уақытымен орын алмастырады. Сол үшін, бай болғаныңнан өте қуанба — ол өткінші. Жоқтықта көп қайғырма, бұл да өтпей қалмас... Егер адам ақылды болса, әрбір жақсы-жаман оқиға, кенеттен өзіне көректі қорытындыны шығарып алады...



ЧИСТОН-ЖҮМБАҚ

Сирек маталар. Олар нелер?



8-§

Азаматтық жауапкершілігі мен қатыстылық



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРАТЫН СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Азаматтық қоғамының белсенді мүшесі ретінде біз неге қатысты болуымыз керек?
2. Біздің жауапкершілігіміз нелерден тұрады?
3. Қатыстылық не? Ол қашан жүзеге келеді? Борыш, міндеттеме және қатыстылық бір-бірінен немен ажыралады?
4. Азаматтық қатыстылығы, азаматтық жауапкершілігі сезімен бұл суреттер арасында қандай байланыстылық бар?
5. 1, 4- және 5-суреттерде бейнеленген адамдар арасында қандай қатыстылық бар?
6. 2, 3- және 6-суреттерде бейнеленген адамдардың 1-суретте бейнеленген адамдар алдындаға борыштары мен жауапкершіліктерін ескеріп, олардың арасында қатыстылық қатынастарын түсіндір.



Әсіпкер сусын істеп шығарады. Ол жауапкершілікті сезініп адамдардың денсаулығына зиян жеткізбейтін, дара өнімдерден пайдаланады. Адамдар денсаулығын ойлап барша санитария гигиена және басқа тәртіп-ережелерге назар аударады. Жарамдылық мерзімін де қояды. Дұрыс, бұл міндеттерді бақылап тұратын мемлекет ұйымдары да бар, бірақ кәсіпкер өзінің қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінген тәріздеде өз ісіне шынайы, ар-ожданмен жандасады.



1



2



3



4



5



6



БІЛІП КОЙ

Қай жерде азаматтар қоғам алдындағы жауапкершілік және борышын сезінер екен, сол жерде қатыстылық пен белсенді азаматтық ұстанымы күшті болады.

Азаматтың жауапкершілігі — қоғамның ақылақтық талаптарын күнделікті қызметінде қолдай білу, оларға назар аудару яки аударма түсініледі. Бұл ұғым азаматтар құқық және міндеттемелерінің өзара сәйкестігін көрсетеді.

Адам өз борышын таныған сайын оның мойнында жауапкершілік сезімі артып барады. Қашан да адам жанұясы алдындағы борышын танып білсе, ол қоғам алдында жауапкер екендігін түсінеді. Қашан адам қоғам алдындағы борышын танып білсе, онда жеке қатыстылық сезімі пайда болады.



ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

«Азаматтар заңмен белгіленген салықтар және жергілікті төлемдерді төлеуге мәжбүр.»

1. Өзбекстан Республикасы Конституциясының 51-бабында белгіленген бұл ережені қатыстылық ұғымымен байланыстырып түсіндір. Пікірінді мысалдармен негізден бер.
2. Салықтарды өз уақытында төлемеу қоғам дамуына қандай әсер көрсетеді?
3. «Экономикалық білім негіздері» пәнінен алған біліміне сүйенген турде төмендегі сұрақтарға жауап бер:
 - ➔ салықтар не үшін жиналады?
 - ➔ салықтардан түскен пайда қандай мақсаттарға жүмсалады?
 - ➔ Мемлекет пен қоғамның дамуына, тыныштық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әлеуметтік қорғауды жүзеге асыруға салықтардың қандай тиістілігі бар? Бұл процестердің қамтамасыз етілуі Сенің өміріңе әсер етеді ме?

Азаматтың қатыстылығы — бірер қызметке, процеске қарым-қатынастық пен серіктестікке байланысты. Әрбір азамат Отан тағдырына жеке қатыстылық сезімімен жасаса, оның қоғам алдындағы борышы мен жауапкершілігі де күшейіп барады. Қатыстылық сезімі адамдарды бірлестіреді. Соны ескере отырып, Өзбекстанда 2017-2021-жылдарға арналған Мемлекетімізді өркендетудің Әрекеттер стратегиясында бес үстем бағыт белгілеп берілді. Бұлар:

Адамзат қай жерде туылған болса, сол жерге қарай сенім, үрпағына тән сезімі, аға-іні, әпке-сіңлілеріне мейір-шапағат рәмзі рухында жасауы керек.



ТАЛҚЫЛАУ ҮШІН

Жолдың шетінде жасы шамамен 60-тар шамасындағы бір адам ағашқа сүйеніп тұрыпты. Жанынан өте алмай жатқан адамдар немісрайдылықпен өтер еді, ешкімнің бұл адаммен жұмысы жоқ еді.

- 1) Сен сондай жағдайда қандай жол ұстанған болар едің?
 - а) Ағашқа сүйеніп тұрган адамның алдына барып, одан көмек қажет пе, деп сұраған болар едім;
 - ә) Көңіл бөлмес едім;
 - б) Уақытыма қарайтын едім. Егер уақытым болғанда, көмек берер едім.

(жалғасы) Ақбаржан мектептен қайтып жатқан еді. Ол: «Бәлкім сол адамның мазасы болмай жатқан шығар? Бәлкім көмек қажет болса керек?» деп ойлады да, жаңағы адамның алдына барып, оның хал-жағдайын сұрады. Ағашқа сүйеніп тұрган адам, жүргегі мазалап тұрғанын айтты. Ақбаржан бекетте тұрған адамдардың алдына барып, оқиғаны айтты. Біреулер қол телефонынан «шүғыл жәрдемге» қонырау соққан болса, тағы біреулер жаңағы адамның алдына келіп, оны ыңғайлы жерге отырғызуға ұмтылды. Жасы 40-тардан асқан бір әпке оның алақанын ұқалап, қалтасынан алған дәрісін іштірмек болды. Көп өтпей «Шүғыл жәрдем» машинасы да жетіп келді.

- 2) Ақбаржанның әрекетіне қатынасынды білдір. Сен мұндай жағдайда қандай жол ұстанған болар едің?



«Кімде-кім
пайдасыз өмірін
өткізді, еш нәр-
се алмай алтын
кеткізді».

Сағди Ширази

- Мемлекет және қоғам құрылышын жетілдіру;
- Заң ұстемдігін қамтамасыз ету және сот-құқық жүйесін одан әрі реформа жасау;
- Экономиканы одан әрі дамыту мен ырықтандыру;
- Әлеуметтік саланы дамыту;
- Қауіпсіздік, ұлтаралық татулық пен діни бауырмалдықты қамтамасыз ету, терең ойланған, өзара мұдделі және іс-жүзіндік рухтағы сыртқы саясат жүргізу сиякты мәселелерді қамтып алған.

Сабактың нәтижесі. Ойлап көр! Дүние тек тау-тастар, қыр мен далалар, кең шөлейттер мен сахара-лардан құралып, оның ұлы жасаушысы адам жаратыл-мағанда, әлем мұншалықты сұлу, өмір мұншалықты сүйкімді болmas еді. Солай еken, біз жасап жатқан заманда тағы да дамып, гүлденуі тек өзімізге, әр-біріміздің өз мақамымыздығы жасампаздық жұмыста-рымызға тікелей байланысты.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШІН СҰРАҚТАР

1. Не деп ойлайсың? Әрекеттер стратегиясын өз уақытында және тиімді жүзеге асыру үшін мемлекетіміз азаматтарының жеке қатыстыры қандай болуы керек?
2. Мемлекетімізді одан әрі дамытуда не үшін азаматтар жауапкершілігіне сүйенеді?
3. Жанұя, махалла және мемлекет, қоғам арасындағы қатыстық жауапкершілігі тізімін түз.

Қатыстық жауапкершілігі			
Жанұя	Махалла	Мемлекет	Қоғам

4. Өзбекстан Республикасының Конституциясында азаматтардың борыштарын белгілеп қойылуынан қандай мақсаттар назарда тұтылған деп ойлайсың?
5. Азаматтарда қатыстылық сезімі қалыптаспаған жағдайда қоғамның дамуында қандай салдар пайда болуына алып келуі мүмкін?

Бұл жағдайды бағала. Оқушылар болашағының оқытушыға қандай тиісті жері бар

Н. есімді оқушы сабакқа дайындықсыз келді. Оқушы оны сынып алдында ұялтырды. Ал Н.: «Сенің қандай құқың бар маған ескерту жасауға, менің ата-анам бар, қаласам сабакқа қатысамын, қаламасам жоқ», — деп жауап берді..

6. Құндылықтар мен қатыстылық ұғымдарының қандай байланыстылығы бар?



ЧИСТОН-ЖҰМБАҚ

Ауырдан ауыр... Ол не?

Өзбекстан Республикасының қорғау — Өзбекстан Республикасы әрбір азаматының борышы. Азаматтар заңда белгіленген тәртіпте әскери яки мерзімді қызметті өтеуге міндettі.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 52-бап



9-§

Рухани қауіпсіздік

БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРАТЫН
СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Рухани қауіпсіздік анықтамасына сипаттама бер.
2. Рухани қауіпсіздіктің руханият дамуына әсерін қалай бағалайсың?
3. Тілі, мәдениетін бекем иелеген адамға рухани қауіптер әсер ете алады ма?
4. Суреттерге қарап бүгінгі күн жастарының рухани көрінісіне баға бер.

Pұхани қауіпсіздік — қоғам мүшелерін рухани шабуылдар, идеологиялық қауіптерден қорғау тізімін құрайтын ұғым. Рухани қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің құрамдық бөлігі ретінде жалпыұлттық мұдделерінің қорғауына бағытталған қызмет. Сондай-ақ, рухани қауіпсіздік дегенде ұлттық мұдделерді қамтамасыз ету қажеттілігінен жүзеге астаңын және қоғам мүшелері рухани, идеологиялық-жан дүниелік өмірінің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қаратағынан қызмет пен үздіксіз процесс түсініледі.

Бізге белгілі, адамзат руханиятына қарсы жасалған қауіптер қарулы шабуылдарға қарағанда көбірек әсер күшіне ие болып баруда.

Тарихи тәжірибеден белгілі болғандай, анық бір мемлекетті басып алмақшы болған көтерілісшілер, алдымен халықтың көніл-күйі, руханияты және құндылықтарына балта ұруга әрекет етеді. Ұлттық руханияты және құндылығы бытыраңқы болған ұлт және

ұлыстар өздігін жоғалтады, билеуші идеологияның әсеріне түсіп, оның мұдделеріне қызмет етуге мәжбүр болады.


Мемлекеттер мен халықтар арасындағы интеграция мен ынтымақтасық байланыстарының күшеюін, заманауи коммуникация және ақпарат технологияларының, ғылым жетістіктерінің шұғыл тарапалуы нәтижесінде ілгері күзетілмеген, дәстүрлі болмаған қауіптер жүзеге келе бастады.

Қазірде кейбір батыс мемлекеттері тарапынан өз ұлттық мұдделерін кенейттіруде «демократия экспорты», «тұсті төңкерістер» және «ақпарат шабуылы» сияқтылар негізгі құралға айналуда. Арам ниетті мақсатқа ие болған құштер өздерінің идеяларын әр түрлі беймемлекет ұйымдар, жобалар, фондтар құралында жүзеге асыруға ұрынады. Мұндай саясатты жүзеге асыруда олар ақпараттың ең қолайлы және ең шапшаң, ең тиімді құрал және әдістерінен пайдалануда. Ақпарат кейбір батыс мемлекеттері мен халықаралық террорлық ұйымдар қолында негізгі және қорқынышты қару құралына айналып баруда. Жаһандану процесі тікелей ақпаратпен байланысты. Соны ескере отырып, бүгінгі күнде ақпарат факторы әрі саяси, әрі экономикалық жақтан кейбір құштер мұддесіне айналып баруда.



ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Не үшін жастар сыртқы ортаның әсеріне тез түсіп қалуы мүмкін?
2. Не себептен интернет жастардың ауыну мекенине айналған?
3. Берілген мәтінді оқы. Мәтіндегі пікір және талқылауларды бүгінгі күндеңі әлем саяси майданында болып жатқан өзгерістер, тыныштық пен адам санасы, ойлауына қаратастылып жатқан қауіптермен түсіндіріп көр.



Бүгінгі кунде де кейбір құдіретті мемлекеттер тарапынан белгілі мемлекеттерге, алдымен, жерасты, жер үсті байлықтарына ие болған аймақтарға қараганда алып барайлып жатқан міне сондай арам ниетті саясатты дүниенің кейбір аймақтарында тыныш өмірдің ізден шығуы, әкімишілік басына дәл сол мемлекеттердің мұдделеріне қызмет ететін құштердің келуімен байланысты мысалдарда көрү қыын емес.

Қарқынды өзгеріп бара жатқан дүниеде ұлттар өз құндылықтарын сақтап қалуы және болашақ ұрпақтарға жеткізуімен байланысты жауапкершілік өзекті мәселелеге айналып болды.

Мысалы, интернетке болған қажеттілік күн сайын артуда, бірақ кейбір арам ниетті адамдар үшін интернет «қару» міндетін орындауда. Бұл адамдар әлем ақпарат тармағы арқылы адамзат руханияты әрі ұлттық және жалпыадамлық құндылықтарға өз әсерін тигізуге қатты әрекет жасауда. Адамзат руханиятына қарсы бағытталған, бір қарағанда арзымаған болып түйілетін кішкене хабар да ақпарат әлеміндегі жаһандану процестерінен күш алып, көзге көрінбейтін, бірақ зиянын ешнәрсемен қаптап болмайтын үлкен зиян жеткізеді. Идеологиялық қауіптер адам факторы арқылы, мемлекеттердің тәуелсіздігіне тиістілігі бар.

Қош, бұл қауіп несімен қауіпті? Бұл:

- тартымды ұрандар және уағыздаулар арқылы жастарды арам ниетті мақсаттарға идеологиялық бағындыруға қаратылғандық;
- адамдар, әсіресе жастар ойлауына мемлекет және қоғам мұддесіне қарағанда немікүрайдылық, менсінбеушілік рухын алып кіруге бағытталғандығы;
- жастардың сана-сезімін иелеу.

Идеологиялық қауіптер нәтижесінде, мемлекет қауіпсіздігі мен ұлттық мұдделеріне қауіп төндіріп, қоғамның рухани қүйреуге ұшырауын анық етіп қояды. Мұндай қауіптер әрқандай жолмен жастардың санасы мен көңіліне жолтауып, оларды мәнгүртке айналдыруды мақсат етіп қоюмен сипатталады.

Өспірімдік — балалықтан үлкендердің әлі Саған таныс болмаған, сырлы өміріне өту, бейімделудің қыын нүктесі. Саған «Жас баласын ба?», десе, «Жоқ. Мен жас бала емеспін», деп жауап бергің келеді. Үлкендердің кейбір ескертүлдері сенің жүйкенді тоздырады. Өзің сезбеген тәрізде ішінде: «неге соншалықты мені сүрістіре бересің? Не, мен саған жас баламын ба?» — деп айтып та қоясын. Бірақ «үлкенмін», деуге аздал тартынасың. Ата-анаңың, үлкендердің өз міндеттемелері және борыштары бар, олар сені әр түрді қауіптерден қорғауға әрекет жасайды. Бұл туралы олардың орнына өзінді қойып көр. Інілерінің жат әрекеттеріне өзіңнің қатынасынды еске ал. Тағы саған өте үлкен рухани жақындық, кенесші қажет. Бұл жөнінде Сен кітапқа қайрыласың. Әлем классикалық әдебиеті, ұлттық рухани қазынамыздың іжну-маржандары болған «Қабуснаме», «Хам-

са», «Бабырнаме», «Хумоюн және Ақбар», «Қарапайым адамдар қаласы», «Темір тұзіктері», «Рабғузи қиссасы», «Жалалиддин Мангуберді», «Ұлықбек қазынасы» және басқа құнды шығармалар өмірлік серігің болсын.

Әр түрлі ұлттардың өміріне «бұқаралық мәдениет» бетпердесі астында кіріп келе жатқан қауіп-қатерлердің негізгі мақсаты төмендегілерге қаратылған:

- 1) ақылақтық бұзықтық және зорлық, индивидуализм және эгоцентризм идеяларын тарату мен соның есебінен байлық арттыру;
- 2) басқа халықтардың неше мыңжылдық дәстүр және құндылықтары, тұрмыс жағдайының рухани негіздерін мойындамау;
- 3) оларды қопаруға қаратылған қатерлі қауіптер.

Кейде өмірде кездесіп тұрған, ақылақсыздықты мәдениет деп және көрініш, саф рухани құндылықтарды менсінбестен, ескіше көрінісі деп қараумен байланысты жағдайлар дамуына, тыныш өмірге, әсіресе, сендердің тағдырына қауіп төндіруі мүмкін.

Мұндай шабуылдардан қорғану үшін ұлы бабаларамыз өз дәүірінде қалдырған кемел адам туралы ақылақтық мөлшерлер жиынтығын, заманауи тілде айтқанда, «шығыстық ақылақ кодексін» ұрпақтар көніліне



ТАЛҚЫЛАУ ҮШІН

Мамандардың пікірінше, қазірде ақпарат экономиканың ең пайдалелдерек көзіне айналып баруда. Мәселен, АҚШ стратегиялық зерттеулер институтының мәліметтеріне сәйкес, ақпарат өніміне жұмсалған әрбір доллар, жанармай-энергетика саласына шикізат жасалған 1 доллардан бірнеше он есе көп пайдада берер екен. Бұл тек оның экономикалық жағы, оның саяси ерекшелігі өз жеке мудделеріне өте арзан, өте қолайлы жолдармен жету құралы ретінде қаралуда.



Ақырғы он жылдың ішінде болып жатқан бір жақтан этникалық және діни келіспешіліктер, екінші жақтан ислам және мұсылмандарға қарағанда қастық (исломофобия, дифармация), табиғи, әлеуметтік-экономикаға сай келмеушілікке алып келеді, тыныш өркендеу процесін ізден шығарады, адам қауіпсіздігі мен халықаралық тұрақтылыққа қауіп төндіреді.

АҚШ-та өткізілген ұлттық сұраулардың көрсетуінше, 2005-2014-жылдар 12-17 жасты өспірімдер арасында депрессия (кулдырау) ең күштейген дәуір болған.

The New York Times



**БІЛІП
ҚОЙ**

Өтірік екендігі алдыннан белгілі сөзді ақиқат деуден де артық ұтсыздық жоқ!

«Қабуснаме»



**ЧИСТОН-
ЖУМБАҚ**

Досты білмейді, дұшпанның айырмашылығына бармайды, өзі біреуге жақсылық жасай алмайды. Ол кім?

сіндіру, халқымыз санасында ар-намыс, ұят пен саналылық, ұят сияқты жоғары ақылақтық сезім мен ұғымдарды қалыптастыру қажет.

Абдулла Қахар өз ескерткіштерінде өзі сол уақытта жасап тұрған ауыл тұрғындары 1914-жылдың қыркүйекте басталған Бірінші дүние жүзі соғысы туралы хабарды төрт айдан кейін, 1914 жылдың желтоқсанында есіткенін жазады. Ал бүгін адамдар дүниенің қалаған нұктесінен болып жатқан оқигалардан тез хабардар болу мүмкіндігіне ие.

Сабактың нәтижесі. Адам өз тәуелсіз пікіріне, нық сеніміне, өзі таянатын өмірлік ұлттық құндылықтарға, жасампаздық дүниеге көзқарасына, берік жігерге ие болмаса, әр түрлі арам ниетті идеологиялардың қысымына, қыспағына дес беруі мушкіл болады. Бұл сияқты ашық яки жасырын шабуылдарға қарағанда жоғары руханиятты адамдар ғана зеректікпен, пікірге қарсы пікір, идеяға қарсы идея, надандыққа қарсы агартумен күресе алады. Бұл топ адамдардың бүкіл ожданын, рухани әлемі өз халқының әдет-ғұрыптарына, дәстүрлеріне, тіл мен мәдениетіне шексіз мейір және махаббат сезімімен суарылған болады.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШИН СҰРАҚТАР

1. Бұғінгі күнде рухани қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында елімізде қандай реформалар жүзеге асырылуда?
2. Сен өзінді рухани қауіп-қатерден жырақтағы адам деп бағалайсын ба? Пікірінді негіздел бер.



10-§

Берік жігер — қүшті руханият кепілі



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРАТЫН СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Берік жігер ұғымына түсінік бер.
2. Берік жігер мен сенімге ие болу үшін адамда қандай қасиеттер топтастырылған болуы керек деп ойлайсың?
3. Берік жігерге қол жеткізуде адамдардың қоғамдағы орны қандай болуы керек?
4. Қандай адамдар берік жігерлі адамдар делінеді?



ігер — адамның ішкі және сыртқы ұмтылулаты, мүмкіндік пен дәрежесін мақсат жолында мобилизация жасау, табандылықпен әрекет жасау, сынақ және қыындықтарды жеңіп өтуге, әрқандай жағдайда да психологиялық тепе-тендікті сақтауға негіз болатын рухани қасиет.

Адам берік жігер арқылы керексіз әуестерден бастартады, әр түрлі рухани және материалды қындықтарға төзім береді, өз өмір жолын белгілеп алады. Адамның руханияты жетілумен оның жігері де күшейіп барады. Жігер — бұл негізінде берік сенім дегені. Жігері мықты адам өзіне сенеді және әр қандай күрделі тапсырманы да өз жауапкершілігіне алудан қорықпайды. Әр қандай жағдайда мұндай адамға сүйену мүмкін. Сенің басыңа бірер шаруа яки проблема түссе, ол еш екіленбестен жаңында тұрып





БІЛІП КОЙ

Идеологиялық иммунитет — тұлға, әлеуметтік топ, ұлт, қоғамды әр түрлі зиянды идеологиялық әсерлерден қорғауға қызмет ететін идеологиялық-теориялық көзқарастар және құндылықтар тізімі болып есептеледі.

Францияда қоғамды демократияландыру процесі 200 жылдарға созылған болса, ал Англияда 500-600 жылдарды өз ішіне алған.

қолынан келгенше көмек беруге, қындықтарды сенімен бірге женуге әрекет жасайды.

Жігері берік, иманды-сенімді адамзатты әр қандай женіл-желлі әрекеттер және бұзушы идеялармен жолдан аздырып болмайды. Берік жігер идеологиялық иммунитеттің негізі.

Идеологиялық иммунитетті қалыптастыру үшін адамда күшті, берік жігер болуы қажет. Идеологиялық иммунитет ілімге таянады. Ілімді адам өз қызметін соқыр-тәуекелмен емес, бәлкім терең ойлап, оймен басқарады.

Жігерлі адамзат қасиетті дәстүрлеріміз, ұлттық құндылықтарымыз, материалды және рухани мұраны сақтауды жоғары мақсатына айналдырады. Соның қатарында тарихты, Отаның тарихын білген жастарды ізден адастыруға болмайды, олар жігерлі жастар. Берік жігер арқылы ғана руханиятын тану мүмкін. Руханияттың негізгі мөлшерлері де күшті, берік жігерге таянады.

Қай жерде идеологиялық мән-мағынасыздық жүзеге келсе, сол жерде бөгде идеология үстемдік етуі мүмкін. Ұлттық идея, ұлттық идеологияға ие болмаған адам өзіне және жан атырабындағыларға қарағанда немқұрайдылық жасайды.

Біздің өнірімізде жасап өткен ұлы бабаларымыз, әсіресе, Мұхаммед Мұса Хорезми, Әбу Насыр Фарabi, Ахмет Фарғани, Әбу Райхан Беруни, Әбу Әли ибн Сина, Махмұт Замахшари, Мырза Ұлықбек және басқа ғұламаларымыздың өлмес құнды шығармалары, ғылыми мұрасында адамдардың жігерлі және кеңпейілділік болуы, тек оқып-үйрену арқылы ғана жоғары руханият иесі болу мүмкін деген пікірлер айтылып өтіледі.

Жоғары руханият пайда болған қоғамда азаматтардың белсенділігі де, отансу йігіштігі де жоғары болады. Нағыз жігер сонда көрінеді.

2016 жылдың 7–18 қыркүйек күндері Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында болып өткен XV жазғы Паралимпия ойындарында спортшыларымыз қол жеткізген жоғары жеңістер халқымызға шексіз мақтаныш сыйлады. Өзбекстан спортшылары аталмыш абырайлы жарыста 8 алтын, 6 күміс және 17 қола медалін жеңіп алды, Отанымыз абырайының халықаралық майданда-рында одан ері жетілуіне сәйкес үлес қости.

Дене тәрбиелік мүмкіндіктері шектелгеніне қара-мaston, берік жігерлі отандастарымыз қаһармандық және жігерлілік көрсетіп, жоғары нәтижелерге жеткен-дігі және дүниенің ең құشتі спортшылары қатарынан сәйкес орын иелегендігі — шынайы рухани жетілу үл-гісі. Демек, берік жігер жеңіске жетелейді.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Адам жігерлі болуы үшін не істей керек?
2. «Жігерлі адамда барша ізгі қасиеттер жинақталады», деген пікірге қалай қарайсың?
3. Төмендегі мәтінді оқы және өз пікірімен түсіндір.

Адамзат жігерлі әрекетін жүзеге асырады, өзіне билеуші қажеттілік және қалауларына қарсы тұрады: Жігер үшін «мен қалаймын» деген өткінші емес, бәлкім «керек», «орындауым шарт» деген өткінші тән болады.

Адамзат қызметінің барша түрлері және әр қандай еңбек адамынан берік жігерді талап етеді. Жігер еңбекте пайда болады және жетіледі. Жігердің санағағы қызметі әрекет мақсатын белгілеуде, мақсатқа жету құралдары және жол-жоралғыларын бүрыннан анықтап, белгілі бір шешімге келуде әрі үzl шешімді орындауда пайда болады. Адамда жігердің қай дәрежеде екендігі мақсатты қандай жүзеге асыруда көрінеді.

Озбекстан ұлттық энциклопедиясы



ТАЛҚЫЛАУ ҮШІН

Төмендегі мәтінді оқы. «Ел-ұлыс және елдің дамуына мүдде келтіретін жұмыстармен шұғылдану», дегенде қандай жұмыстар назарда тұтылған деп ойлайсың? Пікірінді негізден бер.

ҚЫЗЫҚТЫ СҰХБАТ

Күндердің бірінде, перзент деді: — Эке маған насиҳат жасасаңыз...

Әке: — Ұлым, егер де, өмірімді жақсы жасап өтейін десен, өз өмірінді неғізінен төрт кезеңге бөл. Олардың біріншісі — ата-ана және ақылды адамдардан ігі амалдардың құпия-сырларын үйрену; екіншісі — білім алу және өнер үйренумен бос болмау; үшіншісі — ел-жүргірт және елдің болашағына мүдде келтіретін жұмыстармен шұғылдану; төртіншісі — ұрпақтарға игілік және әділет рухымен суарылған тәлім-тәрбие әрі өмірлік қажетті қесіпті үйрету.

«Перзентнаме»

Әдемі сабыр
гауһардан қымбат
Сабырлы адамның
жауһары сонда,
яғни, өзі өкініш
және көңілсіз
дәлізінде тұрып та
бар-жоғы аздап сәті
болмағандықтан
азғындаушылық
жырасына құлап
жатқан адамға
адамгершілік пен
жомарттыққа қара-
тылған мейір ша-
пағат және шыдам
қолын береді.

«Өмір хикметі
бақыты»

Берік жігерлі адам — руханиятты адамзат болмақ. Руханиятты адам әрбір мәселе мен жігер, ынсан пен әділет түрғысынан жандасады. Жоғары руханият иесі ождан, ынсан, иман, ар-намыс, тұрашылдық, адалдық сияқты қасиеттерді өз өмірінде әрдайым қолдап жасайды. Ана Отанды, ұлты мен халқын сүйеді және оны аялауды қасиетті азаматтық борышы деп біледі.

Ақыл, салауатты пікір, жақсы құлқы, ынсан және әділет мереке жасап, әр түрлі кері ауруларға төтеп бере алатын мемлекетте руханият жоғары шоқыға алып шығады. Мұндай мемлекеттің азаматтары да берік жігер иелері болады.

Сабактың нәтижесі. Руханиятты адам берік жігерге таянады. Қоғамның болашағы да игі мақсатты адамдардың берік жігеріне байланысты. Дегенмен, руханият, адамның, халықтың, қоғамның, мемлекеттің күш-күдіреті. Ол жок жерде ешқашан бақыт болмайды.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШИН СҰРАҚТАР

1. Сенің азаматтық борышың нелерден тұрады?
2. Егер сөзіңе біраз өтірік қосылса, бұл жігеріңе қандай әсер етеді?
3. Сабыр сияқты ұғымдардың жігермен қандай байланыстылығы бар?
4. Жігері берік адамдардың ғибратты өмір жолдары туралы хикаяларды толтастыр.



ҚОСЫМША ОҚУ ҮШИН

- 1989 жылдың 19 қазан күні Олий Қеңес сессиясында өзбек тіліне мемлекеттік тіл мақамын беру негізгі мәселе ретінде талқыла қойылып, өзбек тілі мемлекет тілі деп жарияланды.
- неше ғасырлық құндылықтарымыз есепке алынып, ұлттық және жалпыадамилық құндылықтар үстемдігін қамтамасыз ету мақсатында кирилл графикасынан латын әліппесіне өтілді.
- отандастарымызда өздігін тану, келіп шығуын тереңірек білу, көңілінде Отанға махаббат сезімдерін қалыптастыру мақсатында тарихи жер аттары тіктелді.
- 2001 жылдан бастап, мемлекеттік тіл әр жылды 31 тамыз күні — Репресия құрбандарын еске алу күні ретінде тән алынды.
- Мұсылмандардың «Йид құрбан» және «Йид рамазан» мерекелері атап өтіледі. Сондай-ақ, 1989 жыл 28 ақпанда Өзбекстанда Наурыз мерекесін тіктеу туралы қаулы қабылданып, «Наурыз» мерекесі жалпыхалықтық мереке деп жарияланды.



ЧИСТОН-ЖҮМБАҚ

Әрдайым жанында, лажсыз жағдайда саған көмек, бақытты шақтарында насиҳатшыл. Олар нелер?



11-§

Руханият кәмелетке жетелейді



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТЫРАТЫН СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:



- Суреттерден пайдаланған түрде мемлекетімізде жастарға беріліп жатқан мүмкіндіктер туралы әңгімелі.
- Тәлімді тәрбиеден, ал тәрбиені тәлімнен ажыратып болмайды, дегенде Сен нені түсінесін?
- Кемел адам қандай сапаларға ие болуы керек? Жаубынды негіздел бер.
- Бұғін Раушан үшін таңғажайып күн. Математика пәнінен өткізілген республика олимпиадасында бірінші орынды иелеп, халықаралық деңгейде өткізілетін олимпиадаға жолдама алды. Ол туралы республика теледидарында көрсету берілгенде ата-анасымен бірқатарда сынныптастары және ауылдастары да куанды. Раушанның мұндай жетістікке жетуінде кімдердің қызметі бар? Оның бұл жетістігі қоғамымызға қандай пайда келтіреді?
- Отандастарымыз халықаралық жарыстарда женіске жетіп, олардың жетістіктеріне арнап мемлекетіміздің әнұраны орындалғанда нені сезінесін?



Үгінгі өте жедел даму және өркендеу жағдайында тәуелсіз Өзбекстан өзінің ұлы болашағын білімді, ақылды, еңбексүйгіш, ержүрек, руханияты жоғары, физикалық түрғыдан күшті болған жас ұрпақ символы ретінде көреді. Мұндай жанжақты кемел ұрпақты өсіру, кәмелетке жеткізу мемлекетіміздің ұстем міндеттерінің бірі болып есептеледі.



Қайсы қоғамда ілімсіздік, надандық бар болса, ол жерде қасиетті құндылықтар құрып біtedі, адамилықтың мазмұны мен маңызына зиян жеткізеді. Нәтижеде бұл қоғам күйреуге бет бұрады. Солай екен, әрбір адам, кезді пайдаланып, кемел ұрпақ тәрбиесі жолында тер төгуі өмірлік қажеттілік. Зұлматты ілім нұры жарқыратады. Ойлау нұры, өз кезегінде, қоғамның гүлденуіне негіз болып қызмет етеді. Тек ойлау ғана өз артынан әрі материалды, әрі рухани байлықты жетелей алады. Ол — та-залық, ағарту бұлагы. Әдемі құлықтық, әдемі әдеп көзі.

Ғылымның дамуынан тәлім-тәрбие, әдеп-ақылақ түрғысынан ақылды адамдар, білімді, дана ұрпақтар жүзеге келетін ілімді қоғам жүзеге асады. Мұндай қоғам өсіп-өркендер, жетіледі. Азаматтық қоғамның дамуында әрбір адамның отансүйгіштігі қажет болады. Отансүйгіштік, борышына сенімдік, тыныштықты сақтау, табиғатты асырау сияқты жоғары құндылықтар адам санаына сініп баруы мақсатқа сай болады.

Бабаларымыздың алтын мұраларын көнілге орналастырмай тұрып адам кәмелеті туралы пікір жүргізу қын. Адамның өміріне мазмұн енгізетін, өздігін танытатын ұлы құндылық, бұл — халқымыздың материалды-рухани мұрасы, хикметтері, мақал-мәтелдері және жұмбақтары. Бұлар мағына жағынан кемеліне жеткен, физикалық түрғыдан мықты болып, ел-жүрттың мұддесі мен келешегі жолында аяnbай енбек ететін жас ұрпақты кәмелетке жеткізуде рухани негіз болып қызмет етеді. Бұрынғы ғұламаларымыз хикметтерінде адамның кемелге жетуі туралы құнды пікірлер өз шешімін тапқан. Адам ғылым мен ағартуға көнілін жетілдіру, оны рухани азықтандыру арқылы жетеді.

Ата-бабаларымыз жаратқан сирек тарихи ескерткіштер, өзіміздің жасампаздығымыздың есебіне бой көтеріп жатқан берік кешен және ғимараттар махаллалар, берекелі жанұларының күн сайын көбеюі Отан алақа-

Ұлы шығыста мынадай жа-зып-жазылмаған дәстүр бар, яғни адамзаттың өмір жолында оған тұра жолды көрсететін, өз дұға және тілектері мен оған женіс пен сәттіліктер тілейтін — атаана және ұстаздар есептелген. Сол себепті қоғамда мұндай қазіретті адамдар түрі жеке құрметке ие болып, оларға әрдайым қажеттілік (мұқтаждық) сезілген. Бұл оқиға — Ұлы Шығыс өмір салты, қажет болса, оның қасиетті адамзаттық құндылықтарының берік тасын құраған және қазірде де солай.

нындағы асыл тастар есептеделді. Негізгісі, бұл асыл тастар — ата-бабаларымыздың көңіл ынтасы, болашақта болған сенім-жігері, берік наным-сенімінің жемісі мен әлбетте біз және перзенттеріміздің тиімді еңбегінің нәтижесі есептеделді. Дәл сол үшін де бұл жаратылған құнды, сүйікті және қадірлі.

Өзбектерге тән болған рухани мұрамызда ананың әлді қасиетті болып есептеделді. Себебі, әлдиде ананың дерті, ұлттың дерті сәйкестеніп кеткен. Оның түп маңызында руханиятты тану, кемел табу, өлкениң өркендеуі сияқты ізгі мақсаттар жатады.

Өзбек халқының бүтін болмысында ежелден жаңалыққа ұмтылу, білім сырларын терең менгеру, терең пікірлеу, өз алдына ізгі мақсат қою және бұл жолда тиімді енбек ету сияқты адамгершілік сапалары берік орналасқан. Мұндай адамдар кең көлемді білімі мен сүйікті кәсібінің нәтижесінен қоғамда жеке абырой тапқан болса, гибратты мінез-құлқымен құрметке бөленіп, бақыт-



ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Сен анаңың інілеріңе айтқан әлдін есіткенсің бе?
2. Не үшін бұл өлеңді әр күні есітсек те тағы да есіткіміз келеді, оған сәйкес еркеленеміз, тәтті армандарға берілеміз?
3. Немқұрайдылық, еріншектік, жауапкершілікті сезінбейтін, біреудің акысынан қорықпау, өтірікшіл сияқты індеттер адамдардың болшағына қандай әсер етеді?
4. Сен бұл сияқты індеттерге қарсы күресе аласың ба? Мұндай індеттердің алдын алу үшін қандай жол ұстану керек?
5. Төмендегі хикаяның қоғам дамуы үшін қандай әсері бар деп ойлайсың?

Көшеде рақамттанып деп теуіп жатқан Адхамды анасы шақырып қалды. Адхам анасының бұл шақыруынан наразы болса-да, анасының алдына барып, олар махалламен махалла футбол ойнат жатқанын, егер ол кетсе махалласы жеңіліп қалуын айтты. Анасы: «Жарайды, мына қоқысты тастан келгеннен кейін ойыныңды жалғастырасың», деп жұмыс бұйырды. Адхам анасынан жауап алғанына қуанып, қоқыс салынған шелекті алып жүргіріп кетті, бірақ қоқысты жолдың шетіндегі арыққа төгіп жіберді.

6. Адхамның қылышын бағала.

ты өмір сүрген. Адам кәмелетінің жетілуінде шыншылдық, адалдық, кешірімділік, сабырлы болу мен шығынға жол бермеу, досқа сенімді және сырсақтау, сейлесу әдебі мен аққөңілділік сияқты қасиеттерді ұлықтайтын мақал, нақыл және ойлауды шынықтыратын хикметті сөздердің орны шексіз.

Сабақтың нәтижесі. Ізгі мақсатқа қарай алға үмтүлу, уақытты бос өткізбеу, еңбектен қашпау, білім алу және әлбетте терең пікірлеу — қоғам мүшелерінің өмір мазмұнын құраған. Білімді және өнерлі адам, зерек ақыл мен сұлу әдеп иелері бұл дүниеде мазмұнды және берекелі өмір салтын жасап басқаларға ғибрат өнегесі болған.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШІН СҰРАҚТАР

1. «Біз халқымыздың дүниеде ешкімнен кем болмауы, перзенттеріміздің бізден де күшті, білімді, дана және әлбетте бақытты болып жасауы үшін бар күш пен мүмкіндіктерімізді жұмылдырып жатқан екенбіз, бұл жөнінде рухани тәрбие мәселесі, еш күмәнсіз, шексіз маңызға ие», деген пікірдің түбінде қандай ойлар жатады? Пікірінді практикалық мысалдармен көрсетіп бер.
2. Сен болшақта өзіңнің алдыңа қандай мақсаттар қойғансың?
3. Жанұяңда өнеркәсіппен байланысты дәстүрлер бар ма?
4. Сенің кемел адам болып жетілуің үшін мемлекетімізде қандай мүмкіндіктер бар?
5. Өлкеміз ойшылдарының білім алу туралы білдірген пікірлерін топтастыр және олардың мазмұнын айттып беруге әрекет жаса.



БІЛІП ҚОЙ

Өмір сүрудің сыры ғылым, әдеп, саналы қызмет болса, оның негізі зерек ақыл, жалғасы — тиімді еңбек болмақ.

«Хикметтер қа-зынасы»

«Адамның табиғатын тазалайтын сиқырлы күш — хикмет».

**Абдурахман
Жәми**



ЧИСТОН-ЖУМБАҚ

Науқас, бірақ түзелуді қаламайды. Ол кім?



12-§

Адамзат руханиятында ағартудың орны



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТЫРАТЫН СУРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. «Ағарту» ұғымына түсінік бер.
2. Қандай адамдарды жоғары мәдениетті адамдар дейміз?
3. Руханият пен ағарту ұғымдарын бір-біріне байланыстырып түсіндір.
4. Руханиятты адамзат жоғары мәдениетті бола алады ма? Аталмыш суреттермен пікірінді дәлелдеп бер.



Ағарту (араб. — білу, білім, мәлімет, таныс, танысу) — табиғат, қоғам және адамзат маңызы туралы білімдер, мәліметтер, тәлім-тәрбие мен білім беру тізімі сәйкестігін көрсететін ұғым. Сондай-ақ, ағарту ұғымы білімді, мәліметті, руханиятты адамға қолданылады.

Ағарту туралы көне тарихи мұрамыз «Авестода» айтып өтіледі. Онда ағарту ізгіліктің көрініс табуы, ізгі пікір және ізгі сөздің жүзеге асыратын күші ретінде айтылған. Бұдан тыс, ояну дәуірі ғұламалары имам Бұхари, имам Мотуриди, Хакім Термези, Ахмет Яссави, Баҳоиддин Нақшбанд сияқты ғұламалар өздерінің шекіз ағартушылық шығармалары арқылы жалпыадамилық құндылықтарды жаратуға үлкен үлес қосқан. Әсіресе, Хаким Термези «Kitob bayan-al-ilм» атты туындысында ағартуды нұр, жарықтықта теңестірген.

«Білім адамның
ең ләззатты және
ізгі қызметі».

Аристотель

Агарту — руханиятқа алып келетін жол, оны қалыптастыратын құралы. Агарту ұлт тарихының ажырамас құрамдық бөлігі болып есептеледі.

Түркістан өлкесінде қызмет еткен жәдитшілік әрекеті өкілдерінің мәдени дамымағаны және отарлық зұлымынан, халықты заманауи даму жолына алып шығу, ұлттық мемлекеттілік негіздерін құру үшін агарту жолынан пай-



ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Біз қандай адамды көнілі сұлу адам деп атаймыз?
2. Егер адам өте бай, әдемі, көркем болса, ол адамды шынайы, дана деп атауга болады ма? Жауабынды дәлелдеп бер.
3. Төмендегі хикаяны оқып, адамның ішкі және сыртқы сұлупы турагынан пікірле.

ПАТШАНЫҢ ЕКІ ҚЫЗМЕТКЕРІ

Патшаның екі қызметкері бар екен. Бірі өте әдемі болып, екіншісі оның мүлдем керісі еді. Бір күні патша екеуін сынау мақсатында құзырына шақырды және әдемі құлыша қарап:

— Серігің туралы не дейсін? — деді. Сонда ол:

— Оның пейілі өте жаман. Сенімді емес. Қолынан әр түрлі оңбағандық келуі мүмкін, — деді.

Патша басқа қызметкерін алдына шақырып, деді:

— Серігің туралы не дейсін?

— Патшам! Мен серігім туралы бір ауыз сөз айтуда жарамаймын.

Мен тек қана оның жақсылығын көрдім, — деп жауап берді.

Сонда патша тағы да сұрады:

— Ол сен туралы жаман пікірде, бұған не дейсін?

— Патшам! Ешбір пенде айыпсыз болмас. Мен өз кемшіліктерімді тән аламын.

Кейін патша мінез-құлқы жаман қызметкерін шақырып, оған мынадай деді: — Пейілің таза емес екен. Маған көмекші бола алмайсың. Тез сараймнан кет! Патша басқа құлыша қарап:

— Пейілің сыртқы көрінісіңен сұлу екен. Сен менің сенімді адамымсың.

даланған. Олар көптеген мектеп ашқан, баспашилық, газет шығару, ғылым, әдебиет, білім беруді ұлттық негізде құруды жақтап шыққан. Олар жаратқан мектептер халыққа, алдымен, білім таратуы, заманауи ғылымды сіндіруі қажеттілігі туралы пікір жәдиттердің ағартушылық қызметіндегі ең негізгі мақсат еді. Ұлтты, халықты білімді етуге бүкіл өмірлерін арнаған отандастарымыздан Бехбуди, Мунавварқары, Фитрат, Шолпан, Пахлавон Ниез Қажы, Абдулла Авлони, Хамза Хакимзада, Абдулла Қадирилердің улестері мол болды.

Мемлекетіміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ағартуды тіктеу және дамыту үшін кең мүмкіндіктер жаратылды.

Руханият пен ағартудың сәйкестігі неде көрінеді? Қоғам азаматтарының руханияты ағарту процестермен табиғи байланысты. Адам руханияты ол менгеретін білімдер, практикалық тәжірибе мен дағдылар негізінде, шығармашылық кәмелетімен байланысты.

Жоғары мәдениетті адам еркін және азат қоғамда жасаудан мүдделі болып, өзінің қоғамға пайдасы тиоін қоғамда абырайлы орын иелеуі үшін ұлтжандылық көрсетеді. Тек қана шынайы жоғары мәдениетке ие болғандағанда мұндай жұмыстарға лайықты болады. Өмірлік білім және тәжірибене ие болмаған адамның қоғамға пайдасы тимейді. Адам руханияты білімді болуды қамтамасыз етеді. Ағарту жолында әркім өз қабілеті, дарыны, қабілеті, ұмтылуына қарай белгілі бір дәрежеге жетеді.

Қоғамды білімді адамдарсыз елестетіп болмайды. «Жоғары мәдениетті адам» сөзінің де бар екендігі бұл бірікпені тек тәлімдеғанда емес, бәлкім барша салалардағы ғылымдарды иелеген және барша ақылақ мөлшерлерін менгерген әдеп-ақылақты адамдарға тән қолданса болады.

Жас ұрпактың бақыты мен кемелі, тыныш және жасампаз өмірінде кітаптың жеке орны бар. Себебі жақсы кітап адамда Отанға махаббат, ұлттық және жалпыадамилық құндылықтарға құрмет сезімдерін жетілдіріп, жақсылық әрі ізгілікке



ТАЛҚЫЛАУ ҮШІН

1. Төмендегі хикметті оқы, ондағы «руханият ошағы» ұғымы Сенің өмірінде қандай маңызға ие?
2. Сен қандай кітаптарды оқығансың? Кітап оку қандай ләzzат береді?

Кітап — білім, руханият және ағарту үлгагы. Ол адамды ұлықтайтын, онда ағарту негіздерін қалыптастыратын, оны кемел етіп тәрбиелейтін күш.

үндейді. Тәуелсіздіктің арқысында халқымыз рухани жетілуіміздің негізі болған кітап окуға ынта оянды, жоғары білімді кітапсүйгіш ретінде қалыптастып барды.

Ұлы ақын және ойшыл Әлішер Науай жазғандай, «Кітап — міндетсіз ұстаз, білім және рухани жетілуге қол жеткізуін ең негізгі көзі». Халқымыздың тілінде де кітап оқып білім және сәйкес тәлім-тәрбие алу, ғылыммен айналысу, өнер үйренудің маңызына тән мақалдар өте көп. Мәселен, «Кітапсыз ақыл — қанатсыз құс», «Бақыт белгісі — білім», «Білім — ақыл шырағы», «Сұлулық — ғылым ағартуда», «Ғылым бақыт келтіреді, білім тақ келтіреді», «Өнер — ағатын бұлақ, ілім — жанатын шырақ», «Алтын алма, білім ал, білім алсаң, біліп ал».

Білімді адамның рухани-ақылақтық сапалары оның кітап окуы мен одан ләззат алып, кітаптан алған ізгі қасиеттерін өмір-қызметінде қолдай білумен белгіленеді.

Нормативтік құжаттар негізінде тәуелсіздік жылдарында мемлекетімізде білім беру мекемелері оку әдебиеттерін жарату және окушыларға жеткізуін берік тізімі жаратылды. Кітап окуды жетілдіру, азаматтар, әсіресе, жастарды білімді ету бойынша заң құжаттары істеп шығарылды.

Кітап оку өздігімізді танудың негізгі мөлшерлерінің бірі, ол арқылы жастарымыз әр түрлі «бұқаралық мәдениеттің» кері жағдайларға түсіп қалудан өздерін сактайды. Жастарымызды өмірлік іскерлікке, дағдыларға жетуінде ең жақын дос және жол көрсетуші кітап.

Сабактың нәтижесі. Білімді адам адал еңбек пен байлық жаратады, ізденуші, ынсапты, еңбексүйгіш, кәсіпкер, ел-жүрттың дертіне шипа болатын шынайы отансүйгішке айналады. Сондай азаматтарға ие болған мемлекет және қоғамның руханияты да жоғары сатыларға көтеріледі. Мұндай дәрежеге жету үшін көбірек кітап оку қажет болады.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ УШІН СУРАҚТАР

1. Адамның білімді болу ілімі неде?
2. Тек өнерді иелеп, ілім иелемеген адам білімді бола алады ма?
3. Кемел адам болу үшін адамдарда қандай сапалар қалыптасан болуы керек?

ЧИСТОН-ЖҮМБАҚ

Перзентінді дүниеге келтірген, бірақ ата-анаңдай қадірлі. Ол кім?





13-§

Әсемдік (әстетика) және руханият



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТЫРАТЫН СУРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Эстетиканың адам өміріндегі орны неде?
2. Қандай адамдарға «әстетикалық» сөзін қолданамыз?
3. Сұлулықты сен қалай түсінесің?
4. Кәсіпкерлер, ұлттық қолөнершілер тарапынан дайындалған бұйымдарға талғаммен істеліпті, деген сөздерді есіткенсің бе?
5. Әсемдіктің руханиятпен қандай байланыстылығы бар?
6. Аталмыш суреттерді әстетика ұғымымен байланыстыры.



адамдардың мәмілесі, сөйлеуі, ақылы, киінуі, олардың қаншалықты әстетикалығы, нәзік талғамды екенінен дерек береді. Сонымен, адамның ақылы, сыртқы көрінісі, сөйлеуі, жалпы, ізгі қасиеттерінің сәйкестенуіне қараң, әстетика деп аталады.

Әстетика (маңыз, қымбат бағалы зат, байлық) — сұлулық түрі болып, нәрсе мен оқигалардың сыртқы көрінісіндегі (қалып, түсі) жеке жетілгендікті, сәйкестікі түрдің құрайды.

Адамға тән болған әстетика мәдениеті оның қоғамдағы белсенділігі мен орны, басқалармен қатынасы, материалды және мәдени мұрасын менгеруіне де байланысты.

Адамның сұлу болуы үшін тек қана сыртқы көрініске ие болуы емес, бәлкім ішкі дүниесі, рухани-ақылақтық

қасиеттері де қажетті орын тұтады. Эстетика тек қана адамның ойлау салты мен еңбегі, бәлкім білім дәрежесінің де жемісі. адамда барлық нәрсе сұлу болуы керек. Руханиятты адамның пікірлеуі де сөйлеу сауаттылығы да сұлу болады. Бұл көбірек қатынаста көрінеді. Қатынас мәдениеті әрбір тұлғаның өзара қатынасын белгілейтін фактор. Адамның өзара қатынасында пайда болатын сөйлесу мәдениеті тұлғаның мінез-құлқы сұлулығын көрсететін рухани-ақылақтық сапа есептеледі. Өзара қатынаста сыйайылық, шырын сөздік, ашық көңілділік сияқты ақылақтық мөлшерлер өз шешімін табады.

Жоғары мәдениетті адамдар мәмілесінде намыс, салыныштық, сыйайылық пен ибалылық жарқын көзге түседі. Бұдан тыс, қатынас та мәдениеттің қажетті сапаларынан болып саналады.

Данышпандар айтады, адамда барша нәрсе әдемі болуы қажет: жүзі де, киімі де, көнілі де, пікірі де. Демек, эстетика сыртқы көрікпен рухани сұлулықтың сәйкестігін өзінде топтастырады.

Мәміле — адам үшін мұқтаждық, қажеттілік. Қатынас мәдениеті басқа адамдар қадірін, ізетін орнына қою сияқты дәстүрлі ақылақтық-нормативті талаптарды орындауды талап етеді. Оның ең жарқын, мазмұнды



ТАЛҚЫЛАУ ҮШІН

- Естең көр, баршамыз білген Даниэль Дефоның дүниеге әйгілі «Робинзон Крузо» шығармасында негізгі кейіпкер Робинзон белгісіз аралда неше жыл жалғыз жасайды?
- Робинзонның жалғыз өмір сүруі оның адамилық сапаларына қаншалықты әсер етеді?
- «Робинзон Крузо» шығармасының бас қаһарманының эстетикамен қандай байланыстылығы бар?



**БІЛІП
КОЙ**

Әдеп — тәлім — адамилық бірін-бірі логикалық түргыдан тол-тыратын тәрбие күралы, қасиеттер жиынтығы болып саналады. Бұлардан рақаттанған-дар — жақсы адамдар тобын құрайды. Табиғи, бұндай адамдар көркем қасиеттер кілті есептеліп, олардың көңілі-нен әрдайым мейір және гибрат бұлағы қайнап тұрады. Дегенмен, жақсы мінез-құлқы — әдемі көңіл көрінісі.

«Біздің әуестенуге арзитын ұлы тарихымыз бар. Әуестенсеге арзитын ұлы ата-бабаларымыз бар. Әуестенуге арзитын шексіз байлықтарымыз бар. Мен сенемін, бұйырса, әуестенуге арзитын ұлы болашағымыз әдебиетіміз және өнеріміз де әлбетте болады».

**Шавкат
Мирзиев**

және мәнерлі тәрізде пайда болуы сөз, сөйлеу құралында пайда болады. Сөйлеу және тыңдай білу, сұхбаттасу мәдениетінің қажетті ерекшеліктерін құрайды. Сөз өнері адам руханияты мен ағартуының негізі. Сөз өнері де әдебиет, халық ауыз әдебиеті, өнердің барша түрімен байланысты.

Ділмәр адамның мінез-құлқы таза, айқын болады. Жақсы сөз, жақсы адамның айналасына жақсы адамдарды жинайды. Ілімнің ең жоғары шоққылары да сөз мәдениетін үйренуден басталады. Сөзшендік адамдарды бір-біріне жақындастырады, пікірлестікке үндейді. Шешендік өнері адам руханиятының ажырамас бөлігі болып, ол — сөйлеу, шешен болу мағыналарын білдіреді. Шешендік өнері адамдардың сөзуарлығын, сөзге шешендігін білдіреді.

Әсемдіктің адам руханиятына әсері жастардың дүниеге көзқарасын әрі олардың ойлауы арқылы пайда болады. Мысал үшін, адам өзін қоршап тұрған барша зат пен оқиғалардың әдемі болуын қалайды. Біз тағып жүр-



ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Әсемдікті сен қалай түсінесің? Кестені жалғастыр. Әрбір ұғымды әсемдікпен байланыстырып түсіндіріп көр.

Әсемдік	Мағынасы
сөз өнері	
тазалық	
сыртқы көрініс	
киіну мәдениеті	
сөз ұстасы	
шебер тігінші	
шебер өнерпаз	
шебер ...	

ген сағат, біз киген киім, біз айдан жүрген машина, біз ұшып жатқан самолет, біз жасап жатқан үй — олардың барша-баршасында әсемдіктің өзіне тән орны бар.

Сен демалыс құндері ата-анаң немесе басқа бір туыстарыңмен театрға бардың. Ол жерде жанұя туралы бір спектакль қойылуда. Зал толған адам. Баршаның қөзінен қуаныш сезіліп тұрыпты. Сахнада спектакль көрсетіп жатқан актерлер өз рөлдерін соншалықты шеберлікпен ойнап жатты, яғни бұл шынымен болып жатқандай оқиға — процесс көз алдында болып жатқандай түйіледі. Сахнада айтылып жатқан қысқа өлшемдегі өлеңдер соншалықты сыңғырлап шығады, яғни бұл өлең жүректерге кіріп барып, еріксіз қөзінде жас ағады. Спектакльдің соңында рөлді ойнаған актерлер театрға келген көрермендерге бас иді.

Бұл орында руханияттың әсемдікпен сәйкестенуін тек қана сезесің, бәлкім өз қөзінмен көресің де.

Адамдардың өздігін тануы, халқының мәдени мұрасын, өнер, көркем рухани мұрасын білуі мен қадірлеуі: адал еңбек етуі және бар күш-жігерін, білімін Отан тағдыры жолында жұмылдыруы онда әсемдік мәдениеті қалыптасқанынан дерек береді. Руханиятты адам ғана әсемдікті қадірлейді. Ғұламалар айтқандай— сұлулық дүниені құтқарады.

Сабактың нәтижесі. Адамдар өз әсемдік мәдениетін жетілдірген сайын қоғам руханияты байып барады. Әсемдік адамның бүкіл ішкі және сыртқы әлемінің нәзік жақтарын өзінде сәйкестендірген руханияттың бір сатысы болып есептеледі.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШІН СҰРАҚТАР

7. Әсемдік пен өнердің өзара байланысты жақтары туралы пікір жүргіз.
8. «Бұкаралық мәдениеттің» әсемдікке қандай әсері бар?
9. Жарасымды адам руханияты қай дәрежеде болады? Пікірінді негізден бер.



ЧИСТОН-ЖҰМБАҚ

Жас пен қары барша оған мұқтаж. Ол не?



14-§

Адамзат руханиятын қалыптастыруды имидждің орны



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТЫРАТЫН СУРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

- Сен достарыңмен сұхбатта «имидж» атаяның істетіп тұрасың ба? Сеніңше имидж неге сәйкес қолданылады?
- Тұлға имиджі, ұйым имиджі, оқушы имиджі деңгендегенде нені түсінесің? Қандай сыртқы бейнелер көз алдыңа келеді?
- Әйгілі брендтерге ие болған өнімдерді көз алдыңа келтір. Олардың өнім белгілері не үшін өзгермейді?



Имидж(ағылш. *image* — сыртқы түр, бейне) — бұл белгілі тұлға, ұйым яки басқа әлеуметтік объектке қарағанда адамдар санасында қалыптасқан бейне. Ол ұғынып жатқан объект туралы сезіммен әшекейленген ақпараттың үлкен бөлігін сақтайды және белгілі әлеуметтік әрекетке түрткі береді.

Имидж өз иесі туралы ақпарат береді, тез өзгереді, адамдар санасына, сезімдеріне, қызметіне, әрі әрекеттеріне әсер өткізеді.

Имидж адамдардың көңіл-қүйіне әсер өткізеді. Дұрыс таңдалған имидж тұлғаның өзіне болған сенімін арттырады. Адамдар имидж арқылы өздеріне назарды аудару, тілекестік қатынастарды орнату, ілтипат көрсетуі мүмкін.

Имидж адамның ең жақсы сапаларын көрсетуге көмек береді. Адамдағы жеке көрсеттерді жасы-

рады. Мәселен, әшекейлену, киім әшекейлері, пішімі, шаштың тұрмегі мен басқалар қуралында адамдағы бар кемістіктерден адамдардың қөnlін басқа жаққа аудару мүмкін. Көрікті имидж адамдар назарын еріксіз өзіне тартады, басқаларда жақсы әсер қалдырады.

Дресс-код не? Үсті мен басының міндегі адамды тек қана сұықтан, жаңбырдан қорғау емес, бәлкім өзіне назарын аудару құралы да. Киімнің дара түрде болған талап мекеме, үйым мәдениетін, дара жан-дүниесін, мекемеге сәйкес шығармашылық қатынасты, оның да-муына тән сезімін жүзеге келуін бекемдеуге мүмкін-



**БІЛІП
КОЙ**

1-алтын қағида! Қыздарымыз яки жігіттеріміз қандай киім киюлерінен тыс халқымызда жа-зылмаған, бірақ ғасырлардан жетіп келген ақылақ- әдеп қағида-ларынан шетке шықпауы қажет.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Мақалды оқы. Оның мазмұнын имидждің тұлғаларааралық сәйкестену қызметімен байланыстырып түсіндіріп көр.
Киіміңе қарап күтіп алады, мәмілеңе қарап күзетеді.
2. Төмендегі процесті оқы және өз қатынасынды білдір.

Расулжан улken жолды жағалап жолақтан мектепке бара жатқан еди, көзі қошенің бағдаршамында тұрған реклама баннеріне тұсті. Баннерде үй үшін әдемі болған көркем перделердің reklamasы берілген екен. Перденің жасында оны қөрсетіп тұрған әйел адамның суреті Расулжанды өзіне тартты. Ол суретте әйел үстіне футболка мен шалбар киіп алған еди. Расулжан бірден «Руханият негіздері» пәні оқытуышысы, «Әдебиет» пәні оқытуышысы сабактары барысында айтқан өзбек әйелінің ұлттық қимі туралы пікірлерін еске алды. «Ең болмаганды сол суретке заманауи ұлттық қимде түскенде қанишалықты әдемі бейне болар еди, ей, бұл суретті өзгерттіруге маған жол болсын», деді де, жолын жалғастырды.

3. Не деп ойлайсың? Расулжан реклама баннеріндегі суретті өзгерттіруге өз үлесін қоса алады ма? Оның белсенді азамат екендігін қалай сипаттайсын?
4. Аталмыш реклама баннеріндегі перде істеп шығаратын үйым имиджіне бұл жағдай қандай әсер етеді?



БІЛІП КОЙ

2-алтын қагида!

Мектеп ғимара-
тында яки ресми
жерлерде,
айтальық музей,
тарихи жерлерде,
ұлттық мереке-
лерде қатысқанда
әрбір джинсы шал-
бар, майка және
футболкада,
көгілдір, ашық
көйлектерде, спорт
киімдерінде, жыр-
тылған шалбар
және көйлектерде
баруға болмайды.

Имидж екі түрлі
болады. Бұлар:
— корпоратив —
(ұйым, фирма,
кәсіпорын, меке-
ме, саяси партия,
қоғам үйімі және
т.б.) — индиви-
дуал — саясатшы,
кәсіпкер, артист,
бастық және басқа
белгілі сынып
және кәсіп бағы-
тына жеке тұлға-
лардың имиджі.

дік жаратады. Киім әдемілігі, сапалылығы және та-
залығымен ажыралуы қажет. Киімдегі тәртіптілік әрі
ыңғайлышы қебінесе адамдардың жұмыста, окуда
және қоғамда қандай орын тұтуымен белгіленетін қа-
жетті қасиеттердің бірі.

Азаматтық қоғамының белсенді мүшелері киетін
бас киім қандай болуы керек:

Шалбардың ұзындығы:

- шалбардың алдыңғы жағынан аяқ-киімнің үсті-
не аздап реттеліп тұруы, арт жақтан табаның
басына яки ортасына жетуі қажет;
- шалбардың сзығы жақсы үтіктелген болуы ке-
рек;
- шалбарға тағылатын белбеу басқаларды өзіне
тартпайтын қарапайым болуы.

Көйлектің көрінісі:

- белдің айналасында тақталып қалмауы, ісіп тұр-
мауы және белбеудің үстінен шығып кетпеуі қа-
жет.
- көйлек әрдайым костюмдегі ең тоқ реңнен
жарқынырақ болуы қажет.

Киімнің жағасы:

- белгілі бір өлшемге сай болуы шарт;
- оның қыртыс болмауы және галстугы мен жеке
даралықты құрастыруы керек;
- ак көйлектегі сзықтар әр қандай реңде болуы
мүмкін, бірақ костюмнің ішінен әр түрлі үлкен
гүлді көйлектерді кимеу керек.

Галстук тағу:

- костюмге сай болуы керек;
- әр қандай таңдалған галстук көзге дара тастал-
мауы қажет;
- галстуктегі негізгі тұс костюмдегі тұске сай
болғаны абзal;

→ галстук тұтылғанда оның түйіні көйлектің жағасына сай келуі керек.

Аяқ қиім:

- Аяқ қиім айналадағылардың көзіне тасталып тұрмауы және иесіне қолайсыздық тудырмауы қажет;
- аяқ қиім түсі әдетте қара болуы дұрыс болады;



ТАЛҚЫЛАУ ҮШІН

Автобус салоны адамдармен кептеліс... Жолаушылар өз қиялдарына берілген. Баратын мекен-жай ұзақ. Ортада көрінісі келіскең, талғаммен күнген, галстугы ақ көйлегіне өте жарасқан бір алып жігіт те ойланып бара жатыр. Орындықтардың бірінде отырған қызы оны кенеттен күзете бастады.

«Қандай мәдениетті, келіскең екен, бұл жақсы жігіт. Кімнің жары болса да сүйіктісінің бақыты бар екен». Сондай қиялдармен қызы «қажетті объектті» тағы да күзеттуді жалғастырды...

Кезектегі бекетте автобус жолаушыларды түсіріп және басқа мекенге жол алды. Сол уақытта күтпегендеге «қанаарманымыз» автобустың айнасынан басын шығарды-да, адамдарды түршіктіретін тәрізде сыртқа қарап түкірді. Бұл әрекет бір-екі рет қайталанды. Мұндай күтілмеген жайттан қызыдың тәбеті қашты. Жаңа ғана арыстан келбетті түйілген жігіт енді оның назарында арсыз, ұятсыз адамға айналды.

Иә, мың әттең, кейбіреулерде сұлу сыртқы көрініс пен ішкі әлем арасында жер мен көктей айырмашилық бар...

«Тұңғықтан інжу-маржандар»

1. Сен бұл жағдайды қалай бағалайсың?
2. Бұл процестің имиджке қандай байланысы бар?
3. Бұл «кейіпкерде» руханият қай дәрежеде дамыған? Пікірінді дәлелдеп бер.

→ қара яки тоқ реңдегі аяқ киіммен ақ шұлық киілмейді.

Әйелдер үшін жұмыс киімі: юбка, костюм яки көйлек және костюм. Юбка ұзын да емес, келте де емес, ең ыңғайлы ұзындық тізеден төмен болуы қажет. Әмиян қарапайым және таза болуы керек. Оны жақсы жабылуы үшін толтырып жібермеу керек.

Туфлидің алды жабық болуы қажет. Шаштың бауы құрделі болмауы, бірақ жақсы ойланған болуы, шаштың реңі табиғи болуы қажет. Әшекейлену сипайы болуы, тырнақтар түссіз болуы керек.

Мойынға тасталатын орамал яки шарф жарамды есептеледі. Таңдалған киім уақыт және ортамен сай болуы қажет. Әйелдердің көрікті көрінісінде тағы бір шағын сыр жасырынған. Бұлардан таралып тұратын шешімнің сыры. Әтірдің иісі ішкі және сыртқы сұлтулықты сәйкестендіріп тұрады.

Кейір адамдар әдемі болмауы мүмкін, бірақ оларда рухани қасиеттері көп болса, өзгелердің назарын тартады. Кәсіпкер адам мәмілелі, көңілі ашық болуы, сұхбаттасымен сөйлескенде өзінің пікірлерін еркін айта алуы қажет. Адамның ішкі дүниесін сезіну, оны түсіну, алдыннан болатын келсісөздер шешімін сезіну яки өз сұхбаттасының көңіл-күйін біліп, тақырыпты өзгертуру қабілетіне ие болған адам тек ізгі мақсатты жүзеге асуына себепші болады, жамандықтардың алдын алады.

Сабактың нәтижесі. Адамның имиджі оның дүниеге көзқарасы, руханиятының айнасы. Ал руханият, адамның барша көзқарастарының өлшемі болып табылады.



ТАҚЫРЫПТЫ

ПЫСЫҚТАУ ҮШІН СҰРАҚТАР

1. Имидж адамзат руханиятына қалай әсер етеді?
2. Тәлім мекемесі окушысының имиджі қандай болуы керек?
3. Белгілі бір ұйымның дамуында имидж қандай орын тұтады?
4. Сен өз имиджінді жаратуда негізінен нелерге назар аудаrasың?



ЧИСТОН-ЖҮМБАҚ

Киімі бар, бірақ «жалаңаш»... Ол кім?



15-§

Адамзат руханиятында этикеттің орны



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТЫРАТЫН СУРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. «Этикет» ұғымына анықтама бер. Сен этикет дегенде нені түсінесің. Этикетті үйрену не үшін керек?
2. Әдеп-акылақ қагидаларымен этикеттің қандай айырмашылығы және ұқсас жақтары бар?
3. Қоғамда қабылданған тәртіп-ережелерді — этикеттің алтын қагидалары деп атауға болады ма? Пікірінді негізден бер.



тиcket (франц. etiquette — белгілі жерде орнатылған тәртіп-қагида) — адам және қоғам сыртқы мәдениетінің негізгі бөлігі болып, ғасырлар барысында сұлулық, тәртіп, ақыл және жігердің сәйкестігі негізінде қалыптасқан эстетикалық мөлшерлердің жиынтығы.

Этикет адамның басқалармен шынайы қатынасы, оның рухани-мәдени деңгейі, ақылақтық мөлшерлерге жетелеуші тәрбиені өз ішіне алады.

Әрбір адамда этикет даму қасиетіне ие және ол әркімде әр түрлі дәрежеде қалыптасады. Бұл адамның сыртқы мәдениеті, өзара қатынастарда өзін ұстауы, әдеп-акылақ зан-қагидаларына қай дәрежеде мән беруімен белгіленеді.

Мәміле сұхбаттасудың кажетті құралы. Мұнда жалпылай таныған қагидалар бар. Сұхбаттасының сөзін бөлмesten есіту тек қана құрмет белгісі емес, бәлкім адамның зейнеті де. Этикеттің алтын қагидалары бар, олар туралы сөз жүргіземіз.

Сәлемдесу — тіліміздегі мейірбандық, мейір-махабbat, мейір-шапағат, қадір-қасиет деген терең мағына-мазмұнды өзінде топтастырған рухани құндылықтарымыздан есептеледі.

Сәлемдесу — маныз-назарымен тілекtestікті көрсететін және құрметті білдіретін әдет. Сәлемдесу күнделікті өмірімізде көп қолданылатын қасиет есептеліп, адамнан сыпайылықты талап етеді.

Әдепте оның белгілі шарттарына мән беру қажет. Әр адамға мәміле жасалғанда оның саған қарағанда жасы, абырой-беделі қандай екендігі есепке алынуы керек. Басқалардың абыройы саған қарағанда төмен болса да, жоғары болса да, оларға жақсы мәміледе болу керек. Олар басқаша жол ұстанса да, сен есеппен жұмыс көруің қажет. Бұл түр жұмысның жауабын қиямет күні көресің. Жалпы, баршамен жақсы мәміледе болу ізгілік болады.

«Хамса»

Сұхбатасты тыңдал жатқанда лажы барынша, басқа нәрселерге шалғымау керек. Айтып жатқан сөздерін макұлдау мағынасында басыңды сілку, «шындығында», «дұрыс», «тауып айттың», «мен де қосыламын», «әдемі бейнеледін» сияқты макұлдау мағынасындағы сөздерді айту мақсатқа сай.

Сұхбат процесінде кейде бірнеше адам қатысуы мүмкін. Мұндай жағдайда сұхбаттың тақырыбы әрбір адам үшін қызықты және түсінікті болуына қол жеткізу қажет. Топтағы сұхбаттар үшін мұлдем таныс емес болған тақырыптар — оқу, мекеме, ұжым орнындағы проблемалар, кемшиліктер, жанұядағы келіспеушіліктер жағдайлардың қызығы жоқ.

Қазірде телефон тармақтары арқылы жасалатын мәміле де мәміле мәдениеті мөлшерінде болуы қажет.

Заманауи этикетке сәйкес, телефонда сөйлесудің де тәртіп-қағидалары бар. Олар, негізінен, төмендегілер:

- ➔ сөйлесу қысқа, түсінікті, анық мақсатқа бағытталған болады;
- ➔ адасып қоңырау соққан адамға кері және кескін емес, сыпайылықпен жауап қайтарылады;
- ➔ сөйлеу тіліміздегі «кешіресіз», «өтініш», «ризашылық», «дән ризамын» сияқты сыпайы сөздерден пайдалану мақсатқа сай саналады.

Киім — адамның мәдени дәрежесін көрсететін неғізгі белгілердің бірі.

Киіну мәдениеті — адамның сыртқы көрінісі, оның рухани дүниесі, эстетикалық талғамы, сондай-ақ ақылақтық сапалары және ақылдылық қабілеттілігін көрсететін ұғым. Ата-бабаларымыздан қалған рухани мұраларда киіну мәдениеті, талғам, парасат, ұят сияқты адамилық қасиеттермен байланысты түрде талдау жасалған.

Киіну адамның сұлулық, эстетика, әсемдік, әдеп жөніндегі көзқарастарды бейнелейді. Сол үшін кейбір халықтарда «Киіміне қарап күтіп алады», деген нақыл бар.

Сабактың нәтижесі. Этикет — адамның ішкі рухани әлемі мен сырткы рухани деңгейін көрсететін айна. Дегенмен, нәзік талғамды, жоғары руханиятты адам ғана барша рухани-ақылақтық қасиеттерін өзінде топтастыра алады.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШІН СУРАҚТАР

1. Кім бірінші сәлем беруі керек деп ойлайсын?
2. Аталмыш жағдайға өз пікірінді білдір. Сен қандай сәлемдесуді мақұл көресің?

Ф. есімді 10-сынып оқушысы үйінен шығуында тізеден тәменге түскен юбка және сыпайы кофта күп шықты. Ф. көршісі жолақтың лифтіне кіріп юбкасын өзінікіне қараганда 30-40 см келте юбкаға, кофтасын денесін қысып тұратын тар, өтеп жүқта ақ матадан тігілген кофтаға алмастырып, беліне дейін түсетең шаштарын жайып шығып кетті. Ал үйіне қайтуда бұл жағдай көрісінше қайталанды.

Бұл жағдайды көріп тұрган көршилер арасынан қария жастағы ана Ф.-ға ескерту жасамақ болды. Бұған жауап ретінде ол «Саган не?» деген сияқты дөрекі мәміледе болды.

Мұндай жағдайға сәйкес Сенің пікірің?

3. Аталмыш мәтінді оқып, ұлттық киімдер туралы өз пікірінді түсіндіріп бер.

Адам тарихынан белгілі, ұлттық киімдер халықтардың мәдениеті және руханиятының айнасы. Әрбір ұлт киімдерінің қалыптасуында сол ұлттың географиялық орналасуы, әлеуметтік тұрмыс салты жеке орынга ие. Қозамның дамуы, жаһандану процесінде де киімдердің жетіліп баруына өз есерін көрсетіп келеді.



ЧИСТОН-ЖҰМБАҚ

Өз-өзіннен қашу, мүмкіндіксіз бекер... Ол не?

10-сыныпты аяқтаймыз!

Қадірлі оқушы! Бұл оқу жылы барысында «Руханият негіздері» пәні бойынша сабак жаттығуларымыз да аяқталып қалды.

Сен өткен оқу жылында адамға тән болған рухани-ақылақтық қасиеттер мен оларды жүзеге асыруда жанғя, махалла және мемлекеттің орнын әр түрлі хикмет, хикаят, аңыздар, сондай-ақ қоғамымыздың дамуына үлес қосқан ұлы ғұламаларымыздың насиҳаттары арқылы оқып үйрендің, пікірлер жүргіздің. Руханият ұғымына оны әрекетке келтіретін құралдар туралы мазмұн мен маңыз арқылы тереңірек кіріп бардың.

Дегенмен, руханият адам және қоғам өміріндегі өзіне тән құндылық. Онсыз не қоғам және не адамның өмірін елестету мүмкін. Тарих пен мәдениеттің дамуы соны көрсетеді, яғни мәдениет және руханияты жоғары халық, ұлт қана өздігін таниды, өзгелермен адамилық қатынаста бола алады.

Руханият — адамилық қатынастарда, қоғам өмірінде өзін ұстай білу және өзгелердің назарында кім екендігін көрсетіп беру. Онда мейір-махабbat, ізгілік, адамзатты тану, оны түсіне білу, кешірімді, ибалы және ұтты болу, басқаларға жақсылық жасау қасиеттері топтастырылған. Ең қажеттісі, руханият ұғымдарын, таңқаларлық хикмет пен аңыздар негізінде менгеруің барысында құндылықтарымыздың өміршендігі, материалды және рухани өмір сәйкестігі, ағартудың руханиятқа болған әсері Саған көп нәрсені менгеруге көмек береді.

Адамилық қасиеттерді жетілдіруде әрдайым практикалық, өмірлік тәжірибелінің, терең теориялық білімнің әдебиет пен ағартуға таянады және рухани сенімінді одан әрі бекемдеуіңе қызмет етеді.

Қоғам өмірінде жасап, оның руханиятынан кенде бола алмаймыз. Солай екен, азаматтық қоғамы адамилық қасиеттер, жоғары руханиятты, өз құқықтары мен тарихы, әдет-ғұрпы, дәстүрлерін құрмет еткен, оларға сенімді болып, бүгінгі жаһандану процесіне өзінің білімі және ағартушылығы, руханияттымен жауап бере алатын жастар қоғамы. Мұндай қоғамға сай болуыңа Сен менгерген аталмыш оқулық рухани негіз болып қызмет етуіне сенеміз.

Сен өткен оқу жылы барысында менгерген тақырыптарды енді аяқтамаймыз. Алдағы оқу жылында руханиятқа тән ұғымдарды кеңірек менгеруге, рухани әлемінді одан әрі байытуыңа көмек беретін тақырыптарды оқып-үйренесің.

Рухани сұлұлықты қөnlіндегі пайда болуына ізгі ниетінде сәттіліктер тілейміз. Ілім алуға болған ұмтылуың, кітап оқуға деген қалауың ешқашан сөнбесін!





1-§

Адамзат — кісілік қоғамының жаратушысы



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРАТЫН СУРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Қоғамды адамдарсыз көз алдына елестету мүмкін бе?
2. Адам атауына сипаттама жаса.
3. Неге адам қоғам шығармашылығы делінеді?
4. Суреттерде кісілік қоғамының қандай шығармашылықтары бейнеленген?

Aдам басқа жандылардан өзінің жадымен, ойлауды, тілімен ажыралып тұрады. Адам қызметін басқаратын әрекеттер сол тіл арқылы бабалардан ұрпақтарға жетеді. Бұл қоғамда адам тек мәдение-тімен жоғары дәрежеге көтеріледі.

Сондай-ақ, адам өмірінде еңбек негізгі рөл ойнайды. Еңбек арқылы адам жасап жатқан табиғи органы жақсылайды, материалды және рухани байлықтар жаратады, өзін-өзі өзгертеді. Мұнан тыс, еңбек адамның тек дене тәрбиелік емес, бәлкім рухани, мәдени да-мыы үшін де өте қажетті фактор болып саналады. Еңбек арқылы адам табигатпен қатынасқа кіреді. Еңбек сұлулық пен жасамназдық арасындағы өнер табыстары және өзгерістер негізі. Еңбек жастарды тек бүгінгі күнге дайындал қана қоймай, сондай-ақ, жастар үшін жарқын болашақты жаратуға да үндейді.

Адам туралы бүгінгі күнге дейін түрлі мемлекеттерде, түрлі дәүірлерде түрліше талқы және анықтамалар беріп өтілген.

Адам және оның мәні туралы көзқарастар алғаш ежелгі Үндістан және Қытайда жүзеге келген. Ежелгі Үндістанда тұлғаның келіп шығуы туралы «адам қай жерден пайды болған», «біз қай жерде жасаймыз» сияқты сұрақтар ғалымдар тарапынан терең үйренілген және адамның әлеуметтік-рухани маңызы талқыланған. Адамға анықтама берер екенбіз, қытайлық Конфуций: «Білу — адамның білімі», деп айтқан. Адам тынымсыз өзін-өзі білу арқылы кәмілдік дәрежесіне жету мүмкіндігіне ие. Неміс ғалымы Иммануэль Кант адамды дүниедегі ең негізгі барлыққа теңестіреді.

Ежелгі юонон ойшылдары адамға өзгеше анықтама береді. Эсіресе, Сократ, Платон сияқты ғұламалар адам өмірін мәртебелікпен аяқтау мүмкіндігі бар екендігін айтып өткен. Олардың пікірінше, адам рухани барлық ретінде қасиетті маңызға ие.

Отандастырылған ойшыл Әбу Насыр Фараби адамның барша болмыстардан айырмашылығы оның сана-сезімінде дейді. Тағы бір ғұлама Әбу Райхан Беруни адамның құдай тарапынан жаратылғанын көрсетіп, сол уақытта оның бүкіл өмірі мен физикалық құрылымы географиялық факторларға байланысты екенін көрсетіп отеді.

Азиялық ғұлама Фаззолидің пікірінше, адам ұлы жаратушы және оның алдында тұракты қауіп-қатер бар. Ол айтады, яғни проблемаларды, қауіп-қатерлерді шешкен тұлға ғана бақытты. Ұлы ғұламаларымыз адамдарға өмірдің мағынасы, адамның қасиетті маңызын білуге ұмтылу, адаптацияның мейірін, рақымшыл болуды үқтырған.

Мауарауннарда ояну дәуіріне сәйкес үлес қосқан ғалымдардың ілімдерінде адамның материалдық және рухани өмірі табиғатпен сәйкес түрде харakterленеді. Екеуінің арасындағы қатынастар адамның дамуымен байланысты деп көрсетіп өтіледі.



БІЛІП ҚОЙ

Адамтанушы ғалымдардың пікірінше, білімдерді 100 пайыз деп алсақ, содан 97 пайызын болмыс туралы, не бары 3 пайызын адам туралы білімдер құрайды екен.

«Адамзат палсанасы»

«Адамды алау емес, өзінің мешеулігі жандыrap. Баршадағы кемшілікті көрер де, бірақ өзіне көрдей қарап. Неге қалай қарасаң, ол да саған солай қарап».

Жалолиддин Руми



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Төмендегі кестені толтыр. Ежелгі Батыс және Шығыс ғұламаларының көзқарастарында адамға тән болған қасиеттерді анықта.
2. Кестенің 3-қатарын өз пікіріңмен сипаттап бер.

АДАМЗАТ ТУРАЛЫ		
Ежелгі Шығыс ғұламаларының көзқарастары	Ежелгі Батыс ғұламаларының көзқарастары	Ұқастық жақтары

Нәресте жануяда алғаш рет әлеуметтік-мәдени құндылықтарды жануяда мен-гереді. Тұлғаның қалыптасуы, оның сапалары қарап табуында ол ұмтылатын мәдени әлеуметтік орта және орындауы қажет болған тапсырмалардың да орны үлкен.

Бұғаңғы демократиялық қоғамның тірегі есептелген адам әр нәрседен үстем. «Барлық нәрсе адам үшін және оның мүдделері үшін» деген түсінік жоғары құндылық ретінде қаралуда. Адамдардың әлеуметтенуі қоғам өмірінің жасампаздығы және тұрақтылығының көпілі. Адам табиғат пен қоғам бауырында адам ретінде қалыптасады және өздігін көрсетеді. Ғылым мен техника адамның рухани және материалдық қажеттіліктерін сіндіру факторы, қажетті құралы болып қызмет етеді. Адам жоғары руханият арқылы ғана өз қажеттіліктерін мәдени түрде өнімді және толығымен сіндіру мүмкіндігіне ие болады.

Адамдардың өзін-өзі дамытып баруы, қоғамның белсенді мүшесі болуы, ұлт тағдырын әр нәрседен үстем қоюы оның адамгершілігінен дерек береді. Адамгершілік ұлт көніл-күйінің ажырамас бөлігі. Өзбек ұлты адамзат тарихында көптеген сыналатын дәүірлерді, ұрыс-керістер, өмірдің түрлі әділет-сіздіктерін басынан өткізген. Бірақ тарихтың түрлі аяусыз жанжал, қанды шайқастары да, табиғи апаттар және басқа қындықтары да өзбек ұлтының адамзаттық факторына дақ түсіре алмады, тізесін бүкпеді.

Шығыста адамзаттық қасиеттер ерте оянган. Себебі біздің Отанымыз Шығыс, мәдениетінің ең жақсы дәстүрлөрі жолымен барып, меймандостық жасаған, кім көмек сұрап келген болса, қолынан ұстаған, бауырмалдық, сауапты



ТАЛҚЫЛАУ ҮШИН

Шынайы адам кім және ол, негізінен, қайсы қасиеттермен зейнеттеген? шынайы адам, бұл — әділет, сенім, жоғары ойлау, дін, берік сенім қасиеттерімен сапаланған, ешкімнен көмегін аямайтын, бауырмалдық, жоғары мәртебелілік, еңбексүйгіштік, жауапкершілік, кешірімділік, аманатқа қиянат жасасмаушылық сияқты қасиеттерді өз мінез-құлқында көрсете білген адам. Ол сондай-ақ, әрдайым жаңа қырлары ашылып баратын мақұлыштардың ең таңқаларлығы, сабырлысы, ақылдысы және зеректісі.

Негізгісі, мұндай ұлы адамдар қогамымызда көшилікті құрайды, оларға басқалар ереді, сөздерін тыңдайды, олардай гибратты өмір жолын басып өтуге бір өмір ұмтылып жасайды.

«Тұңғышықтан маржандар»

- Нағыз адам қандай қасиеттерге ие болуы керек?

Істерді жасау, жақсылық еткенге де жақсылықпен жауап қайтаруды өзінің адамилық борышы деп білген. Шынайы адамсүйгіштік дегенде сондай мәртебелі қасиеттерді өзінде жинақтаған қоғам мүшелерін түсінеміз.

Сабактың інтижесі. Адамдардың ұстемдігі оның материалдық және рухани қасиеттерді бір уақытта көрсете алуы. Адам қоғам мен мемлекетте барша мүмкіндіктерге ие, тек бұл мүмкіндіктерді қоғамның дамуы жолына жұмылдыrsa, жұрт аbat болады, халықтың тұрмысы жақсарады. Адамның адамилығы да оның рухани қасиеттерді қай дәрежеде менгергендігімен өлшенеді.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШИН СҰРАҚТАР

- Адамдардың өзін-өзі дамытып баруы дегенде нені түсінесін?
- Не үшін Шығыста адамилық қасиеттер туралы көзқарастар Батысқа қарағанда ерте оянған? Пікірінді негізден бер.



ЧИСТОН-ЖҰМБАҚ

Есік ашық, бірақ кірмейді. Ол кім?



2-§

Руханият — ұлттың келбеті

БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТЫРАТЫН
СУРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Руханият неге ұлттың келбетіне теңестіріледі? Аталмыш суреттерге қарап, пікірінді дәлелде.
2. Адамзат — қоғам — мемлекет руханиятқа не-гізделеді дегенде нені түсінесін?
3. Руханият қандай ақылақтық сапаларды өз ішіне алады?
4. Сен бүгін ұйқыдан оянып еш нәрсені естей алмай жатырысың. Не атынды, не жанұянды, не қай жерден екендігінді естей аласың. Мұндай адам қоғамда өз орнын тауып кете алады ма? Оның қоғамдағы орны қандай болады? Өйткені адам өз ойлауы, денгейі, білімі, ақыл-жігері — рухани әлемімен ұлттың келбетін, қоғамның негізін жаратады-ғой?!

Pуханият барша ақылақтық сапалардың жиындысы. Себебі, руханият қоғам өміріндегі ақылақтық, діни, мәдени, ағарту және идеологиялық қозқарастарды өзінде толық топтастырады.

Халқымызга тән рухани қасиеттердің құрамына кіретін көптеген ұғымдар мен атауларды тікелей өзге тілдерге аударма жасау қын. Бұл ұлттымыз рухани өмірінің тек байлығын, халқымыздың басқаларға мұлдем ұқсамайтын бірқатар өзіне тән ұлттық-этникалық қасиеттері бар екендігін, тілімізде сол салаға тиісті ұқсайтыны сөздердің бар екенігін білдіреді.

Руханият, ағарту, ақылақ — бұл ұғымдар біреулер жай ғана ойлап тапқан тәтті сөз, құлаққа жағымды

естілетін сөздер емес. Бұл ұғымдар ғасырлар барысында еліміздің дүниеге көзқарасы, рухани өмірінің негізі ретінде жүзеге асқан. Руханияттың ақылақтық мөлшерлері адам тәрбиесі және кәмелетінде жеке орын тұтып, тұлға мен қоғам руханиятын жетілдіретін, ойлаудың дамуында шексіз маңызға ие құндылық қалыптары болып табылады.

Мәселен, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, Отанды сую, өз халқы мен ұлтын құрметтеу, ата-анасын қадірлеу, тыныштық және татулықты сақтау, өз ісіне жауапкершілікпен қарауы, өз Отанының тағдырына қатыстылық сезімі сияқты жоғары рухани қасиеттер өзбек халқының қанына сіңіп кеткен.

Руханияттың ақылақтық мөлшерлері белгілі жағдайларда қалыптасады және сол мағынада ұлттық



БІЛІП ҚОЙ

«Кәміл адам — жалпы адамдардың шындығы болады, яғни адамдардың адамы».

Н. Комилов,
«Кәміл адам — ұлт болашағы»

Руханияттың адамдар тарапынан жүзеге асырылатын өзіне тән ерекшеліктері

Руханияттың шығармашылық сапалары	Руханиятқа қарсы індеттер
Әдел, адамгершілік, ізгілік, мейір-шапағат, адалдық, тазалық, тұра сөздік, отансүйгіштік, үлкендерге құрмет және кішілерге ізетте болу, сыпайылық, ұяты, саналы, ар-ожданы, ар-ұяты, ержүректілік, жомарттық, кеңпейілділік, турашыл, шыншылдық, мейірбандық, әділдік, занға бойсұну, иман, сенімділік, сенгендік, ынсан және адал ниетті, ықыластылық және басқалар.	Бұзықтық, өтірікшілік, зорлық-зомбылық, формализм, немікұрайдылық, көзбояушылық, жалған абыроға ұмтылу, тәқаппарлық, менсінбеушілік, жерлестік, қорқақтық, ысырапшылық, сараңдық, мақтаншақтық, дөрекілік, тасбауыр, өзіне артықша баға беру, менмендік, мақтаныш, алыстан көрмеушілік, жаман әдет, өзімшілдік, жалқаулық, парапорлық, мансапқорлық, атаққұмарлық және басқалар.

орта олардың одан әрі дамуына көмек береді, қоғам мұшелері бұдан өздеріне керекті сапаларды алады. Дәл сол белгілер адамдарды бір-біріне жақындастырады, олардағы жекелікті жарқын көрсетеді. Руханияттың ақылақтық мөлшерлерін ақылак, әдеп, адамгершілік, ізгілік, мейір-шапағат сияқты адамзаттық қасиеттерсіз елестетуге болмайды. Сол мағынада руханияттың ақы-



ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Төмендегі хикаяны оқы және ұлттың келбеті мен байланыстырып түсіндір:

Автобуста кетіп бара жатыр едім. Арт жақта ерекше киінген, қолында әдемі мектеп сөмкесін көтеріп алған, шашақтарын әдемі етіп өрген 17-18 жастар шамасындағы қыздың телефонда сөйлесуі адамдардың назарын тартты.

— Да, ана, мен саған неше рет айттым, кешірек барамын, бүгін достарым мен ұшырасамын, деп...

Бұл өспірім қыздың анасымен телефонда сөйлескенін автобустағылардың баршасы есітті. Кейбіреулер оның анасына қылған мәмілесінен наразы болып, бастарын шайқап қалды. Ол бірнеше бекет жүріп түсіп қалды.

Жұмыстан соң үйге қайтып жатқанымда кеш түсіп жатқанынан ба, автобус бостау еді. Автобустың арт орындығында тағы сол анасын жеркіп берген қызы екі досымен телефонда бірденелерді тамашалап, жоғары дауыспен күліп барап еді. Автобустың іші бос болғандығынан бұл жағдай жүргізушінің назарын тартты. Тағы 500 метрдей жүрді де, жүргізуші кенеттен автобусты тоқтатты және сол қыздардың алдына келіп: «Ұялмайсыңдар ма, үп-үлкен қыздар бақырып күлуге, сендер жас бала емессіндер ғой?!», деді де, тағы да жайына қайтып, автобусты айдал кетті.

- Сен автобустағы жағдайға қалай қарайсың? Руханиятты адам қоғамдық жерде өзін қалай ұстаяу керек?
- Адамның сыртқы көркі оның әдебіне сай келуі қажет пе?
- Рухани қасиеттердің адамда болуы қоғамға қалай әсер етеді?

лақтық қасиеттері руханият түсінігімен табиғи байланысты.

Руханияттың бас мөлшері мен міндегі тұлғада ақылақтықты, адамсүйгіштікті қалыптастыру болып табылады.

Рухани қасиеттер тұлғаның рухани дүниесінің қалыптасуы сияқты күрделі, кейде қарама-қайшылы өтетін, әрдайым да бір мөлшер, өлшемдермен өлшене бермейді.

Руханият — адам, халық, қоғам және мемлекеттің интеллектуал деңгейі, ағартушылық күш-күдіреті. Мұны төмендегілер арқылы ашып береміз:

- ➔ әлеуметтік қатынастар мен адамдар арасындағы өзара байланыстарды тәртіпке салатын талап пен қағидалар жиынтығы;
- ➔ халық және қоғам өмірімен байланысты рухани құндылықтар, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, ізгі идея мен мақсаттар тізімі;
- ➔ өнегелілік, мәдениет, ағарту, дін және тәлім-тәрбие жүйесінен тұратын жеке рухани оқиғалар жиынтығы;
- ➔ рухани процестер, адамның өзін және өзі жасап жатқан дүниені жетілдіретін шығармашылық қызметі;
- ➔ адам көмелеті, жеке-акылақтық ерекшеліктер мен ағарту қасиеттер жиынтығы.

Қоғам руханиятын қалыптастыратын мөлшер және бағыттарын энциклопедист ғалымдарымыз жаратқан рухани мұра үлгілері арқылы танимыз, олар тарапынан жаратылған адамгершілік қасиеттерді өз өмірімізге сіндіріп барамыз. Мәселен, Беруни, Әл-Хорезми, ибн Сина, Имам Бухари, Ат-Термези, Ахмет Яссави, Мырза Ұлықбек, Әлішер Науай, Захириддин Мұхаммет Бабыр

«Орынды, өнегелі және әділ жасамай тұрып, жақсы өмір сүрге болмайды және керінше, жақсы өмір сүрмей жатып, орынды, өнегелі және әділ жасап болмайды».

Эпикур

«Біздің ең үлкен байлығымыз — бұл халқымыздың үлкен интеллектуал және рухани деңгейі».

**Шавкат
Мирзиёев**

«Барша
қасиеттер сияқты
өзін ұстай білу
де жаттығу
арқылы дамиды.
Кімде-кім үлкен
жасқа жеткенде
өз сезімдерін
басқаруды
қаласа, бұған
ол жастайынан
үйренуі қажет».

Т. Спенсер

және басқа ұлы ғұламалар руханияты кең және білім дәрежесі жоғары адамдар болған.

Басқаша сөзben айтқанда, дәл олардың символында руханият ұлттың келбетін көрсеткен. Руханият адамның, халықтың, қоғамның, мемлекеттің құш-құдіреті деуі дәл ақиқат. Руханият жоқ жерде не бақыт болады, не қоғам жетіледі, не тарихи мұра сақталады, не ұлттық құндылықтар өз шешімін табады. Ұлттың ұлт ретінде қалыптасуы, қоғамның дамуы, тұрақтылығы адамдардың ойлауының жетілуі үшін рухани құндылықтар және адамгершілік қасиеттерге сүйенеміз.

Сабактың нәтижесі. Ұлттың, халықтың рухани келбеті қоғам мен мемлекеттің дамуы, кепілі болады. Рухани келбетсіз адам өздігін жоғалтады. Оның үшін не Отан, не ана жері, не махалла, не жанұя бар болады.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШИН СҮРАҚТАР

1. «Руханияты жоқ адамның болашағы жоқ», деген пікірді сипаттап бер. Адам болашағының руханиятқа қандай байланысы бар?
2. Демократиялық қоғам дамуын руханиятсыз елестетуге болады ма?
3. Адам кәмелеті қандай қасиеттер арқылы жетіліп барады?



ЧИСТОН-ЖҮМБАҚ

Мемлекет емес, бірақ әрдайым құрмет пен ізетте.
Ол кім?

3-§

Рухани кемелдік



БЕЛСЕНДІЛКТІ АРТТЫРАТЫН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Рухани кемелдік дегенде нені түсінесің?
2. Адамның құқықтық, адамгершілік, ғылыми, көркем деңгейі немен өлшенеді?
3. Төмендегі суреттерде бейнеленген жастарды рухани кемел адам деп атай аласың ба? Пікірінді дәлелдей бер.



Жас ұрпақты денелік тұрғыдан мықты, рухани кемел етіп тәрбиелеуде руханияттың әсері шексіз үлкен.

Дегенмен, кемел ұрпақ тәрбиесінде, жастарымыздың өздігін тануға, мемлекет пен қоғам, халық және жанұя үшін сәйкес перзент болуларында руханият шексіз күш ретінде өз әсерін өткізеді.

Рухани әсер дегенде дәл руханиятқа тән болған сапалардың адамға тікелей әсері түсініледі. Ол өз ішіне өнегелілік-әдеп, құқық, әсемдік, мейір-махаббат, мәміле мәдениеті, жауапкершілік, қатыстылық, аққонілділік сияқты қасиеттерді қамтып алады.

Рухани әсер ұғымын екі түрлі айтуға болады: біріншіден, әр қайсы адамның кемелеті рухани әсердің туындысы болады, екіншіден, адамның өзі де басқалар үшін рухани әсердің көзі. Себебі әрбір адам ата-бабаларынан қалған рухани-материалды мұра, ізгі қасиеттерден әсерленген түрде өзінде таза ниет, саф ұмтылуларды топтастырып барады.



Егер бір жылды көздесен салы ек. Егер 50 жылды көздесен, ағаш отырғыз. Егер 100 жыл пайда беруді көздесен перзент тәрбие.

Қытай хикметі

«Өмірде сәттілікке жету үшін үш нәрсе керек: зейін, тәртіп және әрекет».

Жалалиддин

Руми



Рухани әсердің белгілі бір халық шенберіндегі көрінісіне бірер ғұлама яки ойшыл ізінен барған сол халықтың кейінгі ұрпағы өмірі мен шығармашылығын салыстырып көргенде, мұны сезу қызын болмайды. Мысал үшін, ойшыл Әлішер Науайдың өлмес мұрасы, інжу-маржан шығармаларының маңызы одан кейін жасап-қызмет көрсеткен Огахи, Мунис, Мұқими, Фурқат, Завқи сияқты ондаған ақындар шығармашылығында көрініс тапқан. Жаңа ғасырға келіп Шолпан, Авлони, Хамид Олимжон, Fafur Fұлам, Айбек, Мақсұт Шайхзада сияқты жасампаздар да бұл дәстүрлерді жалғастырған және дамытқан. Жалпы алғанда, рухани әсер — бұл ата-ананың перзентке болған ғибраты.

Руханияты берік болған халыққа ие елдің болашағы да тұрақты болады. Руханияты берік ұлт, азамат өз жолынан адаспайды. Ол қоғам өмірін өркендетуге тек теориялық көзқарастарымен ғана емес, бәлкім практикалық қызметімен де үлесін қосады. Отанды сую, отансу йігіштік адам руханиятын белгілейтін негізгі факторлардың бірі.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТТІҢ СҰХБАТЫ

Шәкірт сұрады: Ақылды перзент қасиеттері неде көрініс табады?

Ұстаз жауап берді: Ақылды перзент Отанына сенімді, ана жеріне махаббаты шексіз, елі мен халқы өткенінің білімпазы, ұлы ата-бабаларының құнды мұрасы және қызметтерін терең қадірлейтін және сақтайтын, жүртүнина, халқына шын көңілден қызмет ететін жсан-жақты кемел адам болып табылады.

1. Ақылды перзент дегенде қандай қасиетке ие болған адам назарда тұтылады?
2. Бабалар мұрасын күтіп ұстая қандай қасиеттер қатарына кіреді?
3. Кемел адам Ұстаз айтқан ізгі сапалардан тыс, тағы қандай қасиеттерді өзінде іске асырған болады?

Руханият кемел тапқан қоғамда қабілет, дарын иелері сол қоғам, ұлттың жүзі, мақтанышы, абыройы есептеледі. Руханияты жоғары қоғамда ақыл, салауаты пікір, әділет және жақсы мінез-құлық үстем болады. Мұндай қоғамда халықтың, ұлттың ертеңгі күнге сенімі құшті болады, адамға тән болмаған кері індеттер орын табады. Руханият үстем болған жерде, ол құтқарушы күшке айналады. Адамдардың көңілінен орын алады. Қай жерде руханият, жастар тәрбиесі өз еркіне тастан қойылса, ол қоғамның өмірінде бытыраңқылық пайда болады. Мұның үшін әрбір азамат парықсыз бен немқұрайды болмай, тынбай өз үстінде істеуі, қоғам мен ел тағдыры үшін жасап, қызмет көрсетуі қажет. «Жанұя мен қоғамның абыройы, мен үшін қадірлі», деген пікір әрдайым көңілінде болуы қажет.

«Халық — ұлы және абыройлы жолдан ілгерілеп бара жатқан ұлken керуен сияқты. Оны жолдан ауындыруға ұрынушылар, мезетті көзденеп арқасынан тегеурін көрсетушілер әрдайым болған, бұдан кейін де болуы мүмкін. Керуен қауіпсіз болмас, деген сөз бекерге айтылмаған. Халық керуенін ешқандай күш артқа қай-



ТАЛҚЫЛАУ ҮШІН

1. Зая кеткен уақыт, қайтып берілмейді, деген пікірге қалай қарайсың?
2. Әзірет Элішер Науайдың мына хикметінے құлақ сал:
«Xazon sipohig ‘a, ey bog ‘bon, emes tone’, Бұл bog ‘ tomida gar ignadіn tikan qilg ‘il», яғни адам өз өмірін инелі сым тоқауылдармен берік орап қойғанда да ол ешқандай уақыт қарқындылығынан өзін сақтап қала алмайды. Демек, әрбір уақыттың қадіріне жет!
3. Рухани кемелдікке қол жеткізу үшін уақытты қалай жұмсау керек?
Пікірінді өз күнделікті қызметіңмен байланыстырып түсіндір.

«Ар-ожданыңа кері журме және ақиқатқа қарсы нәрсені сөйлеме.

Сол қажетті насиҳатқа көніл бөлсөң, өмірінде өз алдыңа қойған міндеттерді толығымен орындаісың».
Марк Аврели

«Еліміз жастары арасында ғылым, тәлім-тәрбие, медицина, мәдениет, әдебиет және өнер, спорт, істеп шығару, әскери қызмет салаларында, жалпы, барша кездерде жанкештілік көрсетіп келе жатқан азамат қызыда-рымыз өте көп. Олар өзінің физикалық және рухани деңгейі, дарын және шеберлігін көрсетуі үшін қажет жағдай-ларын жаратып беру барысында мемлекетімізде көп жұмыстар істелініп жатыр және болашақта да оларды әлбетте жалғастыра-мыз».

**Шавкат
Мирзиёев**

тара алмайды. Неге дегенде, халықтың көнілінде не-не бабалардан мұра жеңілмес күш — руханият бар».

Ізгі амалдар, ер жүректілікке тең жұмыстар на-nym-сенімі берік адамдарға тән болған қасиеттерден саналады. Сол үшін ел-жүрттың дамуына сәйкес үлес қосу, кәсібінің абыройына дақ түсірмеу, әрдайым ұлт-жанды болу жауапкершілігі қасиетті құндылықтардан есептеледі.

Руханиятты қалыптастыратын негіздерді тоłyқ менгерген азаматтар, әсіресе, жастардың өмірге, қоршаған ортаға, жанұяға, әлеуметтік-саяси процестерге шығармашылық қатынасы олардың ізгілік, адами-лықпен жасауға, рухани кемел табуына алып келеді.

Сабактың нәтижесі. Рухани кемел тұлға, не жақсы да, не жаман екенін ажыратып, өмірде қисынды қарарлар қабылдайды. Рухани-адамгершілік қасиеттерді жетілдіру жастар руханиятының ажырамас бөлігі. Дегенмен, рухани деңгейлі кемел ұрпақ ел тірегі және болашақ сүйеніші болады.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШИН СҰРАҚТАР

1. Рухани кемелдікті қалыптастыратын факторларға нелер кіреді?
2. Руханият үстем болған жерде қоғам мүшелері қандай қасиеттерге ие болады?
3. Рухани кемел тұлға тәрбиесінде жанұя мен ма-халланын орнын дәлелдеп бер.



ЧИСТОН-ЖҮМБАҚ

Әрдайым тартымды, сырлы, өмірді арнауга арзиды. Олар нелер?

4-§

Өзбекстан дамуының рухани-адамгершілік негіздері



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРАТЫН СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Руханиятты қалыптастыруда рухани-адамгершілік қасиеттердің орнын қандай сезу мүмкін? Сыныптастарыңмен бірге бұл туралы пікір жүргіз.
2. Жоғары отансүйгіштік түсінігіне төмендегі суреттер арқылы анықтама бер.
3. Рухани-адамгершілік қасиеттердің әдеп-ақылақ қағидаларынан қандай айырмашылығы бар?



азғы демалыс уақытында жоғары сынып окушылары тарих пәні оқытушысымен бірге көне және әрдайым гулденген Самарқант қаласындағы тарихи ескерткіштер, киелі жерлерге барады бұйырыды. Олар зияратты Темури бабамыз Мырза Ұлықбек құрдырған обсерваторияны тамашалаудан бастады. Ол жерден шығып, Бибіханым медресесіне өтті. Бұл жерде адам жиналған еді. Олар кесене есігі алдында зиярат етіп жүрген бір топ шетелдік саяхатшыларды көрді. Кейбір окушылар шет тілінде олармен сұхбаттасып та кетті. Бір окушы ұстазынан сұрады: «Неге көп шет елдік саяхатшылар еліміздегі Бухара, Самарқант, Хорезм және Шахрисабз қалаларындағы қажылық жерлеріне бір рет емес, қайта-қайта келе береді. Өздері жасап жатқан елде соған ұқсас қажылық жерлері жоқ па?» Оқытушы түсіндірді: «Біз құрмет ететін және әрдайым білуіміз керек болған сондай құндылықтар бар, оларды барша мемлекет халықта-



ры қадірлейді, ардақтайды». Оқытушының жауабынан оқушы жалпыадамилық құндылықтардың адам өмірі мен қызметінде қаншалықты орны бар екендігін түсініп жетті.

Өзбекстанның дамуы ұлттық және жалпыадамдық құндылықтарға негізделеді. Отанымыз мәдениетінде жалпыадамилық құндылықтар үстем ұстанымын иелейді. Жалпыадамилық идеялар мен құндылықтардың қалыптасуы ұлттық мәдениеттердің даму ерекшеліктерімен байланысты. Бұл туралы Өзбекстанның Бірінші Президенті Ислам Каримов айтып өткендей, «біз өз өркениетімізді өзге мемлекеттер өркениетінен бөлек көз алдына елестете де алмаймыз және барша нәрсе біз өзімізге байланысты болып қала бермейді». Бұл орында дәл жалпыадамилық құндылықтарға мән берілген. Себебі, жалпыадамилық құндылықтармен ұлттық құндылықтар өзара байланысты болады және бірін-бірі толтырып, байытып барады.

Жалпыадамилық құндылықтар адамды сыйлау, өмірді сую, борыш, сенім, бабаларға құрмет, отансүйгіштік, әділет, ағартушылық, тыныштық, татулық, достық, ынтымақтастық сияқты қасиеттерді құрайды.

Жалпыадамилық құндылықтарға сенімділік жастарымызды дұрыс жасап, өз орнын табуға, қаршаган ортаға жақсы қатынаста болуға, туып-өскен жерін қасиетті деп білуге әрі достықтың қадіріне жетуді үйретеді.

Ал ұлттық құндылықтар сол ұлт, сол елдің халықтары тарарапынан тарихтан сыйлап келе жатқан, адам руханиятын байытуға қызмет ететін құндылықтар болады.

Ұлттық құндылықтарда еңбексүйгіштік, тарихи ескерткішке сенім, сенімге құрмет, мәміледе сырпайылық және саналылық қажетті орын тұтады. «Жоғары руханият — жеңілмес құш» шығармасында «...біз тарих сынақтарынан өткен, ұлттық мұдделеріміз, бүгінгі және ертеңгі арман-ұмтылуарымызға, даму талаптарына толық жауап беретін, жылдар өткен сайын қадірі артып баратын идея мен түсініктерді құндылық деп білеміз», дедінген.

Ұлттық және жалпыадамилық құндылықтарды мәжбүрлі түрде сіндіріп болмайды. Бірер-бір ұлттық мәдениетті ұлықтап, оны басқа мәдениеттен үстем қою және басқа халықтарға мәжбүрлі түрде насиҳат жасауы жағымсыз салдарға алып келуі мүмкін. Көп ұлттық мемлекетте ұлттық мәдениеттерді менсінбеушілік яки оларды кемсіту әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық татулыққа залал жеткізеді. Сондай-ақ, түрлі қарсылық пен алауыздықтардың пайда болуына мүмкіндік тузырады.

Егемендік арқылы біз өз мүмкіндіктерімізді еркін көрсетуге қол жеткіздік. Мұның бірнеше себептері бар. Біріншіден, Өзбекстан Республикасының Негізгі Заң — Конституцияда адамдардың тенденциялары толыққанды өз шешімін тапқандығы болса, екіншіден, мемлекет өмірінде жүзеге асырылған демократиялық реформа және бағыттарының адам өмірі және мүмкіндігімен де үздіксіздігінде болады. Үшіншіден, жастарымызға жаратылып жатқан жағдайлар, әсіресе, өздерінің жеке бизнесін жүзеге асыруда банктерден беріліп жатқан кредиттер, спорт саласына беріліп жатқан назар және оның нәтижелері көрініс табуында.

Қоғамды дамытуда азаматтар тарарапынан рухани қасиеттердің менгерілуі олардың қоғамдағы орнын белгілеп береді, сондай-ақ, қоғамның тұрақты болуында қажетті маңызға ие. Рухани-адамгершілік құндылықтар адамзаттық ерекшелігінің мазмұнын құрайды.

Қоғамның дамуы, адамдардың материалды және рухани қажеттіліктері қаңағаттандырылуында мүлік және еңбектің әлеуметтік бөлінуі қажетті маңызға ие.

Егер еңбек түрлері адамдардың қызығулары мен қабілеттеріне қарап бөлінсе, дерлік әрбір адам өзі білестін көсібін межесіне жеткізіп орындауды, ол өз жұмысымен қоғам өрбүйне белгілі үлес қосады. Өзбекстанның жаңа даму басқышында экономикалық реформалармен бірге рухани-адамгершілік мөл-



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Қоғамның дамуында рухани сапалардың орны үлкен бе яки адамгершілік сапалардың орны ма? Жауабынды төмендегі кестені толтыру арқылы түсіндір.
2. Не деп ойлайсың? Бұл екі сапаның қайсы бірі адам үшін қажетті болып саналады?

Қоғамда бар болған рухани сапалар	Қоғамда бар болған ақылақтық адамгершілік сапалар

3. Егер бұл екі сапаларды азаматтар санасына сәйкестікте сіндіруге қол жеткізілсе, бұндай адамдарға идеологиялық әсер көрсетіп болады ма? Жауабынды дәлелдей бер

Адамдағы жауыздық пен ізгілік те, зиянкестік және қажеттілік те тәрбиенің жемісі.

«Хикметтер қазынасы»

Адамзат адам баласы үшін мұдделі жұмыстарды жүзеге асыра алғандығынан да үstem. Бірақ, әр қандай ортада ділінде иман сенімін асырап сақтауы — бұл адамның ұлылығы болып табылады.

«Өмір хикметі... бақыты»

шерлердің бір-бірімен табиғи байланыстылықта жүзеге асырылып жатқандығы дара көзге тасталады. Рухани деңгейдің күшеоі, адамзат интеллектуал және ақылақтық қабілеттерінің дамуы мемлекетті тек экономикалық, бәлкім рухани жетілуін де қамтамасыз етеді. Рухани-ақылақтық қасиеттер қадірленген елде ғана жетілу болады, азаматтардың ойлауы тереңдейді.

Қоғамның дамуына алып келетін рухани-адамгершілік қасиеттер өзара бірін-бірі түсіну және тану, мейір-шапағат, ізгілік, әділдік, жомарттық, жанұя және Отанға махабbat, сенім, бауырмалдық, меймандастық, адалдық, сенімділік, адал ниетті және басқа соған ұқсас жүздеген ізгі қасиеттерін өзінде сәйкестендіреді.

Сабактың нәтижесі. Қоғам өмірінің тұрақты дамуы адамдардағы бір-біріне болған сенім, әлеуметтік әділет жақтары негізінде жасау, ұлтаралық татулық және ынтымақтастық, заңдардың ұstemдігіне мән беруде дара көзге түседі. Рухани-адамгершілік сапаларға ие болған адам ұлттық және жалпыадамилық қасиеттерді қадірлейді, оны байытып, болашақ үрпактарға толыққанды жеткізуге арналған болады.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШІН СҰРАҚТАР

1. Рухани-ақылақтық қасиеттерді азаматтарға қайсы дәүірден бастап сіндіріп бару қажет?
2. Егер бір адамның білімі, дүниеге көзқарасы жақсы болса да, құлқы, әдебі жаман болса, бұл адамды руханиятты адам дей аламыз ба? Пікірінді дәлелдеп бер.



ЧИСТОН-ЖҮМБАҚ

Сұлу тәлімнің әдеп киімі. Ол не?

5-§

Үлттық дәстүрлердің адам руханияты жетілуіне әсері



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРАТЫН СУРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Үлттық дәстүрлер дегенде нені түсінесін?
2. Үлттық дәстүрлердің адамдар тарарапынан мен-герілуі рухани жетілуге қалай әсер етеді?
3. Суреттерге қарап үлттық дәстүрлермен материалды және рухани деректердің қандай байланыстылығы барлығын айт.



Үлттық дәстүрлер үлт өмірінің әр түрлі салаларында көрініс табатын белгілер, ерекшеліктер, құндылықтар, қызмет түрлері, әдеттер және қасиеттердің ұрпақтан-ұрпаққа өтуімен мұра болып қалуын көрсетуші ұғым.

Үлттық дәстүрлер адам руханиятын қалыптастыруды өздігін тану факторы болып есептеледі.

Үлттық дәстүрлер жалпыадамилық дәстүрлердің бір үлт шеңберінде көрініс табады. Олар арқылы әрбір үлттың белгілі дәуірдегі өзіне тән ерекшелігі, мәдениеті, пәні, әдебиеті және басқа салалардағы қол жеткізілген нәтижелер мен жетістіктері кейінгі дәуірлерде жасап жатқан ұрпақтарға жеткізіледі.

Халқымыз, ұлы бабаларымыздың ізгілік жолындағы сенім жігерін ұзак өткелден бүгінге дейін құлдыраусыз жасап келе жатқан көптеген дәстүр және құндылықтарымыз, мәдени мұрамыз үлгілерінде көрінеді.



Өз дәүірінде сол ұлттың дерпттері мен тәшпіштерін, арман-мұдделері, ұмтылуарын жарқын көрсеткен ұлттық құндылықтар рухында суарылған шығармалар уақыттар өтіп жалпыадамдық қадір табады. Мұндай құнды және өлмес шығармалардың көптеген авторлары Шығыстан шыққандығы бізге мақтаныш сезімін қүшеттіреді.

Сен өткенге тас атпа. Өткенге тас ату, өлікті тепкілеу дегені. Өлік тірліліп, қателері үшін сенен кешірім сұрапайды. Өткеннен сабак алу керек. Міне сол сабакты қорытындылап, бүгінді ойлау керек.

Демокрит

«Ізгі пікір, ізгі сөз, ізгі амал» идеясы дүниеде ізгілік мерекесіне болған сенімді көрсеткен «Авесто» кітабы болсын, яки адамдарды бақытқа, ізгілікке жетелейтін жол мағынасын білдіретін «Құтадғу білік» шығармасы болсын, бұлар бабаларымыз таза ұмтылу мен пәк ниеттерінің жарқын шешімі ретінде ғасырлар өтіп жасап келуде. Дәл сондай-ақ, неше ғасырлар алдын құрылған және тәуелсіздік арқылы қайта жөнделген жүздеген мәдени ескерткіштерді зиярат жасар екенбіз, еріксіз әрбіріміз өзімізде бабалар рухына қарағанда жоғары құрмет, болашақ ұрпақтар алдында ұлы жауапкершілік сезімдерін сеземіз. Міне сол үшін де адам рухани ойлауының жетілуіне үлкен әсер емес пе?!

Ұлттың әрбір ұрпағы ұлттық дәстүрлерді өткеннен болашаққа жеткізіп беретін адамдар жан дүниесінде тәрбиеленуі қажет.

Мемлекетіміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ұлттық дәстүрлерге мән беру күшейді. Бүгін ұрпақтан-ұрпаққа құнды мұра ретінде өтіп келе жатқан ұлттық дәстүрлер, Наурыз, Егемендік, Оқытушылар мен тәлімгерлер, Еске алу және қастерлеу күндері сияқты мереке мен шараларымыздан қоғам өміріне заманауи мән-мағына беру жолында тиімді пайдалану қажет болады. Ұлттық дәстүрлерімізді үйрену, насиҳат таумен бірқатарда, той жиындарды, олардың құрамдық бөлігі болған әдет ғұрыптарды жинақы ету, бұл туралы ысырапшилық және сый-салтанаттылықта жол бермеуге жеке көңіл бөлу қажет.

Адам руханияты ұлттық-мәдени мұра, халық ауызекі шығармашылығы, ғылыми өнертабыстары, әдет-ғұрып пен дәстүрлер, дегенмен, материалды және рухани деректер арқылы қалыптастырылады.



ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Ұлттық дәстүрлердің қоғам дамуына қандай әсері бар деп ойлайсың?
2. Сократтың төмендегі пікірін оқы және рухани мұраның ұлттық дәстүрлермен байланыстырығын дәлелдеп бер:

«Мен көне даңышпандардың өз шығармасында бізге қалдырып кеткен ақыл маржандарын қөзден өткіземін; егер де, біз оларда не бір жақсы нәрсеге душар болсақ, оны меңгеріп аламыз және өте үлкен пайдада арттырган боламыз».

Сабактың нәтижесі. Ұлттық дәстүрлер есептелген бабаларымыздың құнды мұрасы мен құндылықтары жас үрпақты кемел адам етіп тәрбиелеуге үндейтін рухани факторға айналуы керек. Міне сонда ғана ұлттық дәстүрлер сабыр, мейір, аққөнілділік, әдет-ғұрыптарға құрмет, жақсыларға қосылу, жамандардан қашу сияқты халқымыз қасиеттерінің одан әрі дамуына қызмет етеді.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШІН СҮРАҚТАР

1. Әрбір жанұяда тыныштық болуы үшін жанұя мүшелері қандай жол ұстапынуы керек?
2. Сен материалды кедей, бірақ рухани қасиеттері жоғары дәрежеде дамыған адамды көз алдыңа келтір. Бұл жағдайда Сен нені сезесін?
3. Адам бұл дүниеде бақытты, масайраған және тыныш жасауға қол жеткізу үшін одан не талап етіледі?
4. Сен өзінді сол қадірлі Отанның белсененді мүшесі деп білесің бе? Пікірінді дәлелдеп бер.



ЧИСТОН-ЖҰМБАҚ

Уақыты келгенде, ешкімге құлақ салмайды, ешкіммен татуласпайды. Ол не?



6-§

Рухани мұраның адам руханиятына әсері



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТЫРАТЫН СУРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. «Рухани мұра» ұғымына сипаттама бер. Сен оны қалай түсінесің?
2. Рухани мұраны бекемдеу және дамыту үшін нелерге көніл бөлу қажет?
3. Рухани байлықтар мен рухани мұраның айырмашылық жақтары неде? Төмендегі суреттерге қарап, өз пікірінді сипаттап бер.

Rухани мұра — рухани өркендеу өнімі, адам ақыл-зеректігімен жаратылған, болашақ ұрпақты ізгі дамуга жетектеу қасиетіне ие болған, адамдардың санасы мен дүниеге көзқарасының өсуі, бабалардан ұрпақтарға өтіп келе жатқан ежелгі құндылықтар жиынтығын көрсететін ұғым.

Рухани мұра бабалар тәжірибесі, олар қалдырган рухани байлықтарының болашақ ұрпақтардың практикалық қызметі, ойлау тәрізінде қандай маңызға мелігі, дара тұлға, жеке тұлға яки белгілі ұлт өкілдеріне тиісті болуы мүмкін.

Мұраның белгілі ұлттық тілде жаратылғаны, ұлттық мәдени-рухани дәстүрлер, көзқарастарды көрсеткен тәрізде, белгілі ұлтқа, белгілі бір аймақта жасайтын түрлі ұлттарды қамтып алу ерекшелігіне сәйкес — қоғамға, адамзат тарихында тұтқан жоғары орнына сәйкес — өркениетке тиісті болуы да мүмкін.

Рухани мұра ұлт, мемлекет, аймаққа тиісті болуы да мүмкін. Мәселен, Имам Бухари мен Имам Термези-

дін діни-агарту мұрасы, Әбу Әли ибн Синаның медицинаға тән яки Мырза Ұлықбектің астрономияға тән өнер табыстары тек қана ұлтымыз және аймағымызда жасап жатқан халықтар, бәлкім дүние өркениеті, мәдениетінен орын алған құнды рухани мұра есептеледі.

Материалды мұра адамның санасына әсері тұрғысынан дәл сол уақытта рухани мұраға айналуы да мүмкін. Мәселен, бізге дейін жетіп келген ұзақ уақытта жаратылған тарихи жәдігерліктер материалды мұраға тән болса да, сай шикізаттар, әшекей істері, құрылыш әдістері және оған сай шикізаттардың дайындалуы, жасампаздығы және басқа ерекшеліктеріне қарай рухани мұраға айналады. Дәл сондай-ақ, материалды игіліктер істеп шығару технологиялары және құрылғылары материалды мұраға тән болса да, бұл жөніндегі дәстүрлердің бабалардан ұрпақтарға өтуі рухани мұра ретінде жүзеге асады.



ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Төмендегі мәтінді оқы.
2. Мәтінде рухани мұраның қандай құдіреті көрсетілген?

... *Ибн Сина шығармаларының жалпы 450-ден асады, бірақ бізге дейін 242-сі (кейбір мәліметтерге қараганда 160-ы) жетіп келген. Галымның бізге дейін белгілі болған үлкен шығармасы «Kitob ash-shifo» 4 бөлімнен құралған болып, одан логика, физика, математика, метафизика сияқты мәселелер орын алған. Бұл шығарма бізге дейін жетіп келмеген, оның Исфанаңдагы өртте жоғалғандығы белгілі. «Donishnota» атты шығармасы парсы тілінде жазылған ...*

Галымның медицинаға тән «Kitob al-заң fit-tibb» («Медицина заңдары») энциклопедиялық шығармасын жақсы білеміз. Бұл шығарма 5 дербес үлкен шығармадан құралған. Бірінші-үшінші кітаптарда медицинаның теориялық негіздері, 800-ге жуық дәрінің ерекшелігі, кейбір деңе мүшелерінің сырқаттары және оларды емдеу әдістері баяндалған...

Ш. Мансуров, «Мың бір қазына»



БІЛІП ҚОЙ

Өнерде халықтың бай тарихы, өмірлік хикметі және әлбетте арман-үміттері жасырынған болады. Сол үшін, әр кәсіптің жанқүйері мен ұстасы өзінің машинашылтық үлгілерінің құпиялары — төтенше маңызын басқаларға танытып барады.

Сол жақтан, адамның жазба деректерінде айтылмаған көптеген өмірлік білім және тәжірибелері рухани мұра ретінде бабалардан үрпактарға етіп келеді. Кісілердің санасы, ішкі дүниесі, ойлауы, сезімдеріне әсер етіп, оларды байыту, дамыту, жаңа идеологиялық бағыттарға басқару рухани мұраның нағызы маңызын көрсетеді.

Ізгі әдетімізге айналып кеткен мейір-шапағат ұғымын алайық. Оның өте терең тарихи, ұлттық, діни тамырлары бар екендігін көруіміз мүмкін. Бұл, алдымен, адамның адаммен, көршінің көршімен, туыстың туыс, жануяның жануямен, ең қажеттісі, тұлғаның қоғаммен сәйкес болып жасаудын, жетім, жесір әйел және мүгедектерге, мұсәпірлерге жомарттық жасау, шын көңілден, шексіз көмек беруді білдіреді және мұндай ерекшелік халқымыздың рухани әлеміне сіңіп кеткенін ешкім жоққа шығаралмайды.

Материалды және рухани байлықтарды асырап сақтау — ізгі қасиет. Тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінен-ақ бабаларымыз тарапынан көп ғасырлар барысында жаратып келген аса ұлken, құнды рухани және мәдени мұраны тіктеу мемлекет саясаты дәрежесіне көтерілгендей қажетті маңызға ие.

Өзбекстанды жаңалау және дамыту жолы рухани мұра тұрғысынан қарғанда төрт негізгі қағидаға негізделеді. Олар:

- жалпыадамилық құндылықтарға сенімдік;
- халқымыздың рухани мұрасын қайта тіктеу, нығайту және дамыту;
- адамның өз мүмкіндіктерін еркін көрсетуі;
- жоғары отансұйғыштік.

Бұл ежелгі және киелі топырақтан ұлы ғұламалар, оқымыстылар, ғалым мен ғұламалар, саясатшылар, сайыпқыран қолбасшылар жетіліп шыққан. Діни және дүниелік ілімдердің негіздері міне, сол жерде жаратылып, орын тапқан. Эрамызға дейін және одан кейін құрылған күрделі су ғимараттары, осы күнге дейін көркі мен шырайын, ұлылығын жоғалтпаған ескерткіштеріміз ежелден жұрттымыздығы диқаншылық, өнерпаздық мәдениеті, қолөнершілік және сәүлетшілік өнері жоғары болғанынан дерек береді.

Тарихта түрлі аяусыз сынақтардан аман қалған, ең ежелгі тас жазулары, бітіктерден тартып, бүгін кітапханаларымыз қазынасында сақталып жатқан қолжазбалар, оларда топтастырған тарих, әдебиет, өнер, саясат, әдеп, палсанпа, медицина, математика, физика, химия, астрономия, сәүлетшілікке тән он мындаған шығармалар біздің шексіз рухани байлығымыз, мақтанышымыз.

Отанымыздың рухани мұрагерлері бар екен, қоғам көркейеді, адамдардың рухани әлемі бай әрі перзенттер кемел тұлға болып жетіледі.



ТАЛҚЫЛАУ ҮШИН

Төмөндегі мәтінді оқып, рухани және материалды мұраның сәйкес қалыптасуы туралы пікір білдір:

«Мырза Ұлықбектің аты пәнге аяnbай қызмет ету рәмzі болады. XVII ғасырдың орталарында ұлы поляк астрономы Ян Гевели Ұлықбектің каталогын өзінің «Астрономия негіздері» шыгармасына енгізген. Ол өз кітабында екі ойма нақышты суретті келтірген, оларда Ұлықбек түрлі дәуірлерде жасаған дүниенің ұлы астрономдары ортасында бейнеленген. Бұл ойма нақыштар астрономия оқулықтары және пән тарихына тән трактаттарға енгізілген. Олар дүниеге Мырза Ұлықбек ғалымды жетілдірген астрономия мектебінің даңқын әлемге таратушы құнды ескерткіш болып қалды. Ұлықбектің аты Айдағы кратердің атында мәңгі қойылды (XVII). 1977-жылға Күн тізімінде ойлан табылған және Гарвард орталығына 2439 нөмермен тізімге алынған шағын планеталардың бірі оның атымен аталады».

«Орта ғасырлар шығысының әйгілі ғалым және ойшылдары»

Сабактың нәтижесі. Эрбір мемлекет, ұлт тек қана бүгінгі емес, бәлкім ертеңгі қүнін ұлттық-рухани мұрасыз көз алдына елестете алмайды. Материалды-рухани байлықтар адам мен қоғамның жасампаздығы, тұрақтылығы кепілі есептеледі. Сен менен біз buquerqueдан өнімді пайдалануымыз және оларды көбейттіруіміз қажет.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШИН СУРАҚТАР

1. Өзбекстанның басқа мемлекеттерден айырмашылық жақтарын көрсеттін қандай рухани мұралары бар?
2. Адамның адаммен, көршінің көршімен, туысың туыс, жанұяның жанұямен, тұлғаның қоғаммен сәйкес болып жасауы нениң белгісі болып есептеледі?




ЧИСТОН-ЖҰМБАҚ

Базарда сатылmas, алтынға табылmas. Олар нелер?

7-§

Жанұя — қасиетті қорған

**БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРАТЫН
СУРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:**

1. Жанұялық жасампаздық үйіміна сипаттама бер.
2. Бүгінгі күнде мемлекеттік мәселелердегі жанұя мәселе менең қандай мән берілуде? Бұл туралы пікірінді дәлелдеп бер.
3. «Жанұя — қасиетті қорған». Аталмыш үйімға төмендегі суреттер арқылы сипаттама бер.

Ж

анұя — некеге яки туылғандыққа негізделген кіші топ. Оның мушелері үйдің бірлігі, өзара көмегі және рухани жауапкершілігімен бір-біріне байланысты. Жанұяның ең қажетті әлеуметтік міндеттері — адам затын жалғастыру, балаларды тәрбиелеуден, жанұя мушелерінің тұрмыс жағдайын және бос уақытын тиімді үйымдастырудан тұрады.

Жанұя әрбір халықтың, ұлттың жалғасын сақтайтын, ұлттық құндылықтардың дамуын қамтамасыз ететін қасиетті орта болады. Жанұяда біз және бабаларымыз тәрбие беріп, ұлықтаймыз, дүниені танимыз әрі баршамыз түрлі мінез-құлықты пайда етіп барамыз.

Жанұя қоғамның қабырғасын құрайды. Қоғам мен мемлекеттің жасампаздығы, гүлденуі тікелей сол қоғамдағы жануялардың материалды және рухани жақтан бекемдігіне байланысты.

Жанұялық тәрбиеде ата-ана мен перзенттер қатынасы жеке орын тұтады. Мұнда ата-ананың мойнында рухани жетілген, дene тәрбиелік түрғыдан мықты жас үрпақты жеткізу барысында қоғамның дамуы үшін белгілі бір кәсіптің ұлтжандысы, экономикалық еркін, кәсіпкер, бизнесмендік мәдениетіне ие тұлғаны кемел-

ге жеткізу түседі. Перзенттер бұл әдемі және жағымды тәрбиені өзінде қалыптастырып, менгеріп барады.

Шығыста жанұя ежелден қасиетті мекен ретінде қадірленген. Жанұя мүшелерінде белгілі түрмис салтына назар аударып, тәжірибе арттыру, таза және құнты, табанды және дұрыссаңдай сияқты әдеп-ақылақтық мөлшерлерін кемелдендіру ежелден жанұяның негізгі міндес болып келген. Ұлы энциклопедист ғалымдарымыз, әсіресе, Юсуф Хас Хажибтің «Құдатғу білік», Кайкавустың «Қабуснаме», Ахмет Юнакидің «Хибат ул-хақайық», Әбу Насыр Фарабидің «Бақытқа жету туралы», Әбу Әли ибн Синаның «Табиат ал-манозил» туындысы, Сағдидің «Гүлістан», Хұсайын Войз Кашифидің «Ахлоқи мұхсий», Әлішер Науайдың «Махбуб ул-кулуб», «Хайрат ул-аббор», Абдурахман Жәмидің «Силсилат уз захаб», «Бахористан», Абдулла Авлонидің «Түрки Гүлістан не-месе әдеп» және басқа көптеген шығармаларда жанұя руханияты, балалар және жастар тәрбиесінің тәсілдері, ата-ананың жанұядағы міндесттері, перзенттің олар алдындағы борышы, жанұялық тәрбиенің мазмұны жан-жақты сипатталып түрлі өмірлік аңыздар арқылы барынша ашып берілген.

Өзбек жанұяларының татулығы, балажандығы, жақын ағайындар мен туысқан-ұрықтарына өзара құрметте болу, мейірбандық қатынастарының бекемдігі және басқа жанұялық құндылықтардың үстемдігі мен де дүниедегі көптеген ұлт, халықтардан ажыралып тұрады.

Егер жанұяда ынтымақтастық, ниеттестік, өзар құрмет, бір-біріне сенім күшті болса, шыншыл, қарапайым, мейірімді, өз жақындарына, ағайын-туыстарына, көршілеріне әрдайым көмек беруге дайын болған адамдар кемел табады. Өзінде бұл қасиеттерді жетілдірген адамдардың жанұяларда уақыт және тыныштық үкім сүреді.

«Бір жанұяның бақыты және ізеті, әлбетте, сол халықтың ішкі тәртібі мен татулыққа байланысты. Тыныштық пен татулық сол ұлт жанұяларының тәртібіне сүйенеді, мемлекеттің ұлтта сондай күшті және тәртіпті болады. Егер де бір мемлекеттің тұрғындары ақылақсыз және надандықпен жанұялық қатынастарды әлсіздендіріп жіберсе және тәртіпсіздікке жол қойса, онда бұл ұлттың бақыты мен өмірі шүбә астына қалады».

**Абдурауф
Фитрат**



БІЛП ҚОЙ!

Озбекстанда 1998 жыл — «Жанұя жылы», 2000 жыл — «Салауатты ұрпақ жылы», 2001 жыл — «Аналар мен балалар жылы», 2002 жыл — «Қарияларды қадірлеу жылы», 2003 жыл — «Абат махалла жылы», 2004 жыл — «Мейір-шапағат жылы», 2005 жыл — «Денсаулық жылы», 2007 жыл — «Әлеуметтік қорғау жылы», 2008 жыл — «Жастар жылы», 2010 жыл — «Кемел ұрпақ жылы», 2012 жыл — «Берік — жанұя жылы», 2013 жыл — «Абат түрмис жылы», 2014 жыл — «Салауатты бала жылы», 2016 жыл — «Салауатты ана мен бала жылы», 2017 жыл — «Халықпен байланыс және адам мұддесі жылы» деп аталған.

Егер керісінше болса, мұндай жанұяны береке, қарапайымдылық, татулық және махаббат сезімдері мүлдем бас тартады.

Сол мағынада жанұяның әрбір мүшесі тек ғана өзінің жеке жасампаздығы жолында, бәлкім жанұясының мүдделері үшін қайғырса, өз туыстарына қамқорлық жасауды мақсат етіп алса, жанұяның жасампаздығы одан әрі бекемделеді.

Елімізде кемел ұрпақты тәрбиелеуде жанұя институты мен махалла азаматтар жиынының тәлім мекемелерімен өзара ынтымақтастығын одан әрі дамыту, бекемдеу және тиімділігін арттыру туралы қатар іс-жүзіндік жұмыстар алып барылуда. Сол мақсатта 2012 жылдан «Жанұя-махалла-білім мекемесі» ынтымақтастығы құқықтық мөлшер негізінде белгілеп қойылды.

Жанұя кодексінің қабылдануы қазіргі заман талаптарынан келіп шығып жанұя мүдделерін жетілдіру туралы қажетті қадамдардан болды. Оған сәйкес, неке құрудан алдын жастарды дәрігерлік тексеруден өткізу, жас жанұялар үшін алғашқы бес жылдың ішінде диспансер бақылауын құру жұмыстары үйімдастырылды.

Республика «Жанұя» ғылыми-практикалық Орталығы мен оның төменгі бөлімдері құрылғандығы жанұя, аналық және балалық мүдделерін тек қана құқықтық, әлеуметтік-экономикалық қорғау емес, бәлкім ғылыми-практикалық түрғысынан үйрену, озат идеялар негізінде жанұя жасампаздығын қамтамасыз ету сияқты қайырлы жұмыстарға себеп болуда.

Мемлекеттің егеменділікке қол жеткізгеннен кейін жанұя жасампаздығын қамтамасыз ету мемлекет қызметінің үстем бағыттарының біріне айналды. Дегенмен, жас жанұяны материалды және рухани түрғыдан қолдау, оларға көмектесу, женілдіктер мен мүмкіндіктер жарату, алдымен, үй-жаймен қамтамасыз

ету — бұлардың баршасы үшін тек қана ата-аналар емес, бірінші кезекте, мемлекет пен қоғамымыз жауапты болады.

Республикамыз тәуелсіздігінің қыска дәуір ішінде жанұя жасампаздығы жолында ізгі және сауапты жұмыстар жүзеге асырылды:

- жанұя, аналық және балалықты қорғау, азаматтардың құқықтық мұддесін арттыру;
- көп балалы, нашар жағдайлы, нашар жанұяларды, мүгедектерді, бағушысы жоқ карттар, жалғыздарды әлеуметтік қолдау;
- жанұяда рухани және дене тәрбиелік кемел тұлғаны тәрбиелеу барысында кең көлемді жұмыстар солардың қатарынан.

Елімізде жанұялық кәсіпкерлікті дамыту барысында қатар заң құжаттары қабылданды. Бұл нормативтік құжаттарда жанұялық кәсіпкерлерді жедел дамыту арқылы тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету назарда тұтылады.



ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Жанұянда сен яки іні-қарындастарың еркелеп ата-анаң қандай ізгі ниетті сөздерді айтады?
2. Төмендегі мәтінді оқы және өз жанұяндағы сондай жағдаймен салыстыр.

АТА НӘРЕСТЕ ПЕРЗЕНТИН СҮЙГЕНДЕ КӨККЕ ҚӨТЕРЕДІ

Бұл «менен де ұлы бол, балам» дегені. Бұл шынайы қамқорлық және перзентті барша нәрседен, керек болса, өз-өзінен де қадірлей білу шешімі. Ата перзентті мектепке барғанында оны құшагына алар екен, маңдайынан сүйеді. Бұл «бақытың жарқын болсын» дегені. Ертеңін үміті бар онда, перзенттің бақыты үшін әр нәрсеге дайындық іске асқан болады бұл мейірде. Эскерге күзетін жатқанда ата баласының белінен қөтереді.

Бұл «Отан қызыметіне байлаған белің берік болсын» дегені. Оқуды аяқтап, баласы қолынан жұмысты алғанда ата дүгага қол ашады: «жолың жарық болсын, балам»... Сонда оның көздерінің жас алғандығын көрмейсің, көңіліндегі мақтандышын көз алдыңа елестете алмайсың. Перзенттің ұлы жұмыстарды істегенін көргенінде «атам» деп сүйеді, қызына «ана қызым» деп мәміле жасайды... Мұның түбінде мынадай хикмет бар: «бүгін сені сүйсем, ертең саган сүйенемін!»

Баспа БАҚ материалдары

«Халқымыздың анық мақсат сайын әрекет етуі, мемлекетшен болуы, бақытты болып іззет -құрмет табуы, санасы болуы яки әлсіз болып қорлыққа түсіуі, бақытсыздық жүгін тартуы, назардан қалып, өзгелерге тәуелді және құл, тұтқын болуы олардың өз ата-аналарынан баллықта алған тәрбиелеріне байланысты».

**Шавкат
Мирзиёев**



ЧИСТОН-ЖҮМБАҚ

Өзімдікі, бірақ өзіме тиісті емес. Ол кім?

Жанұялық кәсіпкерлік көптеген әлеуметтік-экономикалық артықшылықтарды келтіріп шығарады. Кәсіпкерлік пен қожалықты өнімді басқару негізінде жанұя тәрбиесінің жолға қойылуы жас үрпақта адамгершілік, үнемдеушілік, ұйымдастыруышылық, бастамашылдық, қабілеттілік, зеректік, жауапкершілік сияқты қасиеттердің қалыптасуына себеп болады.

Сабактың нәтижесі. Әр қандай қоғамда азаматтардың бақытты, тұрмыстың сұлу және жақсы болуы дәл жанұя қорғандағы әрбір мүшениң өзіне тоқ, икемді, қоғам және мемлекет дамуына жеке тиістілік, мағына жағынан жоғары болып, әрі әлеуметтік, әрі экономикалық тұрғыдан жетілгендейтін тікелей байланысты.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШІН СҰРАҚТАР

1. Жанұяның молшылығы неге байланысты?
2. Сенің жанұянда жанұялық кәсіпкерлік жолға қойылған ба? Неге жанұяда бірер өнер үрлену керек, делинеді?
3. «Сен тарихы бай, ұлы ұлттың перзентісің», «Сен ұлы ойылдар, ғұламалар жасап өткен өңірде туылғансың» деген сөздерді есіткенінде көңіліце сол Отанда, сол елде жасап жатқанынан мақтаныш сезімі кешеді ме? Пікірінді дәлелдеп бер.
4. Сен жанұя мүшелеріңмен үй жағдайында шағын бизнесті бастадың. Сен жаратып жатқан өнімді сенен алдын махаллаңдағы басқа бір үй бастаған және базармен байланысты жолға қойып, өз өнімінің сатып алушысына ие. Мұндай жағдайда қандай жол ұстанған болар едін.



8-§

Рухани құндылықтар дамуында

Ұлтаралық татулық қатынастары



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРАТЫН СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Ұлтаралық татулық дегенде нені түсінесің?
2. Рухани құндылықтардың ұлтаралық татулықта қандай байланыстылығы бар? Пікірінді суреттер арқылы дәлелдеп бер.
3. Мемлекетімізде бүгінгі күнде ұлтаралық татулық және діни бауырмалдықты қамтамасыз ету бойынша қандай ізгі жұмыстар жүзеге асырылуда?



Ұлтаралық татулық — ұлтаралық ынтымақ, халықаралық достық. Ұлтаралық татулық ұлттық тәуелсіздік идеологиясының негізгі идеяларынан саналып, белгілі аймақ, мемлекетте түрлі ұлт өкілдерінің ынтымақтастықта жасауы, ынтымақтастықта қызмет жүргізуін көрсететін ұфым.

Ұлтаралық татулықты бір қоғамда жасап, дара мақсат жолында енбек етіп жатқан түрлі ұлт пен элләттарға тән адамдар арасындағы өзара құрмет, достық пен ынтымақтастықтың рухани негізі деп атап мүмкін. Ұлттар арасындағы жалпы ізгі мақсаттарды назардан қалдырумай, ежелгі құндылықтар дамуының негізін құрайды.

Жер жүзіндегі 1600-ден астам ұлттан бар-жоғы 200-ден астамы өз мемлекетіне ие. Мұндай жағдайда бүкіл дүниеде ұлтаралық татулықты қамтамасыз ету үшін олардың мұдделері, көңіл-күйі ұмтылуларын үнемі



«Өзбекстан халқын, ұлтынан тыс, Өзбекстан Республикасының азаматтары құрайды».

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 8-бап



ТАРИХҚА НАЗАР

Өзбек халқының меймандастыры мен бауырмалдыры әсіресе соғыс жылдарында көрініс тапты. Сол дәүірде Өзбекстанға 1 млн.нан астам адам, содан, 200 мың бала эвакуацияланды. Түрлі ұлтқа тән жетім балаларды өзбек халқы өз перzentіндегі ардақтаپ, оларды кәмелетке жеткізді. Мәселен, ташкенттік Шоахмет Шомахмудовтар жанұясы адамгершіліктің жоғары үлгісін көрсетті.

2-дүние жүзі соғысы дәүірінде ташкенттік қарағайым темірші Шоахмет Шомахмудов және оның эйелі Баҳри Ақрамов түрлі ұлттың қарасызын және жетім қалған балаларын перзенттікке алғып, тәлім-тәрбие берген. Олар баспанасызын қалған, түрлі ұлт өкілдері болған 13 бала және соғыстан кейін тағы да 3 баланы өз тәрбиелеріне алған. Үлгар: Хабиба, Вова, Шұхрат — орыс, Хамидулла — украин, Рафик, Рахматулла — татар, Холида — молдаван, Самув — чуваш, Юлдош, Ергеш — еврей, Халима — қазақ, Қарабай, Нығмет, Муazzам, Хакима, Үлықбек — өзбек. Шомахмудовтар жанұясы адамгершілікті ұлықтаушы жанұя ретінде үлкен ерлік, қаһармандық көрсетті.

үйреніп бару, саяси-әлеуметтік өмірде мұны әрдайым на- зарға алу қажет.

Мемлекетіміздің аймағында ежелден көптеген ұлт пен ұлсыс өкілдері ынтымақтастықта жасап келген. Олардың арасында ғасырлар барысында ұлттық келіспеүшіліктер болмаған. Халқымыз ежелден бауырмалдық, меймандастық, кешірімділік, басқалардың әдет-ғұрып пен құндылықтарын қадірлеу сияқты жалпыадамилық қасиеттерді көрсетіп келген.

Ұлтаралық татулық жалпыадамдық құндылық болып, түрлі халықтар біргелікте жасайтын аймақ пен мемлекеттер ұлттық дамуын белгілейді, саяси-экономикалық дамуына тиімді әсер етеді, тыныштық пен тұрақтылықтың кепілі болып қызмет етеді.

Бүгінгі күнде жер жүзінде 6 млрд.тан астам тұрғын бар. Өзбекстан аймағында 130-дан астам ұлт пен ұлсыс өкілдері жасауда. Мемлекеттер көп ұлтты (полиэтнический) және бір ұлтты (моноэтнический) құрамға ие болып, әрбірі өзіне тән екендігімен бір-бірінен айыр-

маланады. Әрбір мемлекетте түрлі ұлт өкілдерінің бар екендігі ежелден оған өзіне тән табиғи реңк атап келген. Әрбір ұлттың жалпы мұдделерімен бірге өзіне тән құндылықтары да бар.

Озбекстан сияқты көп ұлтты мемлекетте түрлі ұлттардың мұдделерін сәйкестендіру, олардың арасында татулықты қамтамасыз ету дамудың шешуші факторларының бірі есептеледі. Дегенмен, ұлттың егемендігі басқа халықтар мен мемлекеттердің дамуы, бүкіл дүниедегі жағдай және мүмкіндіктермен де байланысты. Бүкіл дүниеде, бірінші кезекте, көрші мемлекеттерде жанба-жан жасап жатқан этностар арасында тыныштық, бейбіттік, тұрақтылық, ынтымақтастық, татулық, тең құқықты қатынас болмаса, олардың ешбірі өзінің болашақ тәуелсіздігін қамтамасыз ете алмайды.

Неше мың жылдық тарихымыз содан күелік беруде, яғни жоғары мәртебелілік пен адамсүйгіштік, ұлтаралық татулыққа ұмтылу халқымыздың ең жоғары қасиеттерінен есептеледі. Мұны негізгі занымыз да бекітеді.

Қоғам өмірінде дінаралық бауырмалдық идеясы әр түрлі діни сенімге ие болған адамдардың бір заман, бір отанда, мәртебелі идея мен ниеттер жолында қызметтес және ынтымақты болып жасауын білдіреді. Дүниедегі діндердің баршасы ізгілік идеяларына негізделеді, ол адалдық, тыныштық, жақсылық және достық сияқты бірнеше ізгі қасиеттерге сүйенеді. Адамдарды адалдық пен тазалық, мейірбандық, адамсүйгіштік және бауырмалдыққа үндейді.

Шынында, әрбір адам, қоғам мен ұлт көрінісінің түрлі мәдениеттерден тұратындығын тануы және құрметтеуі өте қажетті. Дегенмен, бауырмалдықсыз тыныштық, тыныштықсыз даму болмайды.

Қазіргі уақытта елімізде 16 діни конфессия, 2200-ден астам діни үйымның діни бауырмалдық

Nafing agar xalqqa
beshak durur,
Bilki,
bu naf o‘zungga
ko‘prak durur.
Әлішер Науай

Бұл бостанда
достар етпесе
көмек,
Нәсіп болмаса
мақсат гүлін
термек.

Сағди Ширази

«Самарқант
қаласында Сай-
ыпқыран Эмір
Темір дәуірінде
құрылған, Да-
нияр пайғамбар
атымен аталағын
кесене ислам,
христиан және
еврей дін өкілдері¹
тарапынан бірдей
ардақталады... Сол
бір ғана мысалдың
өзі мәртебелік,
ізгілік және тар
мағынадағы
бауырмалдық
қасиеті халқымыз
табиғаты, мента-
литеті негізін құру-
дан дерек береді».

Шавкат
Мирзиёев



БІЛПІ ҚОЙ!

Ұлы ғұлама, мотуридия бағытының негізін салушы Әбу Мансур Мотуридидің (870-944) шығармаларында діни бауырмалдық, барша дінді бірдей құрметтеу ұқтырылған. Оның Құран түсіндірмесіне арналған, ислам әлеміне өте кең танылған «Таъвилот ахл ас-сунна» шығармасы «Хаж» сүресі 40-аят түсіндірмесінде: «Шіркеу және синагогтарды бұзуға тыйым салынады. Сол үшін де мұсылмандар елінде сол дәуірге дейін олар бұзылмай сақталып қалған. Бұл мәселеде ілім өкілдері арасында алауыздық жоқ», делінеді

2017-2021-жылдарда Өзбекстан Республикасын өркендетудің бес үстем бағыты бойынша Әрекеттер стратегиясының 5-бағыты — Қауіпсіздік, ұлтаралық татулық пен діни бауырмалдықты қамтамасыз ету және терең ойланған, өзара мұдделі және іс-жүзіндік сыртқы саясат саласындағы үстем бағыт болып, төмендегі қажетті міндеттерді өз ішіне алады:

- Өзбекстан Республикасының Конституциялық құрылымы, суверенті, аймақтық бүтіндігін қорғау;
- ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ақпаратты қорғау тізімін жетілдіру, ақпарат саласындағы қауіп-қатерлерге өз уақытында және сәйкес қарсылық көрсету;
- ұлтаралық және конфессияларапаралық тыныштық әрі татулықты бекемдеу;
- мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайту, Өзбекстан Республикасы Ка-рулы Күштерінің жауынгерлік құдіреті мен деңгейін асыру;
- қоршаған табиғи орта, түрғындардың салауаттылығы мен генефонына залал жеткізетін экологиялық проблемалардың алдын алу;
- төтенше оқығалардың алдын алу және жою жүйесін жетілдіру назарда тұтады.

Сабактың нәтижесі. Ұлтаралық татулыққа назар аударылуы Өзбекстанда жасап жатқан ұлт пен ұлыстардың түрлі кәсіптерде қызмет етуі, әдет-ғұрып және дәстүрлерден хабардар болуына жағдай жаратуда. Бұл тікелей рухани құндылықтардың ұлт ішінде дамып, одан әрі бауына алып келуде.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШІН СҰРАҚТАР

1. Мемлекетімізде ұлтаралық татулықты қамтамасыз етудің негізгі ерекшеліктері неде деп ойлайсың?
2. Ұлтаралық татулық және дінаралық бауырмалдық өзара қандай байланыстылықта дамиды?



ЧИСТОН-ЖҰМБАҚ

Кірден де лас. Ол не?



| 9-§

Сөйлеу және өзара қатынастарда руханияттың орны



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТЫРАТЫН СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Сөйлеу мәдениеті дегенде нені түсінесің?
2. Не деп ойлайсың? Қоғам мәдениетсіз және рухани-ақылақтық құндылықтарсыз жасай алады ма?
3. Өзара қатынастарға кірудің қандай қағидалары бар?
4. Достасу мәдениеті дегенде нені түсінесің ? Достандауда нелерге мән беру керек?



Рбір адам белгілі бір қоғам өкілі есептеледі және өзін сол қоғамның мәдениеті мен құндылықтарынан бөлек түрде көз алдына елестете алмайды. Қоғамда адамдар бойсұнатын ақылақтық, діни, саяси, экономикалық, құқықтық, идеологиялық және сол сияқты қатынастардың түбінде мәміле тұрады. Адам қоғамда жасар екен, кіммен болса да өзара мәмілелеге кіріседі. Адам мәмілелеге кіруі оның сол қоғамның мүшесі, әрекетке келтіретін, дамытатын күші ретінде талқыланады.

Қатынас жасауда мәміле әдебі қажетті маңызға ие. Жақсы сөз бақыттың кілті. Адамдар арасында қатынаста көрініс табатын әдеп белгілері, бұл — сыпайыллылық, ізеттілік, ділмарлық, ашық көңілділік және басқалар.

Қатынастың негізгі бұлағын сөз құрайды. Халқынызда, «Жақсы сөз — жан азығы, жаман сөз — жан қазығы», деген мақал бар. Жақсы яки жаман сөз адамның көңіл-күйіне тікелей әсер етеді. Ұлы ғұламала-

рымыз Махмұт Замахшари былай дейді: «Көбінесе тілмен жеткізілген жарақылышпен жеткізілген жарадан ауырлау болады».

Сөйлесу және тыңдай білу де сөйлеу мәдениетін құрайды. Бұл жерде Юсуф Хас Хажиб «Ойнап сөйлесен де, ойлап сөйле» деген. Яки бабаларымыз: «Сен солай сөйлегін, сөздерің седеп қадіріне тең болсын, сондай сабыр сақтағын, ол дүрмен гауһарға айналсын», деп бекерге айтылмаған. Демек, мәміле процесінде сөздерді таңдалап айтуды, не деуді, қайсы уақытта тыңдауды және сабыр сақтауды білу қажет.

Дүлмарлық, талқылау, пікірлеумен қарапайым қатынаста болу әрбір адамның қасиет және борышы болып табылады. Жалпы алғанда, мәміле адамдардың бір-біріне әсері, тәрбие және өзін-өзі тәрбиелу құралы ретінде өзара қатынастарда қажетті маңызға ие.

Дүниеде барша жануарлар жасырын және ашық түрде мәмілелеге кіріседі. Бірақ тек адамдар ғана саналы тәрізде бір-бірімен мәміле жасайды. Бір-бірімен қатынасы оның адамзаттың қасиеттерін ашып беретін қажетті ерекшелік, процесс есептеледі.

Танысу және қатынас орнату қағидалары адамды мәмілелеге кіруімен байланысты. Оған сәйкес, танысып қатынас орнатуда киінуі, өзін ұстаяу және сөз-



ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Дос таңдауда нелерге мән беру керек? Руханиятты адам қандай адамдармен достасады?
2. Төмендегі хикаяны оқы.

Бір жақын досым бар. Ол әрдайым жақсы кіінеді: үстіндегі бас-киімі таза, үтіктелген. Мінез-құлқы әдемі: әдеппен басқаларды тыңдайды, қайырлы, әсерлі сөздерді айтады. Сенім таңғажайып: адамдарга тек қуаныш ұласып, оларға мүддесі тиіп жасайды. Ниеті қайырлы: адамдар арасындағы қатынастарда қиянат, тәкаптарлық, әділет, ашуашаң, өтірікшілік сияқты індеттердің жоғалуын қалайды... Менің, бұдан мақсатым не, деген сұрағыма досым біраз ойланып, жауап қайтарды: «Ғанибет өмірімді қайырлы және ізгі жұмыстарға жұмсан, өзімнен жақсы ат қалдырысам...»

3. Бұл достың қандай рухани әдемі қасиеттерін өзіңде алуың мүмкін?
4. Не деп ойлайсың? Адамда мұндай әдемі тәрбиенің қалыптасуында ата-ана, жанұя, ортаның қандай әсері бар?



БІЛІП ҚОЙ!

XII ғасырда жасаған Шайх Азизуддин Насафидін «Кәміл адам» кітабында төмөндегілерді оқымыз: Адамилық белгісінің төрт сапасы: жақсы сөз, жақсы жұмыс, жақсы мінез және агарту. Кімде бұл төрт сапа болса, адамилық болады, бірақ кімде бұл сапалар болмаса, ол адамилардан емес. Кімде-кім бұл төрт сапаны кемелге жеткізген болса, кемел адам болады.

«Тыныш жасаудың 99 сырьы»



Тас ериді, бірақ ол ерімейді. Ол кім?

108

шендігімен байланысты ерекшеліктер қажетті маңызға ие. Айтуынша, киіміне қарап күтіп алады және ақылына қарап күзетеді қағидасына сәйкес танысу және қатынас орнатуда әр екі жақтың қызығулары, ойлау сапасы, руханияты және мәдениеттілігі есепке алынады. Қатынас жасауда әр екі жақ бірін-бірі түсінуі және тануы қажет болады.

Әрбір нәрсенің логикалығы және мәдениеті болғаны сияқты достасудың да мәдениеті бар. Мұнда, ең алдымен, екі танысуши тұлға бірін-бірі ұзақ мерзім сынауы, ауыр жағдайларда шын көңілмен көмекке келуі де әрқашаннан қажет. Дос тұтынғаннан кейін, сенімді дос болу және достықты қадірлеу қажет.

Шын достың барлығы кісінің өз өмірі барысында түрлі қыыншылық пен сынақтарды жеңіп өтуінде әрі қанат, әрі желкедес ретінде көмек көрсетеді. Жалалиддин Руми айтқандай, «Ақылды досы болған кісінің айнаға қажеті жоқ». Себебі шынайы дос айнадай кісінің нұқсанымен кемшіліктерін бетіне айтып, оны жаман әдеттерден қайтарып тұрады.

Сабактың нәтижесі. Адамда барлық нәрсе әдемі болуы керек — көнілі де, ақылы да, сыртқы көрінісі де, басқалармен мәмілесі де. Адам қофамда жасар екен, басқалармен мәмілеге кіру арқылы белсенді азamatтыққа ие болып барады. Қатынастың мазмұны, мәні және ерекшелігі адамилық қатынастар орнатудың күрамдық бөлігі болып табылады.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШІН СҰРАҚТАР

1. Қатынас мәдениеті не үшін керек?
2. Қатынас мәдениеті жоғары дамыған адам мен білімді адамның айырмашылығы неде? Пікірінді дәлелдей бер.



10-§

Ақылды және рухани денгейдің қоғам рухани жаңауындағы орны



БЕЛСЕНДІЛКТІ АРТТЫРАТЫН СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. «Мектеп», «Ағарту» және «Руханият» ұғымдарының өзара байланыстылығын түсіндір.
2. «Ғылым мен ағарту адамды биіктікке көтереді», дегенде нені түсінесін?
3. Төмендегі суреттерге қарап, рухани деңгей иелері туралы пікір жүргіз.



Жас ұрпақ бар білімін мектепте алады. Мектепті білім ордасы деumen бірқатарда окушының өмір жолын белгілеп беретін, оны тұлға ретінде қалыптасуына кепілдік беретін мекен де болып есептеледі. Мектеп оқытушы мен оқушының негізіне құрылады. Онда жоғары руханият, ағарту және мәдениеттілік ұстем болуы қажет. Жалпы орта білім беретін мектебі өз жауапкершілігіне жүктелген міндеттерді орындау және қызметі барысында тәлім-тәрбиені жоспарлау, оку-педагогикалық процесті алып бару, мектеп жұмыстарын жүргізуі ұйымдастыруда қатар нормативтік құжаттарға сүйенеді.

Мемлекетімізде жастарымызды кемел етіп кәмелеткізу, оларға білім, тәлім-тәрбие беру мәселесі Конституциялық мақамға ие болды. Руханиятымыздың



«Тәрбие қанша лықты жетік болса, халық соншалықты бақытты жасайды», дейді данышпандар. Тәрбие жетік болуы үшін бұл мәселеде бостиқ пайда болуына мүлдем жол беруге болмайды.»

**Шавкат
Мирзиёев**

негізін құрған, өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған, мемлекетіміздің әрдайым назарында тұрған тәлім мәсесінің Негізгі Заңымыздан берік орын алды.

Мектеп тәлім-тәрбие жұмыстарын әрбір тұлға, қоғам және мемлекет мүдделерін көздеңген түрде жүзеге асырады, окушылардың жан-жақты кемелденуі үшін қолайлы жағдайлар жаратып береді, сондықтан, окушылардың өз үстінде өздігінен істеуі және қосымша білім алулары үшін мүмкіндіктер жаратады. Сөзсіз, еліміздегі барша оқу мекемелері сияқты мектеп те окушыларда ұлттық әрі жалпыадамдық құндылықтарды үздіксіз біріктіру негізінде ұлттық идея көңіл-күйінде жоғары рухани-ақылақтық қасиеттерді кемелдендіру, оны шынайы адам, Отанға сенімді азамат ретінде тәрбиелеуге арналған.

Кемел тұлға тәлім-тәрбиесі үстемдігіне мән берген түрде мектеп окушыларында тәуелсіз Өзбекстан Республикасына және оның Конституциясына адалдықты қалыптастырады, Мемлекет рәміздеріне (жалауы, әнұраны және гербі) құрметті, қатал тәртіп пен пән негіздерін жетік менгеруге шын көнілден жандасуды үйретеді. Сондай-ақ, мектептің жауапкершілігіне білімді, мәдениетті тұлғаларды қалыптастыру, оларды жанұя, қоғам, мемлекет алдындағы жауапкершілігін толық танитын және алған білімдерді өмірге ұсына алатын тұлға ретінде кемелдендіру міндепті де жүктетілген.

Маңыздысы, бүгінгі күнде әдептілік тұрғыдан таза, дene тәрбиелік тұрғыдан мықты, Отанға сенімді, ізденуші, адаптациялық жеткізіп беру қоғам дамуының қажетті негізі.

Odamdan yuqori tururkan olam,

Bilim oshirmoqqa muhtojdir адамзат.

Ғылым мен ағарту адамды биіктікке көтереді. Ілім, ағарту да өз кезегінде мәдениет, руханият ұғымда-рымен тығыз байланысты, олар сәйкес түрде қолда-нады. Себебі, ағарту руханиятқа алып келетін жол, оны қалыптастыратын құрал. Сол үшін Өзбекстанның Бірінші президенті Ислам Каримов ақылы түрде айтқа-нындай, «Ілім-ағартуға қызығуды әлсіз ұлттың бола-шағы да болмайды».

Ілім мен ағарту рухани тәуелділікті шешуші күш, ол адамға ақыл, жан-дүниелік қуат беретін фактор ретінде көрініс табады. Ол адамдарды надандық шең-гелінен құтқарады, бұзық, жаман, күнә істерден қайта-рады, ізгі құлық пен әдел иесі болуға көмектеседі. Тек



БІЛІП ҚОЙ

«Өзара татулық, мақсаттар ортақ болған жерде ғана жанға жа-сампаздығы, ел болашағы, халық бақыты қарап табады».

«Хикметтер қазынасы»



ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

- Неге білімді, дана адамдарға тән «мектеп көрген» деген анықтама қолданылады?
- Мектеп болмағанда жастардың тәлім-тәрбиесі қандай жағдайда болар еді?
- Төмендегі хикаяны оқып, өз пікірінді білдір

Әділжан сыныбында ең үлгілі оқушы. Ол әр күні үйінде тапсырманы орындаумен бірқатарда тақырыпқа байланысты болған оқығалар, процес-терді жазып барады. Оқытушы тарих сабагынан темурилер мемлекеті туралы тақырыпты сұраганда ол Сайыпқыран жаратқан «Темір түзік-тері» шығармасынан өкіметті әділ басқару, мемлекетте әділеттің пайда болуында мемлекет билеушісінің қатал болу қажеттілігі туралы қосымша жасады.

Сабактың соңына жеткенде сынныпастары оның айналасын қоршап алып, әр сабакта тақырып бойынша қызықты мәліметтерді тауып келу сырын сұраганда, ол әр сабактан кейін 2 сағат мектеп кітапханасына кіріп, көркем әдебиетті, жаңа шыққан заң мен қауалыларды міндетті түрде оқып өзіне белгілеп алуын айтты.

«Он жыл аш
жүрсөн де, ілім
немесе өнер
іздеу жолынан
қалма».

**Әбу Ханифа
имам Азам**

қана шынайы ілімге, ағартуға қол жеткізген адам-ның қадірі, ұлт құндылықтары, өздігін тану, еркін және азат қоғамда жасау, бір сөзбен айтқанда, тәуелсіз мемлекетіміздің дүние ынтымақтастығында өзіне сай, абыройлы орын иелеуі үшін белсенділік көрсете алады.

Сол үшін, білімді кісілерден құрылған қоғам дамиды, оның болашағы жарқын болады. Мысал үшін, сайыпқыран Әмір Темір заманында халқымыз руханият-ағартушылық жөнінде дүниеде даңқы шыққандығы бекер емес.

Ағарту руханиятқа жетелейді. Руханиятты өмірге сіндіру тек ағарту арқылы ғана емес, ағарту ошақтары, түрлі шығармашылық одактар, үйым, мекемелер арқылы да жүзеге асырылады. Ал бұл адамдар рухани өсүін қамтамасыз етеді, халық руханияты және ағартудың жетілуіне мүмкіндік береді.

Білім арқылы адамның таланты, дарыны, қабілеті, үмтүлүйна жараса белгілі бір дәрежеге жетеді. Білім тарату жолымен саясат пен экономика салаларында жалпы әлеуметтік өзгерістер пайда болуына қол жеткізу руханият жұртының жауапкершілігі. Себебі шынайы білімді адамдар ғана өз елінің дамуына, дүниеде сәйкес орын алуына үлес қоса алады, оны көз қарашығында сақтауга, икемді болады. Бұл ұстаз беретін, ата-аналар, бүкіл қоғам жауапкершілігіне үлкен жауапкершілік жүктейді. Жастарға тәлім-тәрбие беретін, оларды руханият-ағартуға үндейтін ұстаздардың құрметін орнына қою, оларға сәйкес жағдай жаратып беру ең өзекті міндеттердің бірі.

Ұлы ағартушы Абдулла Авлони: «... Білімді халық батыл болар. Батыл көңілдің табандылығынан, рұхтың салауаттылығынан тұрады. Ағартудан, гылымнан және мәдениеттен мақрұм болған халық надан-

дық айналарының арасында қамыр сияқты езілгендей, түбіндеге өз нәпсінің жағасын босата алмас... Дегенмен, надандық пен қорқыныши, кедейлік пен мұқтаждықтан қорқынышты бір ауыртпалық болып табылады», деген еді.

Сабактың нәтижесі. Еліміздеге жүзеге асырылып жатқан реформалар нәтижесінде қоғамымыз азат және еркін егемендікке қарай бет бұрды, руханият және ағартуды дамыту мемлекет саясатының ең үстем бағытына айналды. Себебі, адам, халық, қоғам және мемлекеттің күш-құдіреті азаматтардың рухани-ағарту тарихы, руханияттың ұлттық-этникалық негіздері, ұлттық құндылықтар, халықтың деңгейі бастауыш негіз — мектептегі тәлім және тәрбиенің нәтижесі болып табылады.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШИН СҰРАҚТАР

1. Бұғін Өзбекстанда тұрақты дамуын қамтамасыз етуде тәлім мен тәрбиенің орнын дәлелде.
2. Адамның ақыл және рухани деңгейін асыруда ағартудың орны қандай?
3. Біз қандай адамдарды ақыл деңгейлі тұлға деп есептейміз? Пікірінді дәлелден бер.



БІЛІП ҚОЙ

«Бұкіл руханият тарихы соны көрсетеді, яғни цивилизация дегені бұл — адамның өзін кемелге жеткізу үшін алып барған құресінің нәтижесі. Барша діндер, ілімдер адам қабілеті, көңіл-күйі және ақылағын үйрено, кемел адамды тәрбиелеп, дұрыс жолға бастаумен шұғылданып келеді».

Н. Комилов,
«Ойлау
керуендері»



ЧИСТОН-ЖҰМБАҚ

Оларға қол жеткізу, оларды өзінде топтастыру, оларды табу онай емес. Оларды дұрыс жұмсау, орнында істету, өнімді пайдалану одан да қыын. Олар нелер?



11-§

Әдебиет — халық қөнілінің рухани шешімі



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТЫРАТЫН СУРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

- Неге әдебиет руханиятқа жетектейтін негіз делінеді? Суреттер арқылы пікірінді негізден бер.
- Руханиятты жетілдіруде әдебиеттің орны қандай?
- Әдебиетсіз рухани мұраны ұрпақтарға жеткізу мүмкін бе?

B



ір адам істеп шығару кәсіпорнында істейді, ол телефон, телевизор, машина яки аяқ киім істеп шығарады. Оның еңбегіне сатып алушысы болған пайдаланушылар өнімнен пайдаланып, баға беруі мүмкін. Басқа адам шығармашылықпен айналысады. Өлең яки көркем роман жазады. Оның бағасын кім шығарады? Жалпы, көркем шығармашылықты бағалай аламыз ба? Шығармашыл адамның қабілеті, дарыны, ішкі дарынының бағасы қандай болады? Мұның жауабы киын. Тума дарынды, қабілетті, әдебиетті бағалап болмайды. Әркім өзінше баға береді, өз дүниеге көзқарасы шенберінде қабылдайды.

Үлтys, жүртys, халқының қамын, жетістіктерін шын жүректен, қөнілден шығарып қағазға түсірген адам шығармашылығының бағасы әжептәуір қын болады. Міне саған әдебиеттің бағасы.

Әдебиет (араб. әдептер жиындысы) — жалпыадамлық руханияттың құрамдық бөлігі, әдеби қызмет нәтижесі, қоғам өмірі және оның жетілуінде қажетті маңызға ие шығармашылық саласы. Әдебиет екі

Біз ақын дегенде, алдымен Әлішер Науайдай тендессіз тұлғаларды, жазушы дегенде, Абдулла Қадири, Айбек сияқты өз халқы үшін тек қана құнды дарыны, сол уақытта бүкіл өмірін арнаған ұлы және данышпан адамдарды көз алдымызға келтіреміз.

Бір сөзбен айтқанда, халқымыз әдебиетті қасиетті және ұлы бір мекеме деп біледі. Міне сондай бағаның өзі ел-жүртімымыздың өмірінде бұл сала өкілдеріне, олардың шынайы сөзі, терең мағыналы шығармаларына сенім, құрмет және ізет ежелден жоғары дәрежеге көтерілгенін жеке дара көрсетіп тұрыпты.

«Әдебиетке назар — болашаққа назар»

мағынада қолданылады: 1) кең мағынада — барша кітап түрлері, газета және журналдарға сәйкес; 2) тар мағынада — көркем әдебиет, түрлі соғыстағы көркем шығармалар жиынтығы.

Көркем әдебиет кісілік дамуының белгілі бір басқышында жүзеге асқан болып, алғаш ауызекі шығармашылық үлгісі ретінде жаратылып, тілден тілге өтіп, байып, өндөліп барған. Жазу пайда болғаннан кейін, адамдарда жазбаша сөйлеу, жазу мәдениеті да-муымен жазбаша көркем әдебиет те қалыптаса баста-ды. Көркем әдебиет әрқайсы халық руханиятын ұр-пақтардан ұрпақтарға алып өтетін негізгі құралдардың біріне айналды. Ауызша және жазбаша әдебиет қай-сы халыққа тән екендігінен келіп шығып, сол халық атымен қосып жүргізіледі.

Жалпы білім беру мекемелерінде әдебиет оқыту-дың басты мақсаты сенімді, өзге адамның сезімдерін танитын, ұлттық және жалпыадамдық құндылықтарға сенімді, жоғары талғамды, ақылақты тұрғыдан кемел, ақыл жағынан жетік, өз әрекеттерін басқара алатын ке-мел адамның рухани дүниесін қалыптастырудан тұра-ды.

«Көркем шығарма сон-дай ағаш, яғни оның бұтағында жалпыадам-дық жемістер жетіледі, тамыры ұлттық өлкеде жатады».
Откір Хашимов

«Сөз адамның
құны сияқты
қадірлі».

**Жалалиддин
Руми**

Барша мемлекеттерде Отан ұғымы мен отансүйгіштік идеялары бар болып, бұндай сезімдер мемлекет мұдделеріне, халық ойлауы, өмір сапасы мен көніл-күйін қалыптастыру мәселесіне тікелей байланысты.

Дүние өркениетіне үлкен үлес қосқан Қытай хикметтерінде, Жапонияның тәлімге қаратқан назарында, Корея дамуының бас мақсаты негізінде де отансүйгіштік идеялары сәйкестігін көреміз. Отансүйгіштік идеялары әдебиет сабактарында үйретіледі, жастарды тыныштық және бейбіт өмір сүру, басқа халықтардың ғұрыптарын, дәстүрлерін, жалпыадамдық құндылықтарын құрметтеу арқылы тұрақты өмірге қарай ұмтылдырады.

Көркем шығарманы үйрену арқылы жастар отансүйгіштікті өзінде көрсетуге ұрынады, шығармадағы кез келген бір қаһарманға тән отансүйгіштік сезімін менгеріп алады.

Кісілік қоғам дамуы процесінде көптеген ұрпақтардың ойлауы және ақыл-зеректігімен жаратылған рухани мұра, рухани байлықтар, көне тарихи ескерткіштер



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Көз алдыңа келтір, Сенің бір жақын досың шығармашылықпен айналысады. Ол жазған өлеңдер соншалықты әсерлі, оқып ойға шомасың. Сондай жағдайда көнілінде қандай сезімдер кешеді?
2. Отандасымыз болған бір ғұлама өмірі туралы шет елдік телеканалдар арқылы арнайы телебағдарлама көрсетілуде. Бұл жағдайды көргенінде сені мақтаныш сезімі қоршап алады ма? Не үшін?
3. Ұлы ағартушы бабамыз Абдулла Авлонидің төмендегі сөздерін сипатта:
«Әрбір ұлттың дүниеде болмысын көрсететін бүкіл өмірі тіл мен әдебиеті болып табылады. Ұлттық тілді жоғалту ұлттың руhyн жоғалту дегені».

«Әркім пікірлеу, сөз және сенім еркіндігі құқына ие. Әркім өзі қалаған ақпаратты іздеу, алу және оны тарату құқына ие, іс жүзіндегі Конституциялық жүйеге қарсы ақпарат және заңмен белгіленген басқа шектеулер бұдан тыс».

Озбекстан Республикасының Конституциясы, 29-баптан

— бұлардың баршасы қазыналар кілті болып саналады. Бұл жазба деректер ұлттың өздігін тануына қызмет етуі, оның тек қана өткені, бәлкім қазіргі күні үшін де рухани құндылық ретінде қаралуы табиғи жайт.

Мәселен, шамамен үш мың жылдық тарихқа ие құнды рухани ескерткіш, «Авесто» халық ауыз шығармашылығының құнды маржаны болған «Алпамыс» дастаны, ұлы бабаларымыз Имам Бухари, Имам Термези, Имам Мотуриди, Мұхаммет Мұса Хорезми, әл-Ферғани, ибн Сина, Әбу Райхан Беруни, Әмір Темір, Мырза Ұлықбек, Әлішер Науай, жадид бабаларымыздың шығармалары үлкен рухани-ағарту, ғылыми, әлеуметтік-палсадалық мұра деп алуымыз мүмкін. Бір ғана «Авестода» жақсылық пен жамандық, ізгілік пен жарқындық, адамның табигатпен сәйкестігі, жасампаздық және тұрақты дамуының негіздері өз шешімін тапқан.

Рухани қазына факторы есептелген халық ауыз әдебиеті шығармашылығы да ұлттың руханияты, отансүйгіштік, кейіпкерлік, мемлекеттікпен байланысты білім және тәжірибелерді өзінде топтастырып, құнды рухани қазына ретінде бүгінгі күнде де мемлекеттікпен жанжақты өркендеуі, жарық егемендігіне қызмет етіп келуде.

Бір-бір халық руханиятына тән болған құндылықтардың басқа халықтар тарапынан тән алынуы әдебиет арқылы, көркем шығармалар арқылы көрініс табады. Сондай-ақ, басқа халықтар тарапынан көркем шығармалар арқылы баяндалған шығармашылық үл-

«...Бұл ежелгі жүртта туылып шығармашылықпен айналысқан Ахмет Дониш, Абдурауф Фитрат, Файзулла Хожаев, Садриддин Айни сияқты көптеген ағарту үлтжандарының ғибратты өмірі бүгінгі күнде де өлкемізде жаңа қоғам құру, кемел ұрпақты тәрбиелеу, руханиятымызды жетілдіруде бізге шексіз күш арнап келуде».

**Шавкат
Мирзиев**

«...әдебиет және өнерге, мәдениетке назар — бұл алдымен халқынызға назар, болашағымызға назар екенін, ұлы ақыннымыз Шолпан айтқандай, әдебиет, мәдениет жасаса, ұлт жасауы мүмкіндігін ұмытуға біздің мұлдем күкіммыз жоқ».

**Шавкат
Мирзиёев**

гілері сол халықтың тарихына терең құрмет көрсетеді. Мұндай көңіл бөлу халықтың абырой мен мақтанышы, ұлттық өздігін одан әрі жетілдіруге, әдебиеттен мақтану, рухани қасиеттеріне назарды қүшейтеді. Әдебиеттің күші де, қаруы да сонда көрінеді.

Халқымыздың ұрпақтардан ұрпақтарға өтіп келе жатқан өте көне, бай әдеби-мәдени мұралары бар. Ол халқымыздың әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, мереңдері, көне жазулар мен археологиялық қазбалар, халық ауыз әдебиет шығармашылығы, жазба көркем әдебиет үлгілері, сурет және практикалық өнер әрі өлең інжү маржандары, қайталанбас архитектуралық ескерткіштерден тұрады.

Сабактың нәтижесі. Әдебиет — руханиятты және білімді адамды, ең алдымен, дүние ынтымақтастығына белсенді және табиғи түрде кіріп баруы үшін өзінің тыныштыққа тең ынтымақтастыққа, демократияға, адам күкіктарына, негізгі жалпыадамилық құндылықтарға адал екенін көрсететін ең тиімді құрал.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШІН СҰРАҚТАР

1. Әдебиеттің адам руханиятында ұстанған орны қандай?
2. Әдебиет арқылы қандай адамилық характер қалыптастырылады?
3. «Әдебиет жасаса, ұлт жасайды», деген пікірді дәлелдеп бер.



ЧИСТОН-ЖҰМБАҚ

Ойлау бұлагының таза сулары. Олар нелер?



12-§

Экологиялық мәдениет және руханияттың сәйкестігі



БЕЛСЕНДІЛКТІ АРТТЫРАТЫН СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Адам руханиятын қалыптастыруды экологияның қандай байланысы бар?
2. Экологиялық мәдениет ұғымына сипаттама жаса.
3. «Экологияны қорғау — адамды қорғау», деген пікірді түсіндір.
4. Төмендегі суреттерге қара. Экологияның қорғаушысы қандай қасиеттерге ие болуы керек?



дамның кемелдігі, мәдениеттілігі сыртқы көрінісіне қарап емес, бәлкім оның дүниеге көзқарасы, рухани-ағарту деңгейімен белгіленеді.

Экологиялық мәдениет — бұл қоршаған орта тұралы терең білімге, табигатты сақтау сезіміне ие болу, есімдіктер әрі жануарларға қамқорлық көрсетуге, табигат қорларынан өнімді пайдалану, оларды көбейттіру барысында қайғыруға қаратылған іс-жүзіндік қызметтің жоғары көрсеткіші болады.

Колданудан артықша судың ағуына жол бермеу, су бассейндерін ластамау, қоқысты кез келген жерге төкпеу, мекен-жайларды таза сақтау, жануарларға қамқорлық жасау, құстарды азықтандыру сияқты әрекеттерді жүзеге асыру экологиялық мәдениеттің ең қарапайым көріністері болып саналады.



«Қирап жатқан жерлер иесіз болса, риясыз (яғни мемлекет жерлерін басқа руши мекеме тарапынан абаттандырылса. Егер иесі болса-да, аbat етуге күші жетпесе, оған түрлі құралдар және қажетті нәрслер берсін, ол өз жерін аbat етіп алсын. Тағы да әмір етті, қирап жатқан жерлерде кәріздер құрсын, бұзылған көпірлерді түзетсін, арықтар мен дариялардың үстіне көпірлер салсын, жол үстінде, әрбір мекен-жайда рабаттар құрсын».

«Темір түзіктөрі»

Бұғынгі күнде экологиялық процесс күрделі өтіп жатқаны үшін ол қоғам мүшелерінен жаңаша пікірлеуді, дүниеге көзқарасты, ақылақтық, мәдени, рухани жетілгендейті талап етеді. Сол үшін экологиялық тәлім және тәрбиені адамға сіндірмей тұрып, оны рухани жоғары қасиеттерге ие адам деп айта алмаймыз.

Мұнда ең өзекті міндет қоршаған ортаны, табиғатты сақтау, табиғатпен қоғам арасындағы өзара әсерлерді біркелкілікте түсінуді қалыптастырудан тұрады.

Ана-табиғатты қорғау, сақтау, табиғи байлықтарды қадірлеу, қоршаған ортаны таза және пәк сақтау және бар экологиялық проблемаларды шешу адамның мемлекет, қоғам мен өз алдындағы негізгі борышы әрі жауапкершілігі есептеледі.

Сол үшін жастарда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және бұл салада халқымыздың бай мұрасынан кең пайдалануға жеке мән беру қажет.

Бабаларымыздың ежелгі және бай экологиялық мәдениет саласында қалдырған мұрасын терең үйрену, ана топырақты, суды, ауаны, табиғатты аялау, сақтау, таза күйінде ұрпақтарға қалдыру, жастарда экологиялық мәдениетті қалыптастыру проблемалары барған сайын өзекті болып бара жатқандығынан қоршаған табиғи ортаға байқап қатынаста болу мәселесі Конституциямызда да келтіріп өтілген.

Бұл бойынша Өзбекстанның Бірінші Президенті Ислам Каримов күйінішпен төмендегілерді айтқан болатын: «*Гасырлар тұтас келген жайтта бүкіл адамзат, мемлекетіміз тұрғыны өте үлкен экологиялық қауіпке душар болды. Мұны сезбеу, қол қусырып отыру, өз-өзін бекем етумен тең...*»

Бабаларымыз экологиялық орта бұзылуының алдын алуға әрекет еткен, табиғатқа өте абай болған, оны көз қарашиғында сақтаған.

Әбу Райхан Берунидің «Сайдана» шығармасында өсімдіктердің 1118 түрі, сондай-ақ, дәрі шөптердің 750 түріне және жануарлардың 101 түріне егжей-тегжейлі мәлімет берілген. Ол өз жұмысында араб, грек, үнді, парсы, сүғд және басқа тілдерге тән 4500 өсімдік, жануар, минералдың аты мен олардан алынатын өнімдер туралы мәлімет топтастырып, сол дәүір дәрітанушылық атауларын тәртіпке салуға өзінің үлкен үлесін қосқан. Оның ғылыми даналығы сондай, яғни ізденістері, тәжірибелерінде табиғаттағы барша оқиғалар белгілі табиғи заңдылық негізінде пайда болады, сыртқы күштің әсері оны ізден шығаруы мүмкін, деген қорытындыға келеді.

Халқымыздың тарихи-әдеби ескерткіші «Авестоға» көніл бөлөтін болса, бабаларымыз қоршаған ортаға, ана жерге өте сақтықта болып, оны асыра сактағандағына күә боламыз. Тек қана абайсызда болмаған, бәлкім ауа, жер, суды қасиетті есептеген. Өмірдің табиғатпен сәйкестігі мәселесі адамның рухани әлеміне тығыз байланысты түрде көрсетілгені көп нәрсені білдіреді. Адамның рухани дүниесін қалыптастыруда қоршаған орта ежелден бері қандай күшті әсер өткізіп келгендігі тағы да бар назарымызды тартады.

Аралдың экологиялық күйреуі дүние жүзі деңгейінде қасірет деп атау мүмкін. Бұл трагедияны мемлекетіміз бен туысқан мемлекеттер өз алдына шеше алмайды. Мұның үшін тек бірігіп, туысқан мемлекеттер топтасқан түрде жұмыс жүргізсе ғана жақсы нәтижелерге жетуі мүмкін. Сол жүрттада туылып есken адам ешқашан өз елінің тағдырына немқұрай-

«Азаматтар коршаған табиғи ортаға сақтықпен қатынаста болуға мәжбүр».

Озбекстан Республикасының Конституциясы, 50-бап



**БІЛІП
КОЙ**

Берунидің «Егер адамдар табиғатқа зорлық жасап, оның заңдарын дөрекілікпен бұзса, бір күн келіп, табиғат олардың басына сондай қасіреттерді салуы мүмкін, мұны ешқандай күш қайтара алмас» деген хикметі бүгінгі глобал экологиялық проблемалардың мұнан мың жыл алдын болжалданғанын көрсетеді.

дылықпен қарап тұра алмайды. Адамның отансүйгіштігі де, нағыз адамилығы да сондай жағдайларда жеке көрініс табады. Шынайы рухани-ақылақтық қасиет иесі болу үшін әрқайсы проблемаларды өзінің проблемасындай көру қажет. Демек, біз осы елді баршамыз үшін жалпы мекен деп қана емес, бәлкім баршамыз үшін дара көңіл деп білуіміз қажет.

Бір аймаққа жайылған проблема белгілі бір ұлттың адамның, мемлекеттің емес, аймақтың проблемасына айналуы, адамдардың бір-біріне серік болу және ынтымақтастықта оны шешуді талап етеді. Бұл процесте рухани сапалар негізгі құрал болып қызмет етуі қажет.

Бұгінгі күнде қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстардан тиімді пайдалану саласындағы қатынастар-



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Сен қоршаған ортага бірер залал жеткенде, оны шешу қолыңдан келсе, қандай жолды ұстанасың? Мұның алдын алу саған қандай пайда келтіреді?
2. Төмендегі жағдайды оқы және Кәрімнің әрекеттеріне өз пікірінді айт.

Кәрім мектептен қайтып жатқанында көршісінің су насосы бұзылып, краннан тынбай су агуы нәтижесінде бүкіл ауласының суга толғаны және қажет болса көршісінің қабыргасы да құлауын мүмкіндігін көрді. Біраз тоқтап қарап тұрды. «Үйде ешкім жсоқ, сияқты», деп қойды. Үндеместен өтіп кетті. Үйге келді, киімдерін алмастырды, тамақтанғаннан кейін мектептегі шахмат үйрмесіне бару уақыты келгенін еске алып, тағы да мектепке қайтты. Енді қараса, су басқан көршінің үйінде адам жиналған. Жан көршісінің қабыргасы құлаған. Су басқан ауладағы барша нәрселер, егілген және түбекке отырғызылған ғұлдер тіктеп болмас жайтқа келіп қалған. Ол да көрші аулаға кіріп: «Е-бұл, барша жсақ бұзылып болыпты гой, неге дарбазаны, суды ашип кетіп қалдың?» деді. Көрші қыз «Дарбаза ашиқ қалғанын қай жерден білдің? Сен су ағып жатқанын көрген бе едің» дегеніне қызыарып кеткен Кәрім не «иә», не «жсоқ» деуін білмей қалды. Уақытында кранның шүмегін өшірмегені үшін өкінди.

ды тәртіпке салатын берік құқықтық негіз жаратылды. Өзбекстанда бұл салада отызға жуық қажетті заң мен жүздеген заңды нормативті құжаттар қабылданды. «Экологиялық бақылау туралы» Заң және басқа нормативтік құжаттарда қоғам мүшелерінде экологиялық мәдениетті қалыптастыру, мемлекетте қоршаған ортаны қорғау өз шешімін тапты.

Сабактың нәтижесі. Бұгінгі күнде экологиялық тәлім және тәрбиені адамдардың санасы мен ойлауына сіндірмей тұрып, жоғары руханиятты, білімді қоғам құрып болмайды.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШИН СҰРАҚТАР

1. Болашағымыздың ертеңі болған кемел үрпақты тәрбиелеуде экологиялық мәдениетті қалыптастырудың негізгі міндеттері нелерден тұрады?
2. «Табиғат пен адам өзара белгілі заңдылықтарды бұзу өндеп болмайтын экологиялық апаттар алып келеді», деген пікірге қалай қарайсын?
3. Бұгінгі күнде мемлекетімізде қоршаған ортаны сақтау, табиғатты қорғау бойынша қандай ереккеттер жүзеге асырылуда?



ЧИСТОН-ЖҮМБАҚ

Ол тыныш, адамзат тыныш. Ол тыныш емес, адамзат өмірі қауіп астында. Олар нелер?

«Ең қажетті мәселе — тұрғындардың экологиялық мәдениетін асыру туралы шынызы қажет. Әлбетте, мұндай проблемаларды тек әкімшілік жолмен шешуге болмайды, бұған жас үрпақ көңілінде ана табиғатқа мейір-махаббат, оған қатыстырылған сезімін тәрбиелеу арқылы қол жеткізу мүмкін».

**Шавкат
Мирзиев**



13-§

Жастар қызметінде жоғары руханиятты қалыптастыру



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТЫРАТЫН СУРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Жастар әлеуметтік қызметінің негізін нелер күрайды?
2. «Мен осы қадірлі елдің перзентімін, мен ұлы тұлғалардың ұрпағымын, ұлы тарих пен мәдениет иесімін» деген шынайы үлттық мақтаныш сезімі қалыптасуы үшін жастарда қандай қасиеттер пайда болуы керек?
3. Суреттерге қарап бұл жастарды не біріктіріп тұрғаны туралы пікір жүргіз.

B

ала туылған күннен бастап жанұя ортасында жасайды. Жанұяға тән дәстүрлер, құндылықтар әдет-ғұрыптар баланың кемел тұлға болып қалыптасуында негіз болады. Ең негізгі, перзенттер жанұялық өмір мектебі арқылы қоғам талаптарын таниды, сезеді. Бұл бекер емес, әлбетте.

Мемлекетіміздің жастары бүгін өміріміздің түрлі салаларында батылдықпен қызмет жүргізуде. Олар студент және оқушы, жұмысшы әрі дәрігер, педагог және инженер, кәсіпкер әрі бизнесмен. Жастарымыз компьютер техникасы, интернет технологиясы бірнеше шет тілдерін жетік иелеп, дамыған мемлекеттерде білім алғып, дүние майданына шығуда.

Өзбекстанның болашақта ұлы мемлекет болуы үшін жоғары білім мен тәжірибелі маман кадрларды тәрбиелеп жетілдіру талап етеді. Казірде мұндай ұл-

кен міндетті абыроймен орындайтын, заманауи және дүниенің ең алдыңғы білім технологияларымен қаруланған педагог кадрларға болған қажеттілік құннен-құнгә артып баруда. 1991 жылда мемлекетімізде «Өзбекстан Республикасында жастарға тән



ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. «Отанымыздың ұлтжанды перзенттері» дегенде дәл қандай жастар на- зарда тұтылады?
2. Дене тәрбиелік түрғыдан салауатты жастар рухани салауатты болуы да мүмкін бе?
3. Төмендегі мәтінді оқы және өз пікірімен мұндай жетістіктерге қандай қол жеткізу мүмкіндігін айт.

Өзбекстандық жасас шахматшылар Минск қаласында ратид және блиц шахмат бойынша балалар арасында өткізілген әлем чемпионатында дарын және шеберлігін көрсетіп, жоғары жеңістерге қол жеткізді. Блиц шахмат бойынша өткізілген дүние чемпионатының он жасақа дейін болған ұл балалар арасындағы сайыстарда Исламбек Синдоров алтын медальды ұтып алды, Абдулбосит Шарифжонов күміс медальды жеңіп алды.

Исломбек Синдоров тозыз партияның сегізінде жеңіске жетіп, 8 ұпаймен тұғырдың ең жоғары сатысына көтерілді. Ол ресейлік Константин Котельников, Арсений Чумак, Всеволод Тимофеев, Патрик Першин, Тамерлан Чиндигир, литвалақ Мотеус Дудникас, украиналық Игорь Нагорный және группаласы Абдулбосит Шарифжонов үстінен жеңіске жетті. Исломбек ратид шахмат бойынша өткізілген дүние чемпионатында да сәтті қатынасып, екінші орынды иеленді. Ол жарыста ресейлік Александр Черкашин, Сергей Погорелов, Всеволод Пономарев, Тамерлан Чиндигир, украиналық Алексей Поповский, Юрий Хриновский, Кемал Баширов және вьетнамдық Пан Хиен Доанды жеңіп, бұл жарыста чемпион болған белорусь Михей Науменкомен бірдей — сегіз ұпай жинады және қосынша көрсеткіштер бойынша күміс медальды ұтып алды.

УЗА материалдары

мемлекет саясатының негіздері туралы» Заң қабылдану: мемлекетіміздің жастарға болған жоғары қамқорлығы мен назарының жоғары рәмзі болды. Жастардың қоғамдағы әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени реформаларын жүзеге асыру процесінде белсенді қатысуын ынталандыру, олардың рухани-ақылақтық, идеологиялық-теориялық деңгейлерін асыру үшін зәру жағдайларын жаратып беру, жастардың рухани көңіл-күйінің қалыптасуы мен даму заңдылықтарын үйрену және зерттеу негізінде жастарға тән саясатты жүзеге асыру қазіргі күнде қажетті маңызға ие.

Бұл сияқты заңдылық құжаттарының қабылдануы әлеуметтік әділет, адамгершілік, мейірбандық идеяларына тірек ретінде жастар өмірінің барша ұстанымдарын қамтитын негізгі бағыттарын бекемдейді. Өзбекстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен Кадрлар дайындау ұлттық бағдарламасы талаптары негізінде жүргізіліп жатқан реформалар жоғары дәрежеде жоғары тәжірибелі, бәсекелес маман кадрларды дайындау мақсат пен міндеттерін жүзеге асыру үшін бағытталған.

Жастар саясатының өзектілігі	Ашиқтық және айқындық;
	жастардың тікелей қатысуы;
	жастардың ұсыныстарын қолдау және ынталандыру;
	рухани, ақылақтық және мәдени құндылықтардың үстемдігі;
	рухани мөлшерлерге көніл бөлінгендігі;
	жастардың кемсітілуіне жол бермеуі;
	қоғам өміріндегі рухани өзгерістерде алдыңғы саптарда болуы;
	әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани салалардағы реформаларды жүзеге асыруда белсенді қатысуы және басқалар

Ең жоғары ұлттық құндылықтар мен сапаларды тәрбиелеу, жалпыадамилият құндылықтарды есепке алған тәрізде Өзбекстан Республикасы азаматтының ұлттық өзін-өзі тануын дамыту, кәсіби шеберлікке ұмтылу, еңбекке және үздіксіз түрде тәжірибесін арттырып баруға үндейтін сапаларды қабылдау, жануялық өмірге дайындау, ата-ана және қандас-туыстар, жануя алдында жау-

апкершілік пен жауапкершілік сезімін тәрбиелеу сияқты мәселелер өз шешімін тапқан.

Кемел ұрпақты тәрбиелеу — жастардың руханиятын, ойлаудың қалыптастыру негізі. Өзбекстан жастар мемлекеті. Сол жақтан алғып қарағанда, мемлекетіміз болашағы, ұлт дамуы бүгінгі жастардың біліміне, ынта-жігеріне, дүниеге көзқарасын, отансүйгіштік сезімінің қаншалықты жетілгендейдіне, кемелдік дәрежесіне байланысты. Болашағымыз еркін пікірлейтін, өздігінен жұмыс жүргізе алатын, шет тілдерінен жақсы хабардар, жоғары технологиялық ойлауға ие болған, Отан және халық мұдделерін өз мұдделерінен үстем қоя алатын, керек болса, Отан үшін жанын пида ете алатын жастарды талап етеді.

2017-2021-жылдарда Өзбекстан Республикасын өркендедудің бес үстем бағыты бойынша Әрекеттер стратегиясының төртінші — Әлеуметтік саланы өркендедудің мазмұнында үздіксіз тәлім тізімін одан әрі жетілдіру, сапалы тәлім қызыметтері мүмкіндіктерін асыру; мектепке дейінгі білім мекемелері тармағын кеңейттіру және бұл мекемелерде балалардың жан-жақты интеллектуал, эстетикалық және дene тәрбиелік дамуы үшін жағдайларын түptен жақсылай; жастарға тәn мемлекет саясатын жетілдіру нәтижесінде дene тәрбиелік тұрғыдан салауатты, рухани және ақыл жығынан дамыған, еркін пікірлейтін, Отанға сенімді, қатаң өмірлік тұrғысынан назарға ие жастарды тәрбиелеу, демократиялық реформаларды тереңдету және азаматтық қоғамын дамыту процесінде олардың әлеуметтік белсенділігін асыратында өзекті мәселелер назарда тұтылғандығы бекер емес

Тек ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар сәйкестігінің қажеттілігін терең біletін, заманауи білімдерді, интеллектуалды деңгейі және озық технологияларын иелеген адамдар ғана өз алдына қойған стратегиялық даму мақсаттарына қол жеткізуі мүмкін.

Табиғи, әрбіr мемлекет өзінің жастарымен мактандады. Мұның себептері бар әлбетте. Біздің мемлекетте бұлар:

- ➔ жастар мемлекетімізде әлеуметтік-экономикалық реформаларда негізгі күш ретінде қатысада;
- ➔ 32 миллионнан астам тұrғындардың 10 миллионын жастар құрудада;

«Жастарымыздың ақылы түрдө Отанымыздың болашағы үшін жауапкершіліктерді мойнына алуға байланысты болған, бүгінгі және ертеңгі күніміздің шешуші күшіне айналып бара жатқандығы баршамыздың абырой мен мақтานыш арнайды».

Шавкат Мирзиёев

«Мен мемлекетініздегі мектептерде бірнеше рет болғанмын. Әрдайым балалардың жаңып түрған көздерін көргенмін — бұл Өзбекстан басшылығының тәлім саласындағы саясатының ең жақсы нәтижесі болады».

**МҮУ ректоры
В. Садовничий,
Ресей
Федерациясы**

→ бүгінгі күнде жастарымыздың арасынан дүние және континент чемпиондары, халықаралық пән олимпиадалары, фестиваль және байқаулар жеңімпаздары жетіліп шығуда.

Біздің Конституциямыз ақылақтық құндылықтарды берік негізге қойған заңымыз болып табылады. Онда ұлттық құндылықтарымызды өзінің дамуын тапқан. Мәселен, негізгі Заңымыздың 45-бабында «Кәмелетке жетпегендер, еңбекке жарамсыздар мен жалғыз қариялардың құқықтары мемлекет қорғауында» делінеді.

Сабакты нәтижесі. Бүгінгі күнге келіп, перзенттің ата-ана алдындағы борышы, ата-ананың перзент алдындағы жауапкершілігі ұлттық занылдық негізінде бекемдеп қойылғаны Өзбекстан жастарының ұлттық дәстүр мен құндылықтарымызды құрмет етуде, рухани қасиеттерді өзінде пайда болуына берік жағдай міндептін өтейді.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШИН СҰРАҚТАР

1. Мемлекетімізде жастарға тән мемлекет саясатының жүзеге асырылуында сенің үлесің қандай?
2. Жастарда құқықтық, ақылақтық, рухани мәдениеттің табиғи байланыстылығы нелерде шешімін табады? Мысалдармен түсіндір.
3. Бүгінгі күнде мемлекетімізде азаматтық қоғамын өркендетуде жастар қандай орын ұстауда. Пікірінді сипатта.



ЧИСТОН-ЖҰМБАҚ

Кейде жер сияқты жақын, кейде аспан сияқты ұзақ. Ол не?

14-§

Жаһандану жағдайында ұлттық руханиятқа қарсы қауіптер



БЕЛСЕНДІЛКТІ АРТТЫРАТЫН СУРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. «Жаһандану» атауының мазмұнын түсіндіріп бер. Суреттерге қарап пікірінді дәлелдеп бер.
2. «Жаһандану бұл алдымен, өмір өткелдерінің шексіз дәрежеде жылдамдасуы», дегенде нені түсінесін?
3. Жаһанданудың қоғамға, мемлекеттің рухани же-тілуйне қандай әсері бар? Пікірінді дәлелдеп бер.



Үгінгі жаһандану жағдайында мемлекеттің ұлттық мұдделерін қорғау, қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету, тәуелсіздікті бекемдеу әрқашанғыдан да қажетті маңызға ие. Мұндай жағдайда мемлекеттің рухани-ақылақтық негіздері, ұлттық және жалпыадамилық құндылықтар, рухани мұрасыныңabyройын сақтап қалуға қол жеткізуі қажет. Дегенмен, ұлттық мемлекеттігіміз негіздерінде ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар негізінде қалыптастырылған азаматтық қоғамын дамыту жатады.

Жаһандану (лат. глобус — шар, жер серігі) — XX ғасырдың екінші жартысы — XXI ғасыр басында дүние өркендеуінде қалыптасқан жаңа жалпығаламдық тәртіптер, мемлекеттер және адамдар арасында өзара байланыстардың кеңеюі, дүние деңгейінде ақпарат мекені, капитал, тауар және жұмыс күші базарындағы интеграциялану, бұқаралық мәдениет үлгілерінің кең таралуы, ақпарат-идеологиялық және діни-экстремистік шабуылдар қауіптің артып баруын көрсететін үғым.



«Эсіреле, халықаралық терроризм, экстремизм, наркотрафик, діни қарама-қарсылық, зансыз миграция, адам саудасы, экологиялық проблемалар, кейбір мемлекеттерде экономикалық нашарлық, жұмыссыздық, кедейлік күшейіп бара жатқандығы бүкіл адамзатты қатты аландай-шылыққа салуда».

**Шавкат
Мирзиёев**



ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

- Жаһандану жағдайында қоғамымыз өмірінің рухани жаңалануына теріс әсерден сақтану шаралары нелерден тұрады?
- Идеологиялық қауіп әсеріне түсіп қалған адамды қалайша жат идеологиядан айыру мүмкін?
- Төмендегі пікірді оқы және өз қатынасынды білдір.

Д. Вилкерсонның пікірінше, Батыс қоғамында ақылақтық бұзықтықтың өрбіп бара жатқанына себеп кабель телевидениесі арқылы бейадамилық індеметтердің кең насиҳатталып жатқандығында. Ең қауіптісі сонда, яғни Батыс мемлекеттері өз дүниеге көзқарасы, құрылғылары мен өмір сапасын әр түрлі құралдар, әсіреле, идеологиялық әсер арқылы өзге ұлт пен халықтар тұрмысына тығыстыруға ұрынуда.

лар тарапынан өз мүдделерін идеологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету, жауыз ниетті мақсаттарды көздеп, мемлекет пен өзге мемлекет халқы, әсіресе, жастарын шатастыру, олардың санасына адамгершілікке қарсы және өнегесіз идея мен көзқарастарды сіндіруге қызмет ететін әдіс пен технологиялардан пайдаланған тәрізде түрлі шабуылдарды жүзеге асырады.

Сол үшін идеологиялық шабуылдарға сергек, қырағы болып жасау мемлекетіміз мүдделері, ұлттық дәстүр мен құндылықтарымызға жат идея мен көзқарастарының мақсат-мүдделерін терең тану мүмкіндігін береді, әсіресе, жастарымызды бұл сияқты қауіп-қатерлерден қорғау, рухани тәрбие тізімін одан әрі жетілдірүү рухани шабуылдарға қарсы күресте шешуші маңызға ие.

Рухани қауіптер дегенде тілі, діні, нанымынан тыс, әрқайсы адамның еркін болып жасаудың қарасы қаратылған, оның дәл психологиялық дүниесін ізден шығару мақсатын көзде тұтатын идеологиялық, және ақпараттық шабуылдарды түсінеміз.

Сондай-ақ, рухани қауіптер қиратқыш қүштердің өз материалды, саяси мүдделерін көздеген тәрізде әр түрлі орталықтар тарапынан бірер-бір мемлекетке ішкеріден яки тыстан тұрып тікелей жүзеге асырылатын рухани бұзушылықтың белгілі формасы. Олар өз мақсаттарына жету үшін әр түрлі әдістерден, адамдардың рухани-адамгершілік сезімдері, ұлттық сезімдері, әр түрлі қоғамда бар әлеуметтік-экономикалық, рухани проблемалардан, сондай-ақ, заманауи технология, телекоммуникация, БАҚ, Интернеттен ұсталық, қулық, анықтық болмағандықпен пайдалануға әрекет етеді

Руханиятқа қарасы қаратылған әр қайсы басқыншылық, шабуыл өз-өзінен мемлекет қауіпсіздігі, оның ұлттық мүдделері, дene тәрбиелік және мағыналық тұрғыдан салауатты ұрпақ болашағын қамтамасыз ету жолындағы байыпты қауіптердің біріне айналуы және соңында қоғамды күйреуге алып келуі мүмкін.

ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР	
ШПКІ	СЫРТҚЫ
Селкостық, занға бойсунбау-шылық, сатқындық, жер-лестік, коррупция, басқа-ларды менсінбеушілік, көре-алмастық, сатқындық, парық-сыздық, жауапсыздық және т.б.	Фундаментализм, шовинизм, фашизм, «бұқа-ралық мәдениет», жат идея мен идеологиялар, идеологиялық бостиқ, рухани және ақылақтық төмендік, ақылақтық бұзықтық пен күштеу, эго-центризм, наркобизнес, сепаратизм, нәсілшіл-дік, ұлттық-рухани құндылықтарға немқурай-дылықпен көзқарас және т.б.

Жаһандану процестері ілім, пән-техника, экономика және басқа салалармен бірқатарда, мемлекет басқаруын демократияландыру мәселесіне де үлкен әсер көрсетеді. Жаһандану процестері нәтижесінде ұлттық өздігіне қатер төндіруші мультимәдениет кіріп келді. Енділікте оның әсерінде әрбір ұлтқа тән болған белгі мен ерекшеліктер жалпы мәдениет белгілерімен араласып келуде. Ең аяныштысы, оның әсеріне жастар түсіп қалуда.

Бүгінгі күнде мемлекетімізде қоғамның рухани-ақылақтық жетілуі, азаматтар, әсіресе, жас үрпақтың рухани-ақылақтық кәмелеті мәселесіне үлкен назар аударылып, бұл бағыттағы жұмыстардың көлемін одан әрі кеңейттіруде анық мақсат пен міндеттер белгіленді. Мемлекет пен қоғамның табиғи ынтымақтастығында істеп шығарылған бұл бағыттағы бағдарламалар, шаралар нәтижесінде, алдымен, өздігін тану, тарихи және ұлттық құндылықтар, көне әдеб-ғұрып және дәстүрлерімізді тіктеу және оларды одан әрі байыту, бабаларымыз рухына құрмет және ізет көрсету, тарихи ескерткіштер мен киелі жерлердің қайта тіктелуі және ең қажеттісі, ұлттық болашақ идеясына негіз салынатындағы қатар шығармашылық жұмыстар жүзеге асырылды.

Азаматтық қоғамның дамуында жаһанданудың әсері	
<p>Жаһанданудың жақсы жағы нелерде көрінеді:</p> <p>Мемлекеттер мен халықтар арасында интеграция және ынтымақтастық байланыстары күшеюде, капитал, тауарлар еркін әрекеті үшін үлкен жеңілдіктер жаратып берілуде, заманауи коммуникация мен ақпарат технологиялары, ғылым жетістіктері жылдамдықпен таралуда, құндылықтар жалпыадамилық негізде сәйкестенуде. Сонымен бірге, өркениеттераралық мәміле жаңаша сапа көрсетуде, бұның нәтижесінде экологиялық апаттар уақытында өзара көмек көрсету мүмкіндіктері артып баруда және т.б.</p>	<p>Жаһанданудың кері жағы нелерде көрінеді:</p> <p>Адамзатты өзара қарсылықтар түнғиығына алып баратын, руханиятты кедейлентіруші, нәтижеде оны ауыр апаттарға алып баратын жаңа «құндылықтар» қалыптасуына алып келуде. Бүгінгі күнде дүниедегі әр түрлі аймақ халықтарының санасы мен көnlі түрлі идеяларды сіндіру майданына, идеологиялық полигонға айналдырып экстремизм мен фундаментализмді кең тарату барысында жүргізіліп жатқан қопарушылық әрекеттерінің күшеюіне алып келді және т.б.</p>



БІЛП ҚОЙ!

Жаһанданудың зиянды салдарына қарсы тұра алуда:

- ұлттық интеллектуалды деңгейін асыру;
- ұлттық-рухани мұраны жастар санасы және дүниеге көзқарасының ажырамас белігіне айналдыру;
- жастарға ұлттық өздігін таныту және оларда отансұйғіштік сезімін қалыптастыру;
- тарихи сана және тарихи жадыны қалыптастыру, тарихқа болған қызығуды асыру;
- жанұя абыройы, махалласына деген мейірбандығы, кітап оқу, білім және ағартушылықты насиҳаттай;
- ұлттық құндылықтарымыз бер әдет-ғұрыптарымызға құрмет пен ізетті тәрбиелеу қажет.

Сабактың нәтижесі. Қоғам дамуына кері әсер ететін, аянышты салдарға алып келетін идеологиялық шабуылдарға қарсы қоғам мүшелері, алдымен, жастарымыздың наным-сенімін нығайту, жігерін бекемдеу, оларды өз еркін пікіріне ие болған кемел адамдар етіп тәрбиелеу қажет.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШІН СҰРАҚТАР

1. Бұғінгі күнде рухани өмірімізге қауіп төндіретін қандай індептерді жаһандану әсері деп білеміз?
2. «Өз үйінді өзің сақта» деген пікірді қалай сипаттайсың?
3. Қандай қатерлер біз үшін кішкене болып көрінсе де, бірақ оның салдары үлкен болады, зиянын қаптап болмайды? Пікірінді дәлелдей бер.



ЧИСТОН-ЖҰМБАҚ

Көбінесе адамдарды қисық жолға бастайды. Ол не?



15-§

Қоғам руханиятын жетілдіруде медиа мәдениеттің әсері



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРАТЫН СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. «Интернет», «медиа мәдениет» пен «ақпарат қауіпсіздігі» ұғымдарына сипаттама жаса.
2. Әзірет Әлішер Науай бабамыздың «Agar ogohsen sen, shohsen sen», деген құнды хикметінде қандай мағына жатыр?
3. Бүгінгі күнде медиа мәдениеттің қоғам руханиятына әсерін нелерде сезу мүмкін? Суреттер арқылы пікірінді негізден бер.



леуметтік тармақтар, бұқаралық мәдениет элементтерін білу бүгінгі өзекті міндет есептеді. Біз жоғары технологиялар дәуірінде жасап жатырымыз: қалаған мәліметті, өзімізге қажетті болған әрқайсы ақпаратты іздеуде әр түрлі әлеуметтік-саяси газеттер, кітаптар мен теледидарларға қарағанда интернетті макұл көреміз. Неге солай?

Себебі интернеттегі мәліметтер тез-тез жаңалаңып тұрады және ең негізгісі, пайдалануымыз ешқандай қызындық тудырмайды.

Әзірет Әлішер Науай бабамыз ақпараттың тұлға, қоғам өмірінде тұтқан маңызын жоғары бағалап, бұдан бес ғасыр алдын «Agar ogohsen sen, shohsen sen», деген құнды қатарды жазып қалдырған.

Ақпарат технологиялары жылдам дамып бара жатқан жағдайда ақпарат қауіпсіздігі тұлға, қоғам, мемлекеттің үлттық мұдделерін қамтамасыз етуде үлкен маңыза ие.

Белгілі, әрбір ақпараттың түбінде мұdde жатады. Бірақ ақпараттан үлттық және халықаралық мұдделерге қайшы келген түрде пайдалану қылмыс есептеледі. Бүгінгі күнде ақпарат дүниенің кейбір мемлекеттері әрі халықаралық террорлық ұйымдары қолында негізгі және қорқынышты қару құралына айналып баруда. Мұның негізгі себебі — ақпараттың адамдар назарына ең қолайлы, ең шапшаң және ең тиімді жетіп баруында.

Қоғамымыз өмірінің айтарлық барша салаларын, соның қатарында білім саласындағы дамуын интернет, телевидение, радио мен бұқаралық баспаларының көз алдына елестете алмаймыз.

Дүниеде болып жатқан түрлі оқигалар және руханияттың қайшы болған мәліметтер ақпарат-коммуникация технологиялары, интернет пен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кіріп келуде. Кейбір жастар бұл мәліметтерге өздері білмеген тәрізде сенуде, ал бұл олардың санасына кері әсер көрсетуде.

Жастарымыздың медиа-сауаттылығын асыруда бұқаралық-ақпарат құралдарының ролі үлкен. Олар арқылы әр түрлі хабарлар ұйымдастырып бару, дүниеде болып жатқан әлеуметтік-саяси өзгерістер туралы пікірлерін үйрену, талқылау жастарды дұрыс бағыттап барудың ең тиімді жолы.

Мұнда жастар интернет тізімдерінен пайдаланғанда, өзіміздің ресми (фильтрден өткен) және сенімді сайттардың издан көбірек пайдаланулары мақсатқа сай болады.

Әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени және экологиялық салаларда шынайы өзгерістер процесі, әсіресе, ақпарат технологиялары саласындағы кескін даму ақпарат ресурстарының дамуына алып келді. Ал бұл пайдаланушылардан ақпараттан өнімді пайдалануды талап етеді.



БІЛІП КОЙ

Адамзаттың жадысы телефон арқылы 10 пайыз мәлімет қабылдайды. Ал видео арқылы 60 пайыз мәліметті сіндірер екен.

Медиабазарда дайындаушы, ақпарат (өнім) жеткізіп беретін және пайдаланушы қатысады. Дайындаушы бұл идея авторы материалдарды топтастырады, талқылайды, медиамәтінді дайындауды, ұзатады; өнім (ақпарат) — мәтін, белгі, сурет пен рәміздерде көрсетілген мәлімет; жеткізуши (канал) — ақпаратты жіберу құралы (медиа); пайдаланушы — ақпаратты алатын, үйренетін, талқылайтын тұлға.

«Бүгін заман қарқынмен өзгереуде. Өмір баршамыздан нақты әрекеттерді, белсенді бастамаларды, барша салада шыныайы және әділ қатынасты талап етуде. Көпті көрген, сабырлы, еңбеккөр және мәртебелі халқымыз жүзеге асырып жатқан сондай қажетті өзгерістердің нәтижесін күттеде».

**Шавкат
Мирзиев**



БІЛІП КОЙ

Бөгде компьютерде электрон почта яки басқа қызметтерден пайдаланғанында, бұл қызметтерден шығуды ұмытпа. Онда, бөгделер сенің құпиялы мәліметтеріңнен пайдалануы, тапсырыстар яки талапнаме жолдауы мүмкін.

Интернет веб-парападарында түрлі мәліметтер орналастырылады. Бұл құжаттар, кесте, диаграммалар, сурет, аудио, видеолар, кітап пен журналдар, құжатты әрі көркем фильмдер және басқалар.

Қазірде жақсы характердегі ақпаратпен бір қатарда жағымсыз ақпаратты адам, әсіресе, жастар санасына сіндірудің әдіс пен құралдары дәл интернет құралында жүзеге асырыла басталды.

Интернет пайда болуымен оның қоғам әдебіне әсер етуші белгілі бір ерекшеліктері жөнінде түрлі талқылаулар болып өткен. Бұларға жаһандану, яғни түрлі мәдени жағдайда жасайтын және түрлі тәрбиеге ие адамдардың байланыста болуы нәтижесінде ұлттық құндылықтардың қадірсізденуіне алып келуі пайда бола бастады. Сондай-ақ, ақпараттың нажағай жылдамдығында таралуы өз кезегінде шыныайы ақпаратты өтірігінен ажыратада алмаушылыққа, түрлі жағымсыз мазмұндағы мәліметтердің жоғалуына, агрессив, зорлыққа үндеуші сайттардың пайда болуына алып келді.

Дегенмен, руханиятты-мәдениетті адам ешқашан сайт, электрон почта, әлеуметтік тармақтар мен блогтар арқылы балағат, тікелей адам жан-дүниесіне кері әсер ететін сөздерді жазбайды. Чат пен форумдар арқылы қатынастарда сөз әдебі шенберінен шықпайды.

Солай екен, интернеттен пайдаланғанда нелерге на-зар аудару керек:

- ➔ тыныштыққа қауіп төндіретін, бұзғындық характеріне ие болған, басқа пайдаланушылар және үшінші тұлғалардың жеке өміріне тиісті болатын әрқайсы ақпаратты жүктеу, сактау, бастыру, таралту және басқа жайттарда пайдалану;
- ➔ кәмелетке жетпегендердің құқықтарын бұзу;
- ➔ жануарларды қинау және зорлық-зомбылық көрсетілген, соған үндеуші суреттерді жүктеу;

- нәсілдік, діни, этникалық дүшпандықты насихаттайтын идеяны көрсету;
- қылмыстық қызметін насиқаттау үшін нұсқаулар беру;
- шектелген ақпаратты орналастыру;
- наркотикалық заттарын тарату жолдары, оларды дайындау әдістері туралы ақпаратты орналастыру;
- алдушылық харakterіне ие болған мәтіндерді орналастыру.

Медиа мәдениет бұқаралық ақпарат құралдары (алдымен, телевидение, кейін баспа, радио, интернет) әсерінде қалыптасқан мәдениет. Ол адамның ақпаратқа болған қажеттілігін қамтамасыз етеді, адамдардың қызығуларын басқарады, өзіне мейірбандық көрсету арқылы тартады, әсерленудің түрлі көріністерін, әдіс пен құралдарын іске асырады.

Бүгін жастардың сана-сезімін медиа мәдениет басқаратын болды. Бір ғана мысал: қазір керек пе жоқ па, істету үшін қажеті бар ма, жоқ па, бұдан тыс, әрбір жас үрпактың қолында заманауи мобиЛЬ телефоны болуын қалайды. Қажет пе, жоқ па, кімдермен де тынбай сөйлесуі, жазысуы, ақпарат алмасуы қажет. Заман адамдарды санасты мен көңілін иелеу үшін кескін куреске кірген екен, мұнда медиа мәдениет негізгі орын ұстаяу табиғи.



ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Интернетте электрон почта яки сайттағы форумдар арқылы пайдаланушылармен қатаинаста болғанында нелерге назар аударасың?
2. «Алдыннан ризашылдық білдіремін», «құрметпен», «бізге сенім білдіргенің үшін ризамыз», «сенің пікірің біз үшін қажетті», «бізбенен мәміле үшін уақыт ажыратқаныңды қадірлейміз» сияқты қарапайым қатарлардың медиа сауаттылыққа қандай байланысы бар?
3. Мемлекетіміздің Бірінші Президенті Ислам Каримовтың төмендегі пікірлеріне назар аудар: «Дүниедегі зорлықшыл және басқыншы күштер қайсы бір халық яки мемлекетті өзіне бағындырып, бойсұндырмақшы, оның байлықтарын иелемек болса, алдымен, оны қарусыздандыруға, яғни ең ұлы байлығы болған ұлттық құндылықтары, тарихы мен руханиятынан айыруға талпынады». Медиа сауаттылыққа ие болмаған адамдардың болашағы туралы жоғарыдағы пікірмен байланыстырып түсіндір.

Медиа мәдениет қоғамымызға өсімдікке жабысқан шырмауық сияқты жабысты. Одан бөгде болудың еш лажы жоқ. Енді жастардың медиа мәдениетке кіріп келуі және оған байлануы процесін өнімді басқаруды талап етуде.

Медиа мәдениет үғымы «бұқаралық мәдениет» үғымынан айырмаланады. Медиа мәдениет — жаһандану процесінің жиынтығы. Соның үшін, дәл жаһанданудың өзі сияқты, оның шығармашылық жағы да, жағымсыз жағы да бар. Жақсы тараپтарын қабылдап, дамытып, жағымсыз жағынан сақ болуымыз, өзімізді оның аянышты салдарынан сақтауымыз қажет.

Әр түрлі ақпараттарды іздел табу мен оған иелік ету мүмкіндіктері кеңейіп бара жатқан қазіргі дәүірде оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, оларды түрлі ағымдардан қорғау, интернет тармагы арқылы кіріп келе жатқан әр түрлі ақпарат шабуылдарынан қырағы ету бүгінгі күннің негізгі міндетіне айналып үлгерді.

Сабактың нәтижесі. Бүгінгі жаһандану дәүірі жас үрпақтан әлеуметтік белсенділікті талап етумен бірқатарда, жастардың рухани-ақылақтық кәмелетін әр кездегіден де өзекті дәрежеге көтеруде. Дегенмен, медиа мәдениетке ие болып бару рухани құндылықтар мен мораль нормаларын менгеру негізінде адамдардың бір-біріне, жануясына, тобына, Отанына және бүкіл адамзат тағдырына адамгершілік қатынастарын көрсетеді және қоғам дамуына тиімді әсерін көрсетеді.



ТАҚЫРЫПТЫ ПЫСЫҚТАУ ҮШІН СҰРАҚТАР

1. Бүгінгі күнде барған сайын жаппай таралып бара жатқан медиа мәдениетті ақылақтық мөлшерлерге қандай байланысы бар?
2. Жастардың сана-ойлауын медиа мәдениет арқылы басқарудың лажы бар ма? Пікірінді дәлелдеп бер.
3. «Ақпарат кімнің қолында болса, сол дүниені басқарады», деген пікірді қалай сипаттайсың?



ЧИСТОН-ЖҰМБАҚ

Адаммен бірге барша уақыт, Бірақ пайдасы тимес ешбір уақыт. Олар нелер?

Қорытындылау сабагы

Күрметті окушы!

Сен өткен екі жыл барысында өздігін тану, уақыттың, жанұяның, Отаның қадіріне жетуді, басқаларға адамзаттық және мәртебелі қатынаста болу керек екендігін әрі мейір мен адамгершілік жасау қажеттігін «Руханият неғіздері» оқулығы арқылы біліп алдың. Руханият — бұл жай ғана теориялық ұғымдар жиынтығы ғана емес. Ол ұлттың күш-құдіреті, құндылықтар негізі, ізгі-мақсаттарының жиынтығы. Руханият — адамның моралі мен әдебі, білімі, дарыны, тәжірибесі, ар-ожданы, нағымы, дүниеге көзқарасы, қоғам дамуына шығармашылық әсер ететін өзара сәйкес бір тізім екендігін оқулықтағы тақырыптарды менгеру барысында танып білдің.

Руханиятқа бүгінгі жаһандану және модернизациялану процестерінде ұлтты, халықты, қажет болса, адамзатты сақтау және дүниенің тұрақтылығы әрі жасампаздығының мөлшері ретінде қаралуда. Сондай-ақ, руханият аяулы Өзбекстанымыздың дамуы, онда қамелетке жетіп жатқан, ешкімнен ешқашан кем болмаған жас ұрпақтың дene тәрбиелік тұрғыдан мықты, ақыл тұрғысынан аяулы кемел болып жетілуінде де өте қажетті рухани азық болып қызмет етеді.

Оқулықтағы тақырыптардың шеңберінде Сен қадірлі окушы қандай қоғамда өмір сүріп жатқандығың және бұл қоғам жоғары рухани мөлшерлерге жауап беретін адамдар қоғами екендігі, онда заң үстем, адамның мұдделері мен құндылықтарына жеке назар аударылуы іс-жүзіндік өмірде, әсіресе жастардың тұрмыс салтында болып жатқандығын бақылап бардың. Адамгершілік құндылықтарды және белсенді азаматты тәрбиелеуге қызмет ететін қажетті тақырыптар оқулықты мазмұнды байытып бергені Сенің рухани-ақылақтық сапаларыңа әсер еткен болса, ғажап емес.

Қадірлі окушы! Оқулықтан орын алған әдебиет және ағартумен тойдырылған ойлау зерделері Сені дұрыс жолға, дұрыс мақсат пен сенімді қалыптастыруға үндейді. Мұның үшін бүгінгі күн жастары еркін және өздігінен пікір жүргізетін, нағым-сенімді, ақыл-парасатты, жігері берік, білімді, дана болуы, өз жұртының тарихы, ұлттық құндылықтары әрі ұлы бабалары қалдырғанғылыми әрі рухани мұраны санасы, көнілінде сақтауы керек. Сондай-ақ, бұл

окулық Сен үшін дайын ұғым және пікірлер жиындысы болып қана қалмастан, бәлкім өмірден арқада қалмау үшін Сені кең қадағалауға, ізгілікке шарлауы тұрған сөз. Сен бұдан да артық ілім иелеп баруың үшін өз үстінде тынымсыз істеп, жоғары мәрелерді көздеуіңе сенеміз.

Бұл окулық арқылы алған білімің болашақ жарқын өмір жолында саған әділ көмек береді, әрі сәттіліктер алып келеді, деген үміттеміз. Болашақта, әлбетте, руханияты жоғары, ақыл тұрғысынан жетік, ана-Отанға сенімді, на-ным-сенімді, берік жігерлі адам болып жетілуіңе тілекtesпіз.

Қадірлі окушы! Осы орайда айтып өту қажет, ізгі мақсатқа жету, бақыт-сәттілікке жету өз-өзінен болатын процесс емес. Мұның үшін тынымсыз еңбек, күш-қайрат, қажымас жігер болумен бірге, берік жағдай, яғни елде тәуелсіздік, жасампаздық, тыныштық, бейбіттік үстем болуы қажет. Дегенмен, сүйікті ақынымыз Еркін Вахидов өз өлеңінде айтқанындей:

*Еркіндік – ар-ождан, намыс,
Қадірін елге мәңгі ниет.
Еркіндіктің өзі дайын бақыт емес,
Бақыт үшін ең ұлы мүмкіндік.*

Ғалымның жарқын өмір деп аталатын бақыт жұлдызы жолынды әрдайым жарқыратып тұрсын!

Чистон-жұмбактардың жауаптары

10-СЫНЫП ҮШІН

- 1-§. Әдемі құлықты, білімді перзент.
- 2-§. Жеке үлгіге негізделген тәрбие, айтқанынан аумастан мән беру...
- 3-§. Ата-ананың насихатына құлақ аспайтын перзент.
- 4-§. Ізгі жұмыстар яки жауыз амалдардың нәтижесі.
- 5-§. Адамзат.
- 6-§. Кітап.
- 7-§. Пайдалы білім, өнер.
- 8-§. Борыш жауапкершілігі, сенім жүргі, өкінішті жағдайы.
- 9-§. Надан, жарамсыз біреу.
- 10-§. Берік сенім және тұрақты жігер.
- 11-§. Тәрбие, білім алуды қала-маған жасөспірім.
- 12-§. Ұстаз-тәрбиеші.
- 13-§. Әдемі мінез-құлыққа негіз-делген жақсы тәрбие.
- 14-§. Ұятсыз адам.
- 15-§. Мінез-құлық.

11-СЫНЫП ҮШІН

- 1-§. Кітаптарды шкафқа теріп қойған, бірақ біреуін де оқымаған адам.
- 2-§. Ақылды адамдар.
- 3-§. Ана-Отанға махаббат сезімі, қабілетті перзент тәрбиесі жауапкершілігі, өмірді сәйкес жасап өту жолындағы әрекет.
- 4-§. Әдемі тәрбие.
- 5-§. Ар-ождан әмірі, көңіл дауысы.
- 6-§. Әдемі әдеп, аққөңілділік.
- 7-§. Тілазар перзент.
- 8-§. Көре алмаушылық.
- 9-§. Таஸбуыр адам.
- 10-§. Ақыл, білім, байлық.
- 11-§. Руханият, мәдениет, әдебиет пен өнер.
- 12-§. Табигат апаттары.
- 13-§. Арман-ұміттер.
- 14-§. Нәпіс бәлесі.
- 15-§. Сөзде тұрмау, істе немқұрай-дылық, қасиетті құндылықтарды менсінбеушілік.

Мазмұны

Кіріспе	3
1-§ Руханият— шексіз күш	5
2-§ Адам руханияты және өздігін тану	10
3-§ Жанұя руханияты.....	14
4-§ Қоғам руханиятының қалыпта- суында махалланың орны	19
5-§ Адам және қоғам	23
6-§ Азаматтық қоғамында адам ой- лауы	27
7-§ Материалды және рухани өмір адамзат зейнеті.....	31
8-§ Азаматтық жауапкершілігі мен қатыстырық	35
9-§ Рухани қауіпсіздік	40
10-§ Берік жігер — күшті руханият кеңілі	45
11-§ Руханият кәмелетке жетелейді	50
12-§ Адамзат руханиятында ағарту- дың орны.....	54
13-§ Әсемдік (эстетика) және руханият.....	58
14-§ Адамзат руханиятын қалыпта- стыруды имидждің орны	62
15-§ Адамзат руханиятында этикет- тің орны	67
10-сыныпты аяқтаймыз!	70

11-сынып

1-§ Адамзат — кісілік қоғамының жаратушысы	72
2-§ Руханият — ұлттың келбеті.....	76
3-§ Рухани кемелдік	81
4-§ Өзбекстан дамуының рухани- адамгершілік негіздері	85
5-§ Ұлттық дәстүрлердің адам ру- ханияты жетілуіне әсері.....	89
6-§ Рухани мұраның адам рухания- тына әсері	92
7-§ Жанұя — қасиетті қорған	96
8-§ Рухани құндылықтар дамуында ұлтаралық татулық қатынастары	101
9-§ Сөйлеу және өзара қатынастар- да руханияттың орны	106
10-§ Ақылды және рухани денгейдің қоғам рухани жаңа- руындағы орны	109
11-§ Әдебиет — халық көңілінің рухани шешімі	114
12-§ Экологиялық мәдениет және руханияттың сәйкестігі.....	119
13-§ Жастар қызметінде жоғары руханиятты қалыптастыру	124
14-§ Жаһандану жағдайында ұлттық руханиятқа қарсы қауіппер.....	129
15-§ Қоғам руханиятын жетілдіру- де медиа мәдениеттің әсері	134
Қорытындылау сабабы.....	139
Чистон-жұмбақтардың жауаптары ..	141

O'quv nashri

**VAHOB QO'CHQOROV,
OBIDDIN MAHMUDOV,
ZOKIRJON ZAMONOV**

«MA'NAVIYAT ASOSLARI»

O'rta ta'lif muassasalarining 10-11-sinflari uchun darslik

(Qozoq tilida)

Birinchi nashr

Toshkent – «Yangiyo'l poligraf servis» – 2017

Баспа лицензиясы АI №185, 10.05.2011 ж.

Аудармашы – Д. Бектаева

Редактор — Ш. Бектаев

Техникалық редактор – М. Рықсиев

Беттеуші және көркем әшекейлеуші — Ж. Азимов

Оригинал макеттен басуға рұқсат етілід 23.08.2017.

Пішімі 70x90 1/16. «Times New Roman» гарнитурасы. Офсеттік қағазы.

Офсеттік баспа әдісте басылды.

Баспа табағы 9,0. Ш. б. т. 10,53.

Нұсқасы .

Тапсырыс № .

«Sharq» баспа-полиграфия акционерлік компаниясы баспаханасы,
100000, Ташкент қаласы, Буюк Туран көшесі, 41-үй.

Жалға берілген оқулықтың жағдайы көрсететін кесте

P/c	Оқушының аты-жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Оқулық жалға беріліп, оқу жылының соңында қайтарып алынғанда жоғарыдағы кесте сынып жетекшісі тарапынан тәмендегідей бағалау мөлшерлеріне негізделіп толтырылады:

Жаңа	Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгенде жағдайы.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барша парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттерінде жазу және сыйықтар жоқ.
Орташа	Мұқаба езілген, әжептәуір сыйылып, шеттері жыртылған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралу жағдайы бар, пайдалануышы тарапынан өнделген, кейбір беттеріне сыйылған.
Нашар	Мұқабаға сыйылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған яки мүлдем жоқ, нашар жөнделген, өнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сыйып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтірүге жарамайды.